

**Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті  
Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет**

**Жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттердің  
ғылыми еңбектерінің халықаралық жинағы**

**Международный сборник трудов молодых ученых, докторантов,  
магистрантов и студентов**

**International collection of works of young scientists, doctoral students,  
master's and bachelor's degree students**



**Семей, 2018**

**УДК 378**  
**ББК 74.58**  
**Ж 33**

**Под общей редакцией Курманбаевой Ш.А.**  
**Выпускающий редактор Каражанов М.Д.**

**Ж 33**

Международный сборник трудов молодых ученых, докторантов, магистрантов и студентов / под науч. ред. Ш.А. Курманбаевой. – №5. – Семей: КазГЮИУ, 2018. – 122 с.

Жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттердің ғылыми еңбектері жинағы / Ш.А. Құрманбаева ғыл. ред. негізінде – №5. – Семей: ҚазИГЗУ, 2018. – 122 бет.

International collection of works of young scientists, doctoral students, master's and bachelor's degree students / under scientific. Ed. Sh.A. Kurmanbayeva. - №5. – Semey: KazHJIU, 2018. – 122 p.

**ISBN 978-601-80642-8-9**

В международном сборнике представлены научные статьи молодых ученых, докторантов, магистрантов и студентов высших учебных заведений и колледжей Республики Казахстан и стран ближнего зарубежья. Сборник содержит наиболее актуальные труды по актуальным вопросам инновационной науки. Сборник будет интересен широкому кругу читателей занимающихся научной деятельностью, особенно молодым ученым, докторантам, магистрантам и студентам.

Халықаралық жинақта Қазақстан Республикасы мен жақын шет елдердің жоғары оқу орындары мен колледждерінің жас ғалымдары, докторанттары, магистранттары және студенттерінің мақалалары ұсынылады. Жинақ инновациялық ғылымның өзекті мәселелері бойынша аса өзекті еңбектерді қамтыған. Жинақ ғылым қызметімен айналысқан кең көлемді оқырмандарға қызықты болады, әсіресе жас ғалымдарға, докторанттарға, магистранттарға және студенттерге қызықты.

The international collection contains scientific articles of young scientists, doctoral students, undergraduates and students of higher educational institutions and colleges of the Republic of Kazakhstan and the countries of the near abroad. The collection contains the most relevant works on topical issues of innovative science. The collection will be of interest to a wide range of readers engaged in scientific work, especially young scientists, doctoral students, undergraduates and students.

**УДК 378**  
**ББК 74.58**

**ISBN 978-601-80642-8-9**

**© Казахский гуманитарно-юридический  
инновационный университет, 2018**

## СОДЕРЖАНИЕ

### ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ

1. Мінсізбаев Е.Ж. Қоғамның саяси жүйесі қызметі .....	5
2. Мінсізбаев Е.Ж. Тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесі: сапалық өзгерістер .....	9
3. Сейітбеков Ж.Қ., Смоилов С.Ж. Правовое обеспечение деятельности правоохранительных органов .....	16
4. Советов А.Б. Зарубежный опыт противодействия коррупционным правонарушениям.....	20
5. Адикызы А. Құқық шығарушылық техникасының заңдарды жүйелеуде алатын орны .....	24
6. Бақытжанова Д.Н. Құқықтық мемлекеттің басты негізі – азаматтық қоғам.....	29
7. Даукенова А. Б. Құқықтық тәрбие –қоғам талабы .....	33
8. Жандос Т.Ж. Заңдылықты және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету кепілдіктері.....	36
9. Жумағалиева А.Н. Құқықтың мәні және оның қоғам мен мемлекет өміріндегі ролі.....	40
10. Исибаева Е.И., Төлеген Б. Құқықбұзушылық және оны тыйым салу әрекеттері.....	43
11. Исибаева Е.И., Танжарбаева А.А. Заңдылық пен құқықтық тәртіп арақатынасы.....	47
12. Келсингазин Р.Е. Правовые аспекты развития лизинга в РК.....	50
13. Нурғали А.М. Заң алдындағы жауаптылық.....	53
14. Сайын Л.М. Құқықтық нигилизм және оны алдын-алудың бағыттары .....	55
15. Сәрсенбай А.Б. Құқықтың қоғамдық қатынастарға ықпал етуінің реттеушілік мазмұны.....	57

### ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

1. Джолдасбаева Г.К., Абжалелова Ш.Р., Утекова Л.А. Проблемы и перспективы внедрения инноваций на страховом рынке и в деятельность страховых организаций.....	62
2. Аманбаева А.А., Дәулетқызы С. Теоретические аспекты развития малого и среднего бизнеса в современных условиях.....	65
3. Әбішев Т. А., Тахтаева Р.Ш. Регулирование занятости населения в Казахстане .....	68
4. Дәулет А.Р., Кернебаев А.С. Экономиканың сараптамалық білім беру бағдарламаларын жүргізу негізінде цифровизациялау.....	71
5. Жумағалиев Б.А., Абдиева С.Р. Аумақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдаудағы маңғыстау облысының макроэкономикалық көрсеткіштері.....	76

### ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

1. Болатханов Е., Тлебалдина Н.Қ. Тәуелсіздік жылдарындағы проза .....	80
2. Қыдырбекова Б., Тлебалдина Н.Қ. Қазақ прозасындағы психологизмнің дамуы .....	82
3. Хасенова Ш.Ж. Дьяволида в романе М.А.Булгакова «Мастер и Маргарита».....	84

### ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

1. Жалмагамбетова К.К. Студенттердің ғылыми-зерттеу мәдениетін эксперименталды зерттеу.....	87
2. Аубакирова А.А., Фатқуллина А.Б., Саденова А.Ж., Жамұлдинов В.Н. Об общественном контроле за системой образования В Казахстане .....	90

### ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

1. Ахметова Д.М. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мәдени үрдістер.....	93
2. Бекболатқызы Ж. Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру барысындағы зорлық-зомбылықтар .....	96

### ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

1. Кыпшакбаев А. М. Рапсовый стол .....	102
2. Мұратжан А.М. Adobe Flash Бағдарламасында action script-пен жұмыс жасау ерекшеліктері .....	103

## ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

1. **Ерғалиева А. А.** Limonium (кермек) туысының түрлерін in vitro әдісімен көбейту.....105
2. **Камзина А.К.** Некоторые аспекты технологических оборудований по производству мясных продуктов .....107
3. **Сайлаубаева М. Е., Еркінқызы Е., Токенқызы А., Силыбаева Б. М.** Су өсімдіктерінің түрлері және биологиялық ерекшеліктері .....111
4. **Тыныбекова Ж.С.** Использование биотехнологических процессов в промышленности .....114
5. **Жандонгарова Н.О., Орынбасар Р.О.** Адсорбционная очистка нефтепродуктов .....119

**ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТІ**

*Бұл мақалада қоғамның саяси жүйесінің негізгі қызметтері қарастырылған. Қоғамның саяси жүйесі қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін, әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар, мемлекеттер арасындағы саяси өзара қатынастарды реттейтін ұйымдар мен мекемелердің жиынтығы болып табылады.*

**Түйін сөздер:** *қоғамның саяси жүйесі, мемлекет, мекеме, ұйым, партия, билік, қызмет.*

*В этой статье рассматриваются основные функции политической системы. Политическая система обеспечивает стабильность и порядок в обществе, является совокупностью учреждений и организаций, регулирующих взаимоотношения социальных групп, классов, наций и государства*

**Ключевые слова:** *политическая система общества, государства, учреждения, организации, партии, власть, функция.*

*The basic functions of the political system are examined in this article. The political system provides stability and order in society, is totality of establishments and organizations, regulative the mutual relations of task forces, classes, nations and state*

**Keywords:** *political system of society, state, establishment, organization, party, power, function.*

Қоғамда бар саяси институттардың жиынтығы оның саяси жүйесінің маңызды буынын құрайды, бірақ бұл жүйе осы институттармен ғана шектеліп қоймайды. Саяси функцияларды тек «таза саяси» мекемелер мен ұйымдар ғана атқармайды. Оларды көптеген қоғамдық ұйымдар, соның ішінде кәсіподақ, жастар, ардагерлер және т.б. ұйымдар, сондай-ақ жазушыларды, суретшілерді, сазгерлерді, кинематографистерді, журналистерді және сол сияқтыларды біріктіретін ұйымдар да атқарады. Бұл ұйымдардың әрқайсысы қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік топтардың және жіктердің мүдделерін білдіреді әрі қорғайды. Осымен байланысты олар да қоғамдағы саяси жүйенің белгілі бір буынын құрайды.

Сайып келгенде, қоғамның саяси жүйесі мекемелер мен ұйымдардың жиынтығы болып табылады. Өйткені олардың қызметі саяси сипат алған, яғни олардың қызметі белгілі бір таптардың, басқа да әлеуметтік топтардың, сондай-ақ ұлттық қауымдастықтардың саяси мүдделерін іс жүзіне асыруға бағытталған. Бұл мекемелер мен ұйымдар азды-көпті біртұтас саяси жүйе құрып, өзара байланысқан және өзара әрекет етеді. Аталмыш жүйенің негізгі функцияларына әлеуметтік топтардың және ұлттық қауымдастықтардың арасындағы, сондай-ақ мемлекеттер арасындағы кең көлемдегі саяси қатынастардың жиынтығын реттеу жатады. Осы қатынастардың шеңберінде барлық әлеуметтік субъектілердің қызметі, олардың өз саяси мүдделері үшін күресі, саяси қарсыластығы мен ынтымақтастығы іске асады. Қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементтеріне мыналар жатады:

- мемлекет органдары, оның заң шығарушы және атқарушы бөліктері;
- әскер;
- құқық қорғау органдары, ен алдымен сот, прокуратура, полиция;
- мемлекеттік арбитраж;
- саяси партиялар;
- саяси қозғалыстар;
- қоғамдық ұйымдар (кәсіподақтар, жастар, шығармашылық, т.б. сол сияқты ұйымдар).

Бұлардың қызметі белгілі бір әлеуметтік топтардың саяси мүдделерін жүзеге асырумен байланысты болады. Сондықтан белгілі дәрежеде саяси сипатқа ие болады. Қоғамның саяси жүйесінің бүкіл осы элементтері экономикалық қатынастардың негізінде пайда болып, өмір сүретін қоғамның әлеуметтік - таптық құрылымын тікелей немесе жанама көрсетеді. Қоғамның саяси жүйесі өзіне тән әлеуметтік-экономикалық және идеологиялық қатынастардың бүкіл жиынтығының ықпалымен дамиды және ол аталған қатынастарға елеулі әсер етеді. Бұл ықпал күші осы саяси жүйені жетілдіруге байланысты, сондай-ақ қоғам өмірінің өзге де жақтары оның қалыптастырған өзара әрекет механизміне де тәуелді. Әлбетте, бұл өзара әрекеттер көбіне-көп объективті факторлармен, ен алдымен қоғам дамуының объективті заңдарымен анықталады. Бірақ бұл жерде субъективті фактор да біршама рөл атқарады, соның ішінде саяси және мемлекет қайраткерлерінің қоғам дамуындағы объективтік жағдайлардың

маңызын, әр түрлі әлеуметтік күштердің шынайы мүдделерін түсінуі мен санасу іскерлігін айтуға болады және бұдан саяси жүйенің өмір сүруі мен дамуы, оның қоғам өмірінің барлық жақтарына әсер ету тиімділігін арттыру проблемаларын шешу келіп шығады.

Мемлекет — қоғамдық саяси жүйенің негізгі элементі. Бұл кездейсоқ емес, өйткені саяси қатынастардағы ең басты мәселе билік туралы мәселе, ал ол ең алдымен мемлекеттік мәселе. Осы биліктің тетіктерін қолдана отырып, мемлекеттік органдар қоғамның саяси жүйесінің бүкіл басқа да буындарына шешуші ықпал жасайды. Мемлекет ең алдымен заң шығарушы, атқарушы және сот аппараты ретінде көрінеді. Ал олардың биліктері қоғамда үстемдік етуші әлеуметтік - таптық күштердің қолында болады. Мемлекеттік аппарат билігінің көмегімен осы күштер қоғамда өздерінің саяси үстемдігін орнықтырады және өз ырқына тек қана саяси салада ғана емес, әлеуметтік - экономикалық, рухани-адамгершілік, басқа қоғамдық қатынастарда да жүзеге асырады. Қоғамның таптарға бөлінуінің нәтижесінде мемлекет пайда болды. Бұл ережені әр түрлі бағыттағы бүгінгі әлеуметтанушылар мойындап отыр. Қоғамның мемлекеттік ұйымдары бастапқыда қоғамның алғашқы мемлекеттік емес ұйымдарынан біраз мәнді белгілері бойынша ерекшеленді. Олардың негізгілері:

— биліктің пайда болуы, ол езін бүкіл қоғаммен теңестірмеді, яғни бір адам басқа адамдарға билік етті;

— халықтың аумақтық бөлінуі, бұдан кейін қандастық байланыстар есептелмеді;

— сенімді еңбекпен айналыспайтын, басқаруды кәсіпке айналдырған адам топтары қалыптасты, яғни мемлекеттік аппарат пайда болды;

— әр түрлі салықтар шықты.

Билеуші әлеуметтік күштер әрдайым мемлекетті барлық азаматтардың мүдделерін қорғайтын орган есебінде көрсетуге тырысты және оны бүкіл қоғамның тұрақтылығын сақтайтын факторы ретінде дәріптеп бақты. Бұл белгілі деңгейге дейін шындыққа сай келеді, дәлірек айтқанда, бұл күштердің мүдделері өзге таптар мен халық жіктерінің мүдделерімен сәйкес келгенге дейін. Егер де олардың мүдделері қайшы келсе, онда билеуші күштер ең алдымен өз мүдделерін қоғамның бүкіл қалған мүшелеріне таңып, іске асыруға тырысады. Ол үшін билеуші күштер өз мүдделерін сөл елдің бүкіл халқының, бүкіл ұлттың немесе көп ұлтты қоғамның мүддесі етіп көрсетеді. Сөз жоқ, бұл билеуші күштер өз билігін басқа саяси күштермен ымыраға келу жолымен де орнатуы мүмкін. Мемлекеттің мәні мен негізгі қызметі оның функцияларынан байқалады. Бұл функцияларға мыналар жатады:

— қоғамда қайсыбір әлеуметтік - таптық күштердің үстемдігін қамтамасыз ету;

— сыртқы жаулардан елді қорғау;

— елдің экономикасының дамуына қандай да болсын ықпал жасау;

— рухани мәдениет пен идеологияны дамыту;

— өзге елдермен сыртқы (елшілік, сауда, өнер, т.б.) байланыстар орнату. Аталмыш функциялардан басқа да мемлекеттің атқаратын міндеттері

бар. Мемлекет ұлттық интеграцияның маңызды құралы ретінде көрінетіндіктен ұлтты қалыптастыру және ұлттық қатынастарды реттеуші функциясын, сонымен қатар қоғам өміріндегі әлеуметтік саланың және халықты әлеуметтік қорғаудың көптеген проблемаларын шешуге байланысты әлеуметтік функция да атқарады. Әлбетте, мемлекеттің осы функцияларын тек қана таптық тұрғыдан түсіндіру дұрыс болмас еді. Мемлекеттің көптеген әрекеті бүкіл халықтың немесе қоғам мүшелерінің басым көпшілігінің мүддесі үшін жасалады. Бұл ең алдымен елді қорғау, мемлекеттік деңгейде экологиялық проблемаларды шешу, ұлттық салт-дәстүрлерді және мәдениетті дамыту, т.с.с қатысты болып отыр. Сонымен бірге оның әрбір функциясының шеңберінде мемлекеттің таптық және жалпы әлеуметтік мәселелерінің өзара араласуы орын алады. Мемлекеттің құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік, социалистік тарихи типтерін ерекше бөліп айтуға болады. Мұндай бөлуге қоғамның сипаты негіз болды, соның шеңберінде мемлекет қызмет атқарады. Мемлекеттің әрбір типі өзіне сай мемлекеттік басқару формалары арқылы көрінеді. Ал мемлекетті басқару формалары мемлекеттік билікті жүзеге асырудың ерекше тәсілі болып саналады. Айталық, мемлекеттің құл иеленушілік типі деспоттық шығыстық монархия, аристократия және демократиялық республика формасында; феодалдық — сословиелік - өкілдік және шексіз монархия формасында; капиталистік - парламенттік және президенттік республика немесе конституциялық монархия формасында; мемлекеттің социалистік типі - социалистік республика формасында керінді.

Мемлекеттің формалары қандай да болсын қоғам дамуының тарихи жағдайларымен, ұлттық салт-дәстүрмен анықталады, сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік, таптық күштердің арасалмағы, қайсыбір партиялардың рөлі, тіптен жетекші мемлекет қайраткерлерінің рөлі сияқты факторлармен де айқындалады. Қазіргі кезде көпшілік азаматтардың мүддесіне сай, қоғамда жүріп жатқан процестерге мемлекеттік билік органдарының ықпал ету тиімділігін арттыруға бағытталған қызметін жетілдіру туралы мәселе аса өткір қойылып жүр. Ол үшін сол билік органдарының біліктілігі мен кәсіби деңгейін арттыру, басшылық стилін жетілдіру және қоғамды басқару ісінің барлық деңгейінде бюрократиялық әдістерді қолдануды шектеу талап етіледі. Ең бастысы бүкіл мемлекет органдары қызметінде шынайы демократизмді дамыту болып табылады. Сонда ғана олар елдің ең үлкен жіктерінің мүддесін іс жүзінде қорғай алатын болады. Заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерінің өзара әрекеттерін жетілдіру қажет, сонымен қатар бұдан басқа қоғамда төртінші билік деп айтылып жүрген бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын демократияландыру деңгейін арттыру керек, сонымен бірге азаматтардың өмірін, ар-ожданы мен абыройын, олардың мүліктік және саяси құқын қорғауға арналған құқық қорғау органдарының жұмысын жақсартқан жөн, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың өзге де буындарының жұмысын дұрыс жолға қою қажет.

Бүгінде Қазақстанда бірнеше саяси партиялар мен қозғалыстар қалыптасты. Бұл саяси плюрализмнің әлеуметтік - экономикалық базасын дамытуға негізделген, көп укладты экономика қалыптастырған, өздерінің еңбегін жеке меншік секторымен, бірлескен кәсіпорындармен, кооперацияның жаңа формаларымен, т.с.с. байланыстырған жана әлеуметтік топтарды дүниеге келтірді. Елдің социалистік жолмен дамуын қолдайтын қоғамдағы жіктер де өз партиялары мен қозғалыстарын құрды. Қазіргі Қазақстан қоғамында экономика мен әлеуметтік-саяси салада әр түрлі бағыттардың күресі оның саяси жүйесінің тыныс-тіршілігіне сөзсіз әсер етеді. Қоғамның саяси жүйесін демократияландыру мен құқықтық мемлекет үшін күрес жағдайында қоғамдағы жоғары билік заңға бағынады, барлық саяси күштер өз бағдарламаларын жариялауға және оларды жүзеге асыру үшін күресуге құқы бар. Осындай жағдайда қоғамның прогрессивті саяси күштері саяси жүйенің басты буындары қызметінің тиімділігін арттыру үшін күресуде. Сол буындар негізінде Қазақстанда көпшілік халықтың мүддесіне сай келетін шынайы демократияланған саяси - мемлекеттік құрылыс құруға қол жеткізуге болады. Қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементтері ретінде мемлекетпен қатар саяси партиялар да қоғам дамуында маңызды роль атқарады. Кейбір саяси партиялар әлеуметтік қозғалыстан тікелей пайда болады. Дәл осындай жолмен жұмысшы қозғалысынан жұмысшы партиялары, ұлтазаттық қозғалыстан ұлттық - демократиялық, экологиялық қозғалыстан жасылдар партиялары және т.б. партиялар өмірге келді. Ал келесі бір партиялар қоғамдық ұйымдардың трансформациялануымен құрылды. XX ғасырдың басында ағылшын тред-юнионы парламентке жұмысшыларды ұсынатын комитет құрған еді, сол комитет кейін лейбористік партияға айналды.

Мемлекет пен қоғам арасында аралық рөлді іске асырушы саяси партиялар, сайып келгенде, саяси жүйенің маңызды да белсенді элементі болып табылады. Олар өздерінің мәнісі жағынан мемлекеттік билікті қалыптастырудың, әр түрлі әлеуметтік қауымдастықтардың мүдделерін мемлекеттің нақты саясатына айналдырудың шешуші факторы болды. Саяси партиялар нақты елдердің әр түрлі тарихи және әлеуметтік-мәдени жағдайларына орай әрекет етеді. Бұл жағдайлар олардың көп түрлі болуына ықпал жасады. Партиялардың қалыптасу негіздері мен мүшелік шарттарына сәйкес олар кадрлық, бұқаралық және қатаң орталықтандырылған партиялар типтеріне бөлінген. Кадрлық ұйымда партиялық құрам партия комитеті басшылығымен саясатшылар топтарының төңірегіне бірігеді. Мұнда партияға еркін мүшелік орнатылған, құрамы тұрақсыз болып келеді. Олардың белсенділігі көбіне-көп сайлау кезінде көрінеді және бұл белсенділік сайлаушыларды қолдауды ұйымдастыруға бағытталған. Бұқаралық партиялар - әлдеқайда ұйымдасқан, тәртіпке негізделген, жарғы талабына сай мүшелік орныққан, өз идеологиясын және көзқарастардың біртұтастығын сақтаған саяси ұйым. Қатаң орталықтандырылған партияларда идеологияға шешуші маңыз берілген. Оларға қатаң тәртіп, ұйымшылдық, көсемдерді құрмет тұту іспетті сипаттар тән. Ал алға қойған мақсаттары мен әлеуметтік ұстанымдарына орай қимыл-әрекеттің практикалық жағына бағыт ұстағандарды патронтажды партиялар, өзінің идеялық тазалығын сақтау үшін күресушілерді идеологиялық партиялар деп топтастыру да ғылымда орын алған. Ұйымдасу және функциялық сипаттарына байланысты да саяси партиялар топтасқан. Ондай партиялар төртеу. Авангард типтегі партияларға партия мүшелеріне жоғары талаптар қою, партия

ішкі әмірін толық тәртіппен белгілеу, қатаң тәртіпті сақтау және еңбекші бұқарамен күнделікті жұмыс жүргізуге бағыт ұстау тән. Алайда, мұндай партия билікке келетін болса, онда ол тез арада әкімшілік жүйенің құрамдас бөлігіне айналып кетеді. Сайлау науқанына арналып құрылған партиялар қаражат жинау, кандидаттар ұсыну, оларды қолдау үгітін жүргізумен сипатталады. Әдетте мұндай партиялардың мүшелері, билеттері, жарна төлеу белгіленбейді. Олардың бюджеті ерікті жәрдем беруден және мемлекеттік қаржыландырудан құралады. Парламенттік партиялар алғашқыларға ұқсас. Бірақ олардың атқаратын міндеттері парламенттік қызметті де қамтиды. Осымен байланысты олардың тұтас құрылымы, тұрақты жұмыс істейтін басқару органдары қалыптасқан. Партия - клубтар бұқаралық ұйым болып саналады, оның қатары қайсыбір платформаны ұстанған адамдарды ғана біріктіріп қоймайды, оларды біріктіруде көзқарастардың ортақтығы, мүдделердің, мәдени сұраныстардың бірдейлігі маңызды рөл атқарады. Осындай саяси партияларды топтастырумен қатар, олардың статусын, қоғамның саяси жүйесіндегі орнын ескеретін болсақ, онда олардың бөлінуі «билеуші - оппозициялық» бағыттарда жүреді. Билеуші партия — елдің заң шығарушы органына сайлауда жеңіске жетудің нәтижесінде үкімет құруға құқылы болған және өзінің мақсаттарына сәйкес қоғам дамуының саяси бағдарламасын жүзеге асыруға мүмкіндік алған саяси ұйым. Қоғамдағы партиялар бір-бірінен, мемлекеттен, басқа да қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерден оңашаланған емес. Олар тұрақты түрде өзара әрекет етеді, белгілі бір жүйені құра отырып, соның шеңберінде партиялардың шешім қабылдауға ықпал ету деңгейі және олардың қоғамды басқаруға қатысуының сипаты ашылады. Жалпылама алғанда партиялық жүйені бір партиялы және көп партиялы деп қарастыруға да болады. Бір партиялық жүйе қоғам үшін қауіпті. Өйткені, бір өзінің ғана болуы, бәсекеге түсетін өзге партиялардың болмауы оны сөзсіз мемлекетпен біріктіреді, бұқараға мемлекеттік ықпал ету әдістерін қолданатын болады және осы жағдайлар оның партия ретіндегі сенімін жояды. Көппартиялық жүйе қоғамда бірнеше партияның болуын қалайды. Қоғамда партиялардың саны қанша болса да, заң шығаратын билікке сайлауға қатысу үшін оларға бірдей құқық болуы шарт, сонымен қатар партиялардың және мемлекеттің функциялары бір-бірінен бөлек болуы керек. Көп партиялық қоғам үшін тиімді, өйткені партиялар билікке келудің өркениетті механизмдерін меңгерген, ал олардың бәсекелестігі арқылы қоғам дамуының балама нұсқаларын ұсыну қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, көп партиялық жүйе саяси мәдениетті, қоғамның моралын маңызды сынау болып саналады. Сондықтан, бірнеше партияның өмір сүруі құқықтық мемлекет жағдайында ғана іске асатын болады. Адамдардың әдеттегі (қарапайым) саяси санасы — адамдардың болып жатқан саяси құбылыстар мен процестер туралы тұрмыстық түсінігі көбінесе ғылыми білімге негізделмеген таза ойша жорамалдаушылық пен пайымдаушылыққа саяды. Олар адамдардың күнделікті іс-тәжірибесінің ықпалымен қалыптасады. Ал олардың күнделікті іс-тәжірибесі адамдардың әр түрлі саяси оқиғаларға кезігуінен, осы оқиғалардан алатын жеке әсерінен, адамдар арасында өзара пікір алмасу барысында және ең соңында, алуан түрлі насихаттың ықпалымен, яғни саяси жарнамалардан бастап теледидар, радио, баспасөз арқылы бұқараға ықпал жасаудан жиналады. Адамдардың әдеттегі саяси санасы — көбіне-көп олардың ағымдағы саяси оқиғалар туралы көпшілігінде толық емес және таяз, осы оқиғалардың себептері мен заңдылықтарының байланыстарын қамтыған, олардың даму тенденцияларын елемеуден пайда болған түсінігі. Әдеттегі саяси санада саяси шындықты дұрыс көрсететін элементтердің болуына қарамастан, бұл санаға біршама саяси алданышты елестер сіңген, қайсыбір саяси құбылыстар жөнінде қате түсініктер орныққан, соның ішінде қоғамдағы әр түрлі саяси күштердің арасалмағы туралы, әр түрлі саяси партиялардың қызметтерінің шындыққа жақындығы, олардың көсемдерінің шын мақсаттары туралы және сол сияқтылар жөнінде жалған ұғымдар қалыптасқан. Саяси өмірдің тең даму заңдары туралы білімі болмағандықтан қоғам мүшелерінің басым көпшілігі қарапайым саяси сана деңгейінде ойлайды. Әлбетте, білім және мәдени деңгейлері әр түрлі адамдардың саяси саналарының даму деңгейі де әр түрлі. Олардың кейбіреулері саяси ойлауда ауқымдылық пен икемділік танытса, басқалары мұндайға қабілетсіз, яғни бұлардың саяси ойлары тар өрісті, жартыкеш келеді, сондықтан да көбіне өзгере бермейтін қасаң көзқарастарды ұстанады. Қалай десек те, саяси шындықтың даму заңдары біліміне сүйенбегендіктен бұл екі жағдай олардың әдеттегі саяси санасын көрсетеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Подопригора Р.А. Высшее юридическое образование в Научные труды «Адилет». 1997. № 1.
2. Табанов С.А. Заңдарды жүйелеудің теориясы, тарихы және тәжірибесі - Алматы. Жеті жарғы 1996. – 23 б.
3. Алексеев С.С. Теория права - Москва. 2008 г. –С. 12-15.



4. Әбдікаримов О. Заң шығару органы және уақыт талабы. // Заң және заман №2. 2000. – 11 б.  
5. Королев А.И., Явич А.С. Теория государства и права - Москва. 2011. –С. 150 - 153.  
6. Жоламан Қ.Д., Мұхтарова А.Қ., Тәуекелев А.К. Мемлекет және құқық теориясы - Алматы. 1999. – 160 б.

**ОӘЖ 340**

**Мінсімбаев Е.Ж.**

*Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті Экономика және құқық факультетінің  
«Құқықтану» мамандығының магистранты*

## **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ: САПАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР**

*Бұл мақалада тәуелсіздік жылдары елімізде қалыптасқан саяси жүйенің түбегейлі айырмашылықтары қарастырылған. Осы жылдар қоғамның саяси жүйесінің табиғаты мен құрылымына, қызметіне әкелген негізгі өзгерістердің мәні мен мазмұны, сапасы белгілі бір саяси жағдайларға қатысты екенін айту керек.*

***Түйін сөздер:** тәуелсіздік жылдары, мемлекет, саяси бағыт, саяси жүйе, мемлекеттік қызмет.*

*В этой статье рассматриваются коренные отличия политической системы, сложившейся в годы независимости. Следует отметить, что сущность и содержание изменений в природе, структуре и функциях политической системы, привнесенных в эти год, связаны с определенными политическими событиями.*

***Ключевые слова:** за годы независимости государства, политического курса, политической системы, государственной службы.*

*The native differences of the political system folded in the years of independence are examined in this article. It should be noted that essence and maintenance of changes are in the wild, structure and functions of the political system, introduced in these the year, related to onpreделенными by political events.*

***Keywords:** for years independence of the state, political course, political system, government service.*

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның жаңа мемлекетін және оның саяси жүйесін қалыптастыру оңай болған жоқ. Бұл үрдіс өте қайшылықты, тартысты, қателіктер мен қатерлер арқылы жүргенін ашық айту қажет. Қазақстан мемлекеті нысаны мен табиғатын анықтауда ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында еліміздің саяси басшылығы мен интеллектуалдық күштері алдында аса күрделі міндеттер тұрды.

Сол тарихи да тағдырлы уақытта дербес мемлекетті құру ісіндегі төтенше жауапкершілікті өзіне алған Н. Назарбаев былай деп толғанады: «Қазіргі сарапшылар белгілі бір саяси режим жайында баға бергенде, оның мойнындағы міндеттерді ескермей, баға беруге тырысады. Ол мемлекетті қалыптастыру, бір экономикалық жүйеден екінші бір экономикалық жүйеге көшу, демократиялану процесін дамыту, әлеуметтік және ұлтаралық орнықтылықты сақтау және нығайту, сыртқы саяси бағыттар желісін тарту... Ұлттық жаңару, мемлекеттікті қалпына келтіру әрдайым оңай жүзеге аса бермейді». Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасу кезеңі бұрынғы КСРО аумағында саяси, әлеуметтік экономикалық мүдделер мен қатынастардың ерекше шиеленісуі үдерісімен қабаттаса жүрді. Әлеуметтік топтардың мүдделері мен қажеттерін бұрынғы саяси режим қанағаттандыра алмады. Оның ішіндегі ең өткір, шетін тұрғандары – азаматтардың саяси, экономикалық және әлеуметтік құқықтарын кеңейту, сөз бостандығы, ұлттар мен этностардың тіл, мәдениет саласындағы сұраныстарын мүмкіндігінше қанағаттандыру, азаматтардың қауіпсіздігін нығайтып, азаматтық татулық пен қоғамдық тәртіпті нығайту еді. Қазақстанның болашақ мемлекеттік дамуы туралы берік, сындарлы тұжырымдама әлі қалыптаспаған еді. Ол кездегі еліміз алдында тұрған ең күрделі проблема мемлекетті қалыптастыру еді. Мемлекет – саяси жүйенің аумақтық, заңды, жария, егемен, легитимді, құқықты, жоғары деңгейде институттанған, жалпыға бірдей әмбебап ұйымы. Ол қоғамның саяси жүйесінің бір бөлігі бола отырып, мақсатты, жария, ашық, заңды, ел мен халықтың егемендігінің бірден бір көзі, субьектісі ретінде қызмет істейді. Мемлекет саяси жүйенің бір бөлігі, ал ол сонымен бірге, оның барлық кіші жүйелері мен салаларын қамтитын, біріктіретін, заңдар аясында олардың бүкіл қызмет-тіршілігін реттейтін, олар үшін біртұтас, ажырамас және бөлінбес ұйым болып табылады. Ғылыми әдебиетте мемлекеттің негізгі аса маңызды, сөзсіз, қоғамдық қатынастар табиғаты мен мүдделеріне жауап беретін және тиімді мемлекет құру мүддесіне сәйкес келетін белгілеріне отандық және шетелдік зерттеушілер дәлелдеуі бойынша мыналар жатады: аумағының; азаматтығы бойынша біріккен халқының; белгілі ішкі және сыртқы функциялары анықталған, бұларда саралап, ауқымы мен міндеттерін анықтаған, қоғамдық

катынастардың барлық саласын реттеуге қабілетті, қажетті адами, материалдық және қаржылық ресурстарға ие тармақталған басқару аппаратының болуы; халықаралық қауымдастық мойындаған шекарасы; елдің егемендігін, тұтастығын, қорғанысын, азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұлттық армиясының, құқық қорғау органдарының (сот, прокуратура, милиция, арнайы қауіпсіздік қызметтері және т.б.) болуы. Қазақстанда жиырма жылда осы аталған белгілер мен қасиеттерге сай келетін егемен, әлеуетті, әлем мойындаған және санасатын мемлекет қалыптасты. Ал елде қалыптасқан мемлекеттік құрылыстың табиғаты, демократияның деңгейі оны саяси жүйесі қызметінен көрінеді. Саяси жүйе сөздің кең мағынасында – белгілі бір қоғамдағы билік қатынастарының іс жүзінде анықталынып, қабылданып, орындалуының тұрақты формасы. Ол – елдегі бүкіл саяси өмір, саяси қатынастардың және саяси институттардың жиынтығы. Бұл жерде транзиттік, өтпелі қоғамдардағы аса күрделі міндеттерді шешуге, күрделі қоғамдық қатынастарды реттеуге қызмет ететін жаңа саяси жүйені қалыптастыру күрделі мәселе екенін еске ұстаған жөн. XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында жаһандану, ақпараттық қоғам, халықаралық байланыстардың күшеюі жағдайында саяси жүйе мен оның институттарының функциялары барған сайын күрделеніп, тармақталып, олар қамтитын құбылыстар мен қатынастардың ауқымы кеңейіп, олардың өзара сабақтастығы, өзара байланыстары күрделенген уақыт болатын. Осы жаңа әлемге, оның күрделі саяси-экономикалық, идеологиялық қатынастарының дербес субъектісі ретінде ұмтылып отырған Қазақстан, алдымен, өзін-өзі мемлекет ретінде анықтап, мемлекеттік-конституциялық құрылысын түбегейлі бекемдеу міндеті тұрғаны айдай ақиқат еді. Бүгінде, жиырма жылдық дербес дамудың биігінен еліміз бұл жауапкершіліктен абыроймен шықты деуге негіз бар. Әлемдегі, әсіресе, демократиялық елдердегі саяси жүйелерді зерттеген, теориялық ой-толғамдарын әлем саясаттанушылары мойындаған Толкотт Парсонс, Дэвид Истон, Габриель Алмонд, Карл Дойч, Дж. Бингем Пауэлл және тағы басқа батыстық оқымыстылардың саяси жүйе және олардың негізгі институттары функциялары туралы іліміне сүйенсек, Қазақстанның саяси жүйесі институттарының конституциялық өріс аясындағы қызметінің де өте күрделі, сан тарапты екендігіне толық көз жеткізуге болады. Аталмыш оқымыстылардың, сондай-ақ, ел ғалымдарының мемлекет құрылысы, саяси жүйе табиғаты мен қызметіне қатысты ғылыми зерттеулеріне сүйене отырып, қазіргі кезеңде еліміздің саяси жүйесінің қызметіне тән мынадай негізгі функцияларды атап көрсетуге болады:

– Конституцияға және басқа да заңнамаға сәйкес қоғамды қазіргі заманның табиғаты мен талаптарына сәйкес ғылыми басқару;

– қоғамның алдындағы мақсат пен міндеттерді анықтау және соған сәйкес бүкіл қоғамды және оның ресурстарын жұмылдыру;

– қоғам мүшелерін әлеуметтендіру;

– артикуляция – яғни, қоғамдағы әртүрлі таптардың, топтардың мүдделерін анықтау, бейнелеу және оларды саяси жүйе институттары қызметінде еске алуына жетісу және тағы басқалары. Бүкіл халықтық референдумда 1995 жылғы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы еліміздің саяси жүйесінің жаңа архитектурасын қалыптастырды. Осы жылдан еліміз саяси жүйесі дамуының жаңа кезеңі басталды. Ал, еліміздің осы жылдардағы конституциялық дамуы оның іргелі негіздерінің беріктігін, өміршеңдігін, оны құраушы институттық құрылымдардың міндеттері мен басқару мүмкіндіктерінің дұрыс анықталғандығын дәлелдеді. Еліміздің саяси жүйесі құрылымындағы жаңаша түбегейлі «анатомиялық» түзілу мен түрленудің мәні мен мазмұнын жиырма жыл деңгейінен жинақтай айтсақ, біздің пікірімізше, негізінен мыналарға келіп саяды:

– ең алдымен, еліміздің саяси жүйесінде бұрын болмаған Президенттік институт, қос палаталы, кәсіби негізде жұмыс істейтін Парламент, көппартиялылық, азаматтық қоғам институттары Қазақстан халқы Ассамблеясы тәрізді принципті жаңа саяси құрылымдардың түзіліп, қалыптасуы және қызмет жасауы;

– қоғамдағы демократия мен сөз бостандығының даму деңгейі мен пәрменділігінің басты көрсеткіштерінің бірі тәуелсіз, беймемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының дербес те әлеуетті жүйесінің пайда болуы;

– Қазақстанда бұған дейін болмаған, қоғамдық өмірдің барлық салаларын кеңінен қамтитын жаңа азаматтық институттардың қалыптасып, дамуы және олардың қызметіне қажетті ұйымдық-құқықтық негіздердің нығаюы;

– халықаралық танымал демократиялық институттар негізінен біртіндеп мойындаған еліміздің жаңа сайлау жүйесінің қалыптасуы;

– биліктің негізгі үш тармағының: Президент, Парламент және Үкіметтің біріккен еңбегінің нәтижесінде еліміздің саяси жүйесінің барлық құрамдас бөліктері қызметінің құрылымдық, ұйымдық-құқықтық және өзара қарым-қатынасы мәселелерін жан-жақты реттейтін, еліміздің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет орнату бағытында әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін заң жүйесінің жаңадан түзіліп, қабылдануы және бұл үрдістердің қоғамдық қатынастардағы қажеттіліктерге байланысты үнемі жетілдірілуі. Бұл – қоғамдық қатынастарды, әлеуметтік топтарды, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарды қамтуының ауқымы, жалпы табиғаты жағынан терең де, көп қырлы, сапалық өзгерістер. Президент, Парламент институттары, әлсіз де болса, көппартиялық жүйе осы өзгерістердің ең маңызды да, мәндісі бағалаған жөн.

Сөз жоқ, жаңа тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесіндегі ерекше орында, бұрын болмаған жаңа құрылым – Президент институты тұр. Еліміздің мемлекеттік басқару жүйесінде Президент лауазымы Қазақ ССР-і Конституциясына енгізілген 1990 жылғы 24 сәуірдегі өзгерістерде анықталды. Сол уақыттан бері халқымыз осы ең жоғарғы мемлекеттік саяси лауазымға Н. Назарбаевты бірнеше мәрте сайлап келеді. 1995 жылы қабылданған Конституция, оған 1998 және 2007 жылдары енгізілген өзгерістер мен толықтырулар еліміздегі бүкіл билік жүйесінде Президент институтын үнемі нығайту бағытында. Ғылыми әдебиеттерде «басқару нысаны» деп республика немесе монархия есептеледі. Осылай атау әбден қалыптасқан, ғылыми ортада бекіген түсініктер. Ал «президенттік басқару нысаны» деген түсінікті Конституция авторларының төл шығармашылығы, қазақстандық конституциялық теориядағы ізденіс, басқару нысанын анықтаудың қазақстандық нұсқасы деп түсінген абзал. Бұған ресейлік белгілі мемлекеттанушы-ғалым В. Е. Чиркин кезінде назар аударып, уақыттың басқару формалары туралы түсініктерге өзгеріс енгізетіндігін, Қазақстан Конституциясы «президенттік республика» деп ешқандай екіұштылықсыз, тура атайтындығын арнайы атап көрсеткен болатын. Конституцияда президентализмнің демократия институты ретіндегі саяси жүйедегі орны, мәртебесі өкілдіктері көрсетіліп, 40-шы бапта: «Президент – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституция мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының рәмізі әрі кепілі», – деп нақты көрсетілген. Саяси жүйенің құрамдас бөлігі болып табылатын – Президенттік институттың қалыптасып, дамуы, оның бедел алуы ұзақ, күрделі процесс. Сөз жоқ, президенттік институттың қоғамның саяси жүйесіне етене, икемді, ажырамас құрамдас бөлігі ретінде кірігіп кетуі, саяси бейімделуі бедел алуы уақытты, тәжірибені, үлкен заң шығарушылық қызметті қажет етеді. Бұл процестер біздің елімізде терең саяси тартыстарсыз, саяси сілкіністерсіз, эволюциялық жолмен өтті.

Президенттік институт саяси жүйедегі ерекше институт және барлық партиялар мен қоғамдық-саяси ұйымдар қызметінің кепілі болғандықтан, ол бүкіл саяси жүйеге немесе оның басым көпшілігіне сүйенгенде ғана саяси жүйеде топтастырушы, байланыстырушы рөл атқарады. Бұндай тірек-сүйенішсіз президенттік институттың әлеуметтік-саяси базасы әлсіз болуы мүмкін. Назар аударарлық бір мәселе – Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы кеңестен кейінгі барлық елдерде президенттік немесе жартылай президенттік билік жүйесі пайда болды. Бұл саяси жүйе дамуындағы, ел алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің күрделілігіне байланысты. Билік тармақтары, әсіресе, Парламент пен атқарушы билік арасындағы текетірес пен шиеленісті, толассыз талас, елдердің саяси мәдениетінің ерекшелігі президенттік институтты өтпелі қоғамдар, кезеңдер алдында тұрған міндеттерді шешудің тиімді билік нысаны ретінде таңдау – ұтымды жол. Қазақстандағы осы саяси-мемлекеттік институттың қызметіне келсек, жиырма жылдан астам уақыт президенттік институттың ұтымды жақтарын көрсетіп берді.

**Біріншіден,** Президентті бүкіл халықтың сайлауы, бүтіндей алғанда, саяси жүйенің демократиялық легитимділігін көрсетеді, өйткені, Президент қызметі қашан да көпшілік сайлаушылардың мүддесін білдіреді.

**Екіншіден,** билік тармақтарының аражігінің анықталып, президенттік институттың қызметі демократиялық саяси жүйедегі әртүрлі шектеулер мен өкілдіктер арқылы саясат таразысын тең ұстауға мүмкіндік береді.

**Үшіншіден,** бүкілхалықтық сайлау арқылы сайлаушылар саяси жүйенің бүкіл қызметіне принципті, жанды өзгерістер енгізе алады, саяси құндылықтар мен басымдықтарда сабақтастықты қалыптастырады. Осы жылдары жаңадан қалыптасқан, кеңестік жүйеде болмаған биліктің маңызды тармағы – қос палатадан тұратын Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы қос палаталы Парламент болды. Қазақстанның кәсіби

парламентаризмге келер жолы күрделі де қайшылықты, саяси шиеленісті, бұралаңды болды. Осы тартысы көп, қиын жолда бұрынғы Конституциялар бойынша (1978 және 1993 ж.) сайланған Республика Жоғарғы Кеңесінің 1990 жылы сайланған он екінші, 1994 жылы сайланған он үшінші құрамдары саяси себептерден өкілділік мерзімі аяқталмай, мерзімінен бұрын таратылды. Соңғы құрамы бір жылдай ғана жұмыс істеді. Елімізде парламенттік демократия, парламентаризм көптеген қиындықтармен, саяси тартыспен, қайшылықтар арқылы, біртіндеп қалыптасып келеді. Ел Парламентінің 1995 жылғы Конституция және «Қазақстан Республикасы Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық Заңының негізінде он бес жылдан астам уақыт ішіндегі белсенді заң шығарушылық, өкілді және саяси қызметінен белгілі бір тарихи-саяси, демократиялық қорытындылар шығаруға болады.

**Біріншіден,** Парламент негізгі саяси және әлеуметтік күштердің, ірі этнос өкілдерінің мүддесі тоғысқан, белсенді қызмет жасаушы коллегиялық органға айналып, маңызды мемлекеттік институт ретінде қалыптасты. Парламентсіз елімізде шынайы демократия, құқықтық мемлекет орнату мүмкін еместігіне бүкіл қоғамымыздың көзі жетті.

**Екіншіден,** конституционализм талаптарын сақтай отырып, өзінің сан-салалы заң шығарушылық қызметі арқылы Парламент заңдардың күрделі архитектурасын анықтап, бүкіл мемлекеттік құрылысты заңнамалық нығайтудың әлеуетті кепіліне айналды. Қазақстан Парламенті он бес жылда Конституция негізінде және оның қағидаттары мен талаптарын қоғамдық қатынастардың түрлі салаларында жүзеге асыру және реттеу мақсатында 2 мыңға жуық заң қабылдап, еліміздің саяси экономикалық және әлеуметтік рухани жаңаруын заңнамалық тұрғыдан кешенді де түбегейлі қамтамасыз етті. Бүгінде Парламенттің заң шығарушылық қызметінен тыс қалған, мүдделері еске алынбаған бірде-бір маңызды қоғамдық сала немесе әлеуметтік топтар жоқ деп айтуға толық негіз бар.

**Үшіншіден,** Парламент пен парламентаризмнің демократиялық және құқықтық-заңнамалық, бай танымдық, тәрбиелік ұлағатынан өткен депутаттар корпусы ұлттық элитаның қатарын, жоғарғы мемлекеттік органдарды жаңа, тың күштермен толықтырудың жемісті саяси мектебіне айнала бастады деуге толық негіз бар. Әрине, Парламент саяси элитаны қалыптастырудың бірден-бір мектебі емес. Олар Президент Әкімшілігі жүйесінде, ғылыми ұжымдарда, Үкімет құрамында, облыстық әкімдіктердің жоғарғы буынында, саяси партиялар жүйесінде де қалыптасады. Алайда, саяси жариялылық пен ашықтықтың, билік легитимдігінің мектебі болып табылатын, бүкіл тіршілігі халықтың көз алдындағы парламентшілердей басқа топтар әлеуетті, саны жағынан көп емес.

Парламенттің нығаюымен бірге, парламентшілердің өздері де өсіп, саяси, демократиялық, интеллектуалдық құқықтық, рухани тұрғыдан толысып, кемелденді. Олар парламентаризм мектебі аясында елдегі күрделі қоғамдық қатынастардың табиғатына үңіліп, зерделеп, ондағы қайшылықтарды, заңмен реттелмеген проблемаларды көріп, талдауды, елдегі кезек күттірмейтін, халықты алаңдатып отырған әлеуметтік-экономикалық, рухани өзекті мәселелерді Үкімет алдына қойып, шешілуін талап етуді игерді. Еліміздегі 1998 және 2007 жылдары өткен конституциялық өзгерістердің екі толқыны да, ең алдымен, негізінен, Парламенттің Президентпен, Үкіметпен өзара қарым-қатынасын, құзыреттерін және оның депутаттарын сайлаудың ұйымдық-құқықтық мәселесін қамтыды. Соңғы конституциялық өзгерістердегі парламент институтының рөлін көтеруге жасалған қадамдар белгілі бір мөлшерде парламентаризм институтын нығайтуға бағытталғанымен, біздің пікірімізше, ол әлі жеткіліксіз. Ол парламентаризм институты беделін нығайтудың түбегейлі мәселелерін шешкен жоқ. Ал, өкілді органның пәрменді де, көпсалалы қызметінсіз қазақстандық жаңаруға қажетті құқықтық өрісті қамтамасыз ету, мемлекеттік құрылысты, кадр саясатын жетілдіру, әсіресе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күресу, елді демократиялық басқару стилін қалыптастыру мүмкін емес. Бұл реттегі ең басты мәселелердің бірі – Парламенттің бақылау функцияларын кеңейту. Парламентаризмнің мәні – мемлекеттік билік жүйесіндегі Парламенттің белгілі бір үстемдігі және атқарушы билік қызметіне оның тарапынан нақты бақылаудың болуы. Бұл екі талап тұрғысынан келгенде де, еліміз Парламентінің қызметі шынайы толыққанды парламентаризмге қойылатын талаптарға толық сай келмейтіндігі белгілі. Конституциялық дамуымыздың келесі сатысында Парламентке бүгінгі конституциялық өрісте белгілі бір бақылау функциялары берілуі керек деп есептейміз. Нақты бақылау функциялары жоқ Парламент – халық өкілеттігі мен билігін пәрменді жүзеге асыра алмайды. Осы ретте конституциялық теория саласындағы белгілі неміс ғалымы В. Гессеннің: «Нағыз демократиялық мемлекеттің парламенттік

болмауы мүмкін емес, парламентаризм конституциялық режимнің тәжі болып табылады» деген тұжырымын еске салғымыз келеді. Қазақстанның да конституциялық режим мен конституциялық жетілуі жолындағы аса маңызды қажеттілік, ең алдымен, Парламенттің, әсіресе, Мәжілістің құзыреттерін кеңейту.

Республика саяси жүйесіндегі келесі бір елеулі өзгеріс – әлжуаз, әлсіз де болса, көппартиялылықтың қалыптасуы. Бұл үдеріс елімізде қайшылықты, күрделі болды. Саяси партиялар да қалыптасудың, дамудың «балалық ауруын» өз бастарынан кешті. Олай болу табиғи да заңды еді. Біздің халқымыздың да, оның саяси лидерлерінің де саяси және идеологиялық әр алуандықта өмір сүру, дербес мемлекетті басқару тәжірибесі жоқтың, барлығы дерлік кешегі СОКП-ның саяси мектебінен шыққан жандар еді. Оларға тәуелсіз, көпұлтты, халқының саяси және әлеуметтік жіктелуі аяқталмаған мемлекеттің жаңа саяси жүйесінде жаңа бағдарламаларға негізделген саяси партиялық құрылысты қалыптастыру оңайға түспегені белгілі. Қазақстанның партиялық жүйесінің қалыптасуына 1996 және 2002 жылдары Парламент қабылдаған «Саяси партиялар туралы» Заң қажетті құқықтық-ұйымдық өрісті қалыптастырды. Дамыған демократиялық елдерде партиялар саяси инфрақұрылымының әлеуетті, саяси дербес, белсенді құрамдас бөлімі болып табылады. Азаматтық қоғам мен мемлекеттің арасындағы саяси делдалдық, дәнекерлік рөл атқара отырып, олар қоғамдық пікірдің қалыптасуына, азаматтардың позицияларына шешуші әсер етеді. Кемел, толыққанды партиялық жүйесі бар мемлекеттердегідей, біздің елімізде де саяси партиялар мынадай аса маңызды функцияларды жүзеге асыруға тұрақты ұмтылып келеді:

а) халықтың қоғамдық саяси белсенділігінің стихиялық түрлерін бақылау мен ықпалдастыруға болатын институттандырылған нысандармен алмас-тырып, азаматтарды саяси өмірге қатысуға ынталандыру;

ә) халықтың әлеуметтік жіктері мен топтарының шынайы мүдделерін анықтап, оларды сұрыптап, жинақтап, шоғырландыру және өзінің көп векторлы қызметі арқылы соларды қорғап, жүзеге асыруға ұмтылу;

б) елдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани ахуалды, олардың даму үрдістері мен бағыттарын үнемі жіті талдап, өзгеру перспективаларына, өзгерістері мен мүмкіндіктеріне болжамдар жасау;

в) азаматтардың саяси мәдениетін жетілдіру және олардың саяси кемелденуі мен азаматтық позициясын қалыптастыру жөнінде тұрақты да мақсатты жұмыс жүргізу;

г) билік органдарына сайлау кезінде кандидаттар ұсыну және оларды қолдау, өкілетті және атқарушы билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдарының қызметіне қатысу және тағы да басқалай.

Қазақстандағы демократиялық үдерістерді тереңдетуге, саяси партиялардың қызметін жандандырып, олардың мемлекеттік билікті жүзеге асыруға қатысуына кең құқықтық өріс ашуда. Қазақстан Парламенті 1998 жылғы 7 қазанда қабылдаған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының орны ерекше болды. Заң – ең алдымен, Парламент Мәжілісіне 10 депутаттың партиялық тізімдер негізінде сайланатынын анықтап, Парламентке барлық саяси партиялардың өз өкілдерін жіберуіне және сайлаушылардың өздерінің саяси еркін, толығырақ және баламалы таңдау негізінде жүзеге асыруына мүмкіндік берді. Осы демократиялық қадам барлық саяси партиялар өміріне үлкен қозғалыс әкелді. Парламентке 1999 жылғы сайлау кезінде елдің саяси жүйесі серпінді қозғалысқа келіп, саяси партиялар өмірі жанданып, олар өз қызметіне электораттың назарын аудару, олармен жұмыстың әр түрлі нысандарын пайдалану, БАҚ-пен жұмыс, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін қамтып, өзінің әлеуметтік базасын, қатарын кеңейту жөнінде ілкімді де икемді шараларды жүзеге асырды. Бұл ретте, әсіресе, Коммунистік партияның сайлау кезіндегі жұмыстары қайсыбір жергілікті ресми билік тарапынан көрсетілген біршама тосқауылдарға қарамастан, еліміздің электораты санасынан өз орнын тапқанын атап өту әділеттілікке жатады. 1999 жылғы сайлау қорытындысында депутаттар құрамындағы жаңару нәтижесінде ел Парламентіне – саяси элитаға жаңа толқын келді. Парламенттің жаңа саяси-партиялық құрамының ықпалымен оның бүкіл қызметінде көп мүдделі, алуан үнді, сан пікірлі қазақстандық электораттың шынайы дауысы, позициясы естіле бастады. Қазақстан Парламенті еліміздегі әлі де әлсіз саяси әр алуандылықтың, әлжуаз оппозицияның ұстанымдары мен пікірін де қамтып, жария демократиялық трибуна ретінде қалыптаса бастап еді. Өкінішке орай, бұл процестер Парламент Мәжілісіне 2004 жылғы күздегі сайлаудың барысында тоқтап, сол келеңсіз саяси ахуал

2007 жылғы сайлауда да жалғасты. Ресми солшыл оппозиция да (коммунистер) және ұстамды оңшыл оппозиция да («Ақ жол» партиясының өкілдері) Парламентте бірде-бір орынға ие болған жоқ. Бүтіндей алғанда, «партия» деп аталатын көпфункционалды әлеуметтік-саяси феномен талаптарына толық сай келетін партиялардың қалыптасуына қажетті сындарлы және берік конституциялық, заңнамалық негізінің болуына қарамастан, біздің пікірімізше, елімізде қайшылықты, созылмалы сипат алды. Оның әртүрлі объективті және субъективті себептері болды:

- партиялардың, олардың лидерлерінің негізінен бірпартиялық, бір идеологиялық жүйеде тәрбиеленіп, шыңдалуы жаңа әлеуметтік-экономикалық, саяси-идеологиялық кеңістік пен шындықта қызмет жасауға дайын еместігі, кейде тіпті дәрменсіздіктері;

- жеке лидерлердің саяси өркеуделілігінен (амбиция) туған саяси бағдарламасы жағынан қайсыбір ұсақ партиялардың да пайда болуы, олардың көпшілігінің жастардың, интеллигенцияның арасында беделінің төмендігі;

- халықтың саяси мәдениетіндегі олқылықтар, партиялардың саяси-ағартушылық, халықты саяси әлеуметтендіру, әртүрлі мүдделерді артикуляциялау, агрегациялау сияқты партиялардың өздеріне тән ең маңызды функцияларды толық игере алмауы немесе олардың маңызын жете бағаламауы, бұқарамен жұмыстың бүгінгі заманғы әдістері мен техникасын игере алмауы.

Қазіргі партиялық өрісте әртүрлі саяси-идеологиялық, ақпараттық-технологиялық ресурстарды еркін де тиімді пайдаланып, өзінің саяси лидері Президент Н. Назарбаевтың мол беделі мен басқару тәжірибесіне сүйеніп отырған «Нұр Отан» Халықтық-Демократиялық партиясы саяси кеңістікте үстемдік етуде. Әрине, бұл жерде партияның әкімшілік ресурстарды пайдаланып отырғандығын ешкім теріске шығара алмайды. Кейінгі кезеңде партиялық кеңістікте «Әділет», «Ақ жол» партияларының кейбір шағын бастамалары мен саяси мәлімдемелерінің өзі елімізде стагнациялық жағдайда тұрған партиялық құрылысқа сәл болса да, қан жүгіртіп, қозғалысқа келтірді. Өзінің құрамына интеллигенцияның бір топ шоғырын біріктірген «Әділет» еліміздің саяси жүйесін жетілдіру туралы мынадай нақты ұсыныстар айтуда:

- елімізде билік институттары арасындағы тежемелік және тепе-теңдік жүйесін жетілдіріп, Парламенттің функцияларын кеңейту, Парламент депутаттарын сайлаудың тәртібіне ішінара өзгерістер енгізіп, Ассамблея ұсынған депутаттыққа кандидаттарды Президенттің Сенат депутаты етіп тағайындауы;

- сайлау заңнамасын одан әрі жетілдіріп, оның партияларға кедергілер қоймауына жетісіп, Парламенттің өкілдік функциясының толығын процесін жандандыру;

- барлық партияларға аймақтық және республикалық БАҚ-қа еркін шығуына мүмкіндік беріп, елде әр алуанды ақпараттық кеңістік қалыптастырып, Қоғамдық телеарна құру және тағы басқа да нақты ұсыныстар. Партияның саяси лидері М. Нәрікбаевтың Қазақстанның қазіргі кезеңдегі партиялық жүйесі саяси жүйенің болымсыз тетікшесі (придаток) ғана деген тұжырымы – осы саладағы ахуалға «Әділеттің» аузымен айтылған әділетті баға. «Ақ жол» демократиялық партиясының Орталық Кеңесінің кеңейтілген Төралқа отырысы 2009 жылдың 21 ақпанында «Қазақстан Республикасын саяси модернизациялаудың бағдарламасын» мақұлдап, жария еткені белгілі. Партия елдің саяси жүйесіндегі ахуалға сыни тұрғыдан өткір баға бере келіп, модернизация аясында Қазақстандағы билік тармақтарының арасындағы тежемелік және тепе-теңдік қағидатын жетілдіру мақсатында мынадай нақты да түбегейлі ұсыныстар жасады:

3) Бір сұрақ көлемінде шығарылған, әр түрлі актілерді біріктіріп, дайындап, іріленген актілерді қабылдау (заң шығарушылықты консолидациялау).

4) Дайындау және (кодекс типінде) жаңа актілерді қабылдау, оған бұрынғы өзін ақтаған акті нормаларымен бірге, жаңа актілік жазбалар енгізіледі (заң шығарушылықты кодификациялау). Қазіргі жағдайда нормативті - құқықтық актілерді жүйелеу ресми газеттерге, журналдарға жариялану кезеңінен болды. Бұл басылымдарда олар арнайы жүйемен орналасады (олардың заңдық күшіне қарай, қабылданған органға байланысты, олардың табиғатына орай, яғни, нормативті ме, әлде нормативті емес пе) әрбір актіге номер берілді. Жоғарыда аталған бірінші формасынан басқа жүйелеудің екі негізгі түрі бар: кодификация және консолидация. Инкорпорация - бұл белгілі бір деңгейдегі нормативті актілер толық немесе ішінара түрлі жинақ немесе шығармалар жинағына белгілі тәртіппен (хронологиялық, алфавиттік, жүйелі - пәндік) жүйелеу формасы. Инкорпорация, мемлекеттік және басқа органдардың заң шығарушылық әрекетін қолдау мақсатында, заңның жұмыс жасауын, оған қол жететіндей, көрінетіндей субъектілерден әртүрлі топтарын заңдары мен басқа да нормативті актілер туралы жұмыс істеп тұрған редакциясынан, рас ақпараттармен қамтамасыз ету ісімен айналысады. Инкорпорацияның ерекшелігі ол жинақтағы актінің мазмұнына қандай да болмасын өзгеріс жасалмайды. Осы инкорпорацияның белгісі оны кодификация мен консолидациядан ерекшелейді. Сонымен бірге нормативті актілерін баяндалу формасына өзгеріс

жасалады, себебі инкорпорация актілерді бастапқы редакциясынан көшіру емес. Инкорпорация - бұл нормативтік актілердің мазмұнын өзгертпестен бір жинаққа біріктіру арқылы жүйелеу нысаны. Мұндай жинақта әрбір акт өзінің дербес мәнін сақтап қалады. Әдетте жинақтарға нормативтік актілердің мәтіндері болуы мүмкін өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып жазылады. Сонымен қатар инкорпорация барысында мәтіннен тараулар, баптар, жекелеген абзацтар өз күшін жойған жағдайда алынып тасталады. Мұндай жинаққа барлық жасалған өзгерістер, толықтырулар сол актінің ресми реквизиттерін көрсете отырып енгізіліп отырады. Нормативтік актінің мәтіндерінен сол сияқты тез арадағы тапсырыстар т.б. нормативтік емес шешімдер, уақытша нормалар алынып тасталып отырады. Шығарылған жинақтың заңдық күшіне орай инкорпорация ресми, жартылай ресми, ресми емес болып үшке бөлінеді. Ресми инкорпорация - құқық шығармашылық органның тапсыруымен болмаса, қолдауымен шығарылатын свод. Бұл ресми сипаттағы жинақтағы нормативтік актілер мен оның материалдың құқық шығармашылық және құқық пайдаланатын іс - әрекеттерде, азаматтардың арыздары мен шағымдарында, шарттарда пайдалануға болады. Ресми (жинақты) сводты дайындау үлкен дайындық жұмысын қажет етеді. Оны жасауда ескі күшін жойған, шын мәнінде жұмыс жасамайтын, соңғы заңдарға қарама - қайшы келетіндеріне өзгерістер енгізіледі. Заң шығарушылықта ескерілмеген тұстар болса, жаңа заңдар болмаса нормативтік актілер қабылданады. Сол сияқты нормативтік актілерді қосу арқылы ірілендіру жүргізіледі, яғни актілерді консолидациялау. Жартылай ресми инкорпорация - бұл құқық шығармашылық орган ресми түрде бекітпейтін және қолдамайтын, бірақ құқық шығармашылық органның тапсырысымен шығарылатын арнайы органдардың жинағы. Бұған мысал 60 жылы шығарылған РСФСР - дың өмір сүріп жатқан заң шығармашылықтың жүйелік жинағы. Ресми емес инкорпорацияны заңдар жинағын шығаруға арнайы құзырлығы жоқ мекемелер, мемлекеттік немесе жеке баспалар, ғылыми мекемелер т.б. өз бастамаларымен шығарған жинақты айтады. Ресми емес жинақтар құқықтық негіз болып табылмайды. Қазіргі шығып жатқан заң жинақтарының көбі ресми емес инкорпорацияға жатады. Сипатына қарай барлық заң жинақтарын хронологиялық (кезеңдік) және систематикалық (жүйелік) деп бөлуге болады. Хронологиялық жинақта нормативтік актілер шыққан датасына байланысты, пәндік негізде орналасады. Жүйелік жинақтарда әрбір тараудың басында заңдық күші жоғары, сол сұрақ бойынша негізгі, принципті нормалары бар актілер орналасады. Сонан соң дамытатын, толықтыратын, пысықтайтын нормалар орналасады. Министрлер, жергілікті билік органдары, тәуелсіз коопорациялар, ағылшын шіркеуі, жеке компаниялар, Европалық кеңес - бәрі де құқықтық акті шығаруда парламенттің құзырлығымен бөліседі. Сонда да, дейді авторлар парламенттің құқықтық тәуелсіздігі сақталады, себебі, кез - келген орган парламентте қабылданған заңмен жүреді, соның тапсыруымен және рұқсатымен ғана заң қабылдайды. Қазақстан Республикасында заң шығарушылық іс әрекетінде құқық және міндет жоғарғы және жергілікті мемлекет билік пен басқару органдарына берілген, халық (референдумға қатысу арқылы) мемлекеттің субъектісі, шарттар қабылдау жолымен, жалпыға міндетті ережелер мен тапсырмаларды қабылдайды. Қазақстанның тағы да басқа елдердің, Мысалы, Ұлыбританияның мемлекеттік органдарының құқық шығарушылық іс әрекеттерін салыстыра отырып, ортақ ұқсастық пен ерекшеліктің бар екендігін байқауға болады. Әр елдің құқық шығаруында ерекшелік бар. Нормативтік - құқықтық актілердің күшіне енуінде әр түрлі процедуралардың болуы, мемлекеттік органдарға құқық шығармашылық ережелерді бекітуде де өзіндік айырмашылық бар. Әр мемлекеттің құқық шығармашылық іс әрекетіндегі ортақтыққа келетін болсақ, бәрінен бұрын ұйымдастырушы - техникалық т.б. мақсаттарына көңіл бөлу керек, заң шығарушы өз елінің территорияда бірдей заң жинақтарын шығаруда кезеңдік және пәндік әдістерді араластырып пайдалануға да болады. Жүйелі жинақтар заң шығарушылық және құқық пайдаланушылық қызмет үшін ақпарат беруде тиімді, сол сияқты студенттерді оқыту және ғылыми ізденістер үшін де пайдалы, себебі, онда бір - бірімен тығыз байланысты нормативтік шешімдер біржерге топталған. Заң шығармашылық инкорпорациялау нормативтік материалдардың қамтылу көлеміне қарай классификацияланады. Сондықтан осы белгісіне қарай инкорпорацияны (толық) негізгі деп ажыратады. Мұндай жинаққа елдің барлық заңдары, барлық мемлекеттік заңдар барлық нормативтік актілер енгізіледі. Ал жинақ белгілі бір сұрақ төңірегінде құрастырылмаған болса, онда оны ішінара инкорпорация деп айтамыз.

Инкорпорацияның қағидалары:

Хронологиялық (оларды қабылдау уақыты бойынша);

Тақырыптық (белгілі бір тақырып бойынша).

Кодификация - бұл нормативтік актілердің мазмұндарын өзгертудің нәтижесінде оларды біртұтас актіге біріктіру арқылы жүйелену нысаны. Кодификация процесінде ескірген материалдар мен нормалардағы қарама - қайшылықтар жойылады, жаңа жүріс - тұрыс ережелері қалыптасады, олардың өзара келісуі мен логикалығы қамтамасыз етіледі. Кодификациялық актінің дәстүрлі қалыптасқан түрі болып кодекс табылады, ол - бір сипаттағы қоғамдық қатынастардың белгілі бір саласын жан - жақты реттеуге мүмкіндік беретін ірі акт болып табылады. Кодификация - бұл құқықшығармашылығының бір формасы. Өмір сүріп жатқанды қайта қарай отырып, ол бір жағынан жаңа нормаларды қалыптастыруға бағытталған, қоғамдық тәжірибенің қажеттілігін бейнелейтін, құқықты қалыптастырудағы осал тұстарды толықтыратын сәтсіз ескірген құқық шешімдерін жаңамен алмастыруды көздейді. Кодификация - бұл заң шығарушылықты жетілдіреді, оның нәтижесі жаңа тұрақты мазмұндағы заңдық акті (кодекс, ереже, устав т.б.) жасау болып табылады.

Кодификацияның сипатты белгілері:

1) Кодификациялық актіде әдетте заң шығармашылықтың белгілі бір саласын анықтайтын қоғамдық өмірдің маңызды, принципті нормалары жасалады;

2) Мұндай акт қарым - қатынастың маңызды және жан-жақты салаларын қамтиды (мүліктік, еңбек, отбасылық);

3) Кодификация тұрақты, салыстырмалы түрде берік, ұзақ уақыт жұмыс жасуға есептелген нормаларға жоспарланған;

4) Кодификация акті көлемі жағынан ауқымды, күрделі құрылымды. Бұл өзіндік ірілендірілген заңдар блогі, нормативтік актілердің анық жүйеленген тізбегімен қамтамасыз ететін, оны қолдануға жағдай жасайтын акті.

Әдетте заң әдебиеттерінде және тәжірибеде кодификацияның бірнеше түрін көрсетеді.

Бірінші түрі - жалпы кодификация. Бұл заң шығармашылығының негізгі салалары бойынша кодификацияланған актілердің тобын қабылдау.

Екінші түрі - салалық кодификация, яғни белгілі бір саланың заңын қамту. Мысалы: Азаматтық, Қылмыстық т.б.

Үшінші түрі - арнайы кодификация бұл белгілі бір құқықтық институттың актілерін реттеу. Мысалы: Салық, Орман, Кеден т.б.

Кодификация екі міндетті шешуге мүмкіндік береді, яғни заңның мазмұнын, формасын жетілдіру. Уақыт өте келе кез - келген құқықтық системада бірнеше (он, жүз) нормативті актілер жинақталады, олардың қарастырып, реттейтін заты бір болады. Мұндай шешімдер бір - бірін қайталайды, кейде бір - біріне қайшы келеді. Соған байланысты көптеген нормативті актілерде жою, ірілету, заңдардың «блогын» жасау қажеттігі туындайды. Осындай көп заңдылықты реттеу жолының бірі - заңдарды консолидациялау. Бұл жүйелеудің бір формасы, онда ондаған, жүздеген нормативті актілер ірі бір акт етіп біріктіріледі. Мұндай акт заң шығарушылық орган тарапынан жаңа акт ртінде бекітіліп қалғандары күшін жояды. Консолидация - құқық шығармашылығының өзіндік бір түрі, оның ерекшелігі жаңа іріленген акт құқықты реттеудің мазмұнына өзгеріс жасалмайды. Консолидацияланған актіні дайындау процесінде бұрынғы акт нормалары логикалық бірізділікпен орналастырылып, жаңа актінің жалпы құрылымы жасалады. Арнайы редакциялық дұрыстау жүргізіліп, шешімдер бір қалыппен, бірдей терминдерді пайдалану ізіне салынады.

Қазірде де Қазақстанда жалпы массивте жүрген, тек жеке нормалары мен бөлімдері ғана жұмыс жасап жүрген актілер көп - ақ.

Сондықтан жұмыс жасап жүрген актілерді консалидациялау, заң блоктарын ірілендіру заң шығаруды тәртіптеудің негізгі бағытының бірі ретінде бүгінгі күні де өз мәнін жойған жоқ. Консолидация - бұл нормативтік актілердің мазмұнын өзгертпестен бір жинаққа біріктіру арқылы жүйелеу нысаны. Инкорпарациядан айырмашылығы - мұндай жинақта әрбір акт өзінің дербес мәнін жоғалтады. Мұнда нормативтік актілер олардың белгілі бір қызмет түріне қатыстылығы белгісі бойынша біріктіріледі (табиғатты қорғау, білім беру және тағы да басқалары) .

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Табанов С.А. Заңдарды жүйелеудің теориясы, тарихы және тәжірибесі - Алматы. Жеті жарғы 1996. – 23 б.
2. Алексеев С.С. Теория права - Москва. 2008 г. –С. 12-15.
3. Әбдіқаримов О. Заң шығару органы және уақыт талабы. // Заң және заман №2. 2000. – 11 б.
4. Королев А.И., Явич А.С. Теория государства и права - Москва. 2011. –С. 150 - 153.
5. Жоламан Қ.Д., Мұхтарова А.Қ., Тәуекелев А.К. Мемлекет және құқық теориясы - Алматы. 1999. – 160 б.

## ОӘЖ 340

**Бақытжанова Д. Н.**

*«Құқықтану» мамандығының 2-курс студенті, Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
Ақтөбе қаласы*

### **ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ НЕГІЗІ – АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ**

*Қазіргі заманда құқықтық мемлекет құру қалыптастырудың басты негізі азаматтық қоғам болып табылатыны анық. Өйткені адам қоғамының даму тарихында ешқашан, еш елде құқықтық мемлекет болған емес. Құқықтық мемлекеттің басты мақсаты — заңның негізі мен шеңберінде азаматтардың ерікті өз еркін білдірудің көрінісі ретінде тұлғаның құқығы мен бостандығына кепілдік беру болып табылады. Ал, азаматтық қоғамда азаматтардың халықаралық дәрежеде танылған ережелерге сай құқықтары мен бостандықтары сақталып, заң үстемдік етеді. Азаматтық қоғам материалдық, қоғамдық, саяси және мәдени тұрғыда жоғары дәрежеде дамыған кезде құқықтық мемлекетке айналады деген ойдамыз.*

**Түйін сөздер:** құқықтық мемлекет, заң, құқыққа сәйкестігі, құқық нормасы, адам, азаматтық қоғам.

*Известно, что основой построения правового государства в современных условиях является гражданское общество. Потому что в истории развития человеческого общества никогда, ни в одной стране не было правового государства. Основная цель правового государства – на основе и в рамках закона, выражая свободное волеизъявление граждан, предоставлять гарантии прав и свобод личности. В гражданском обществе, где защищены права и свободы, соответствующие общепризнанным международным нормам, господствуют право и закон. Представляется, что только гражданское общество, достигшее зрелого материального, социального, политического, культурного уровня, становится правовым государством.*

**Ключевые слова:** правовое государство, закон, право соответствие, норма права, человек, гражданское общество.

*It is known that basis of construction of the legal state in modern terms is civil society. Because in history of development of human society never, there was not the legal state in any country. Primary purpose of the legal state - on basis and within the framework of law, expressing free will of citizens, to give to the guarantee of rights and individual freedoms. In civil society, where rights and freedoms, corresponding to the universally recognized international norms, are protected, a right and law dominate. It appears, what only civil society attaining a mature material, social, political, cultural level becomes the legal state.*

**Keywords:** legal state, law, legislation, compliance, the norm of human rights, civil society.

Құқықтық мемлекет - бұл құқық нормаларының шегінде және соның негізінде жұмыс істейтін, сондай-ақ азаматтар мен бірлестіктердің табиғи құқықтарының бөлінбейтіндігін (ажыратылмайтындығын) танытын және оларды шеттеп, аяққа басып, жоя алмайтын мемлекеттік өкімет. Құқықтық мемлекеттің ұғымы ХІХ ғасырда Германияда қалыптасты. Бұл идеяның дамуына көп әсерін тигізген мемлекет туралы Дж. Локктың ілімі болатын, мұнда ол адамдардың ажырамас (бөлінбейтін) табиғи құқықтарын дәріптеп, заң үстемді болуын қалады. Локк кез келген биліктің озбырлығы-на қарсы тұрудың заңдылығын дәлелдеді. Әрине, бұл құқықтық мемлекеттің өзіне тән қасиетінің бірі болып саналатын, өйткені онда азамат мемлекетпен "соттасуға", өзінің құқығын қорғау үшін талап-арызын сотқа жолдауға және т.б. талаптарды орындауды сұрап алатын болатынды. Құқықтық мемлекет ұғымының ең бастысы адамды өкіметтің озбырлығынан, оның жеке өміріне қол сұғылмауынан босату болып табылады. Ол мыналарды қамтиды:

азаматтардың ажырамас құқығын өкіметтің тануын;

зандардың құқыққа сәйкестігі;

өкіметтің өзінің органдары мен азаматтардың өзара құқықтары мен міндеттерін тануын.

Егерде құқықтық мемлекеттің ең басты принципі неде десек, біз, әрине, адам, оның қазынасы, бостандығын айтамыз. Сондықтан, құқықтық мемлекетті құру азаматтық қоғамды қалыптастырусыз мүмкін емес. Азаматтық қоғам - бұл жай азаматтардың жиынтығы емес, мұнда азаматтар өздерінің мүддесі мен қажеттілігін әр түрлі тәуелсіз ерікті партияларды, ұйымдарды, кәсіпкерлік және басқа да одақтарды құру, мемлекеттік өкімет органдары мен лауазымды адамдар арқылы еркін іс жүзіне асыра алады. Демек, азаматтық қоғам — мемлекеттен, әрі саясаттан тыс қатынастардың жиынтығы (экономикалық, әлеуметтік, мәдени, адамгершілік, отбасылық, діни). Азаматтық қоғамның элементтеріне жататындар:

ерікті өзін-өзі басқара алатын адамдардың жиынтығы (отбасы, кооперация, ассоциация, шаруашылық корпорация, кәсіптік, спорттық, және басқа да бірлестіктер);

мемлекеттік емес (саяси емес) экономикалық (оның негізін жеке меншік, нарықтық экономика құрайды), әлеуметтік, адамгершілік және басқа да қоғамдық ұйымдардың жиынтығы; өндірістік және адамдардың жеке өмірі, әдет-ғұрпы, дәстүрі; ерікті адамдардың өзін-өзі басқару сферасы және олардың ұйымдары; бұқаралық ақпарат құралдары.

Тарих парағы керсеткендей, көптеген ойшыл-гуманистер адам мен қоғам мүдделері арасында үйлесімді тендестік орнатуға мүмкіндік беретіндей мінсіз формуланы іздестірген. XIX ғасырда неміс философы Иммануил Канттың: "Өз құлқың сүймегенді өзгеге істеме" дейтін әйгілі императиві (яғни мінез-құлық ережесі) кепшілікке мәлім болды. Бұл ереже адамдар арасындағы, тұлға мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастар проблемасын шешеді деп санады. Ал енді оған зер салып қарасақ, мұның өзі бұлай істеуге болмайды деп сақтандыру ғана екенін, ал қалай әрекет ету керек екені жайында ештеме айтпайтынын аңғару қиын емес. Өйткені қоғамның бүкіл даму барысында мінсіз тепе-теңдіктің, жалпыға бірдей әділеттіліктің болуы бірғайып. Мұны кезінде мойындаған Канттың императиві де күресті тек ереже бойынша жүргізуге шақырады. Сөйтіп, қандайда болмасын қоғам қайшылықтарының ең әуелгі бастапқы жағдайларын түбегейлі өзгерту үшін оны қай-та құру қажет. Істің бар мәнісі осында жатыр. Қоғам сайып келгенде толып жатқан жеке адамнан құрылады. Бір затты біреу дайындауы тиіс, бір идея біреудің миында пісіп жетілуі тиіс, бір сөзді біреу айтуы тиіс. Демек, қоғамдық өмірдің интенсивтігі мен толымдылығы, оның өсу қарқыны, бір жағынан, қоғамдық құрылысқа, екінші жағынан — оның мүшелерінің творчестволық күш-жігеріне, олардың қабілетінің дамуы мен іске қолданылу дәрежесіне, еңбекке қатысына және басқа адамгершілік қасиеттеріне, ақыр соңында саяси пәрменділікке байланысты. Жоғарыда айтып кеткендей, азаматтық қоғамда әрбір жеке адам, жеке тұлға өздерінің жеке мүддесін көздейді. Азаматтық қоғамда ең басты функцияны мектеп пен университет атқарады, олар орта және жоғары білімді болып табылады. Азаматтық қоғамның қажеттілігін білім деңгейі анықтайды, әрине ондай сапалы білімді тек қана мектеп пен университет бере алатыны сөзсіз. Дәлірек айтсақ, орта (негізгі) және жоғары білімдік нақтылы стандарттан құрылады. Бұл стандарттар мемлекеттік оқудың бағдарламасы ретінде, әсіресе орта мектептерде жиі кездеседі, әрі осындай түрде бекітіледі. Азаматтық қоғамның институттары болып баспасөз, радио және теледидар болып табылады. Бұлар бұқаралық ақпарат құралдары, әрі қоғамдық пікірді білдіруші ретінде азаматтық қоғам мүшелерінің барлығын біріктіруші күш. Бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы тағы да мынадан көрінеді: мемлекеттік органдар және лауазымды адамдар тиісті айғақтар мен жұртшылыққа белгілі жағдайларды бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлерінен жасырмаулары тиіс, егер бұлар мемлекеттік құпия болып табылмаса. Ақырында, бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы оның қызметкерлерінің өз ой-пікірін еркін білдіруден, өкімет, мемлекет басшысының саясатына әр түрлі баға беруден көрінеді. Азаматтық қоғам — нарықтық-демократиялық қоғамның өмір сүру нысаны, сондықтан да болар бұл құқықтық мемлекеттің өзегі болып табылатындығы. Сөйтіп құқықтық мемлекетте азаматтарға бостандық, еріктілік, меншіктік кепілдіктер мемлекет тарапынан құқыққа сәйкес беріледі.

Құқықтық мемлекет тұжырымдамасында "құқық" және "заң"терминдері бір-бірінен ажыратылады. Өйткені, бұл тұжырымдаманың өзі — адамның тумысынан жазылған құқықтар мен бостандықтардың жиынтығы ретіне табиғи құқыққа негізделген (өмір сүру құқығы, жеке басының бостандығы, кадр-қасиетіне қол сұғылмауы, меншік және т.б.). Сондықтан, заң нормативтік құқықтық акті ретінде мемлекет орнықтырған жалпы құқықтық тәртіпке қарсы тұрмауы тиісті. Басқаша айтсақ, заң гуманизмге, әділдікке, демократизмге толы болуы жөн. Сондықтан, заң құқықтық (құқыққа сәйкес) және құқыққа қайшы (оған сай болмай, табиғи құқықты аяққа басып адамның бостандығына нұқсан келтіруі мүмкін) болуы мүмкін. Ілгеріде тек құқыққа сай заңдар туралы сөз болады. Заң жоғарылығы (құқықтық) дегеніміз әр түрлі мемлекеттік органдардың шығарған барлық нормативтік-құқықтық актілердің ішінде заң ең жоғарғы күші бар құжат, сондықтан қалған актілер бұған қайшы келмеуі тиіс. Заң еріксіздікке, менмендікке, анархияға жол бермеуі тиіс. Биліктің бәлінуі — бұл биліктің үш тармағының (заң шығарушы — заң қабылдау; атқарушы — оның орындалуын ұйымдастыру; сот — құқықтық мәні бар даулардан туатын істерді қарау) арасындағы өкілеттіктерді бөлу. Бұл ретте "тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесі" іске асырылады, яғни бұл тармақтардың әрқайсысының билікті өз пайдасына иемденіп кетпеуі үшін бірін-бірі ұстап тұрушы құрал, бір-біріне ықпал етуші күш. Азаматтық қоғамдағы мемлекеттің міндеттеріне

құқықтық тәртіпті қорғау, қылмыстылармен күресу, жеке және ұжымдық меншік иелерінің қызметіне кедергісіз қолайлы жағдайды тудыру, олардың құқықтары мен бостандықтарының іс жүзіне асырылуына жәрдемдесу, т.б. жатады. Ал енді азаматтардың міндеттеріне жататындар:

заңға құлақ асу;

занды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу;

басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, абыройы мен арнамысын қадірлеп, сақтау;

монополизациялауға немесе жосықсыз бәсекеге бағытталған экономикалық қызметке тыйым салу (жол бермеу);

қоршаған ортаны қадірлеу;

тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасау, тарих пен мәдениет, діни ескерткіштерін қорғау;

Отанды қорғау;

балаларды және жұмысқа жарамсыз ата-аналарды құрметтеп, қорғау.

Қорыта келгенде, азаматтық қоғамның ұйымдастырылу жағдайы мен принциптерін атап өткенді жөн көрдік. Оларға жататындар:

экономикалық еріктілік, меншіктің әр қилы нысандары, нарықтық қатынастар;

адам мен азаматтың табиғи құқықтарын тану және қорғау;

биліктің демократиялық мәні;

заң және сот алдында әркімнің теңдігі, жеке тұлғаның заңмен тұрақты және шынайы қорғалуы;

құқықтық мемлекеттің билікті бөлу және өзара іс-қимыл жасау принципіне негізделуі;

саяси және идеологиялық әр алуандылық, шынайы оппозициялардың (қарсы жақтардың, күштердің) болуы;

сөз бен шығармашылық еркіндігі, бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіздігі;

азаматтардың жеке өміріне мемлекеттің қол сұқпауы, олардың өзара міндеттілігі мен жауаптылығы;

бейбітшілік, ұлттық келісім;

әлеуметтік саясаттың тиімділігі, адамның шынайы өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету.

Құқықтық мемлекет — бұл адамның табиғи құқығы танылатын және кепілдік берілетін, мемлекет билігінің заң шығарушы, атқарушы және соттарға бөлінуі шынайы жүргізілетін құқықтық заңдардың жоғарылығы, азаматтардың мемлекеттің алдында, мемлекеттің азаматтардың алдында өзара жауаптылығы қамтамасыз етілетін азаматтық қоғамдағы саяси билік ұйымының айрықша нысаны. Құқықтық мемлекеттің принциптері азаматтық қоғамның принциптерімен пара-пар [31, 154-168]. Құқықтық мемлекеттегі – құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның арақатынасының орны ерекше. Құқықтық мемлекеттілік азаматтық қоғаммен табиғи байланысқан, ол онсыз қалыптасып, қызмет етіп өркендей алмайды. Азаматтық қоғам – құқықтық мемлекеттің маңызды компоненттері пайда болып, бекіп, өзінің тіршілікке қабілеттілігі мен өміршеңдігін көрсететін, жетілдірілетін және олар үшін өзіндік бір «тіршілік ету ортасы» болып табылатын, оларға қажетті жағдайлар мен алғышарттар жасайтын айқын әлеуметтік-экономикалық қондырма. Құқықтық мемлекет құрудағы табыстар, бұл процестің өрісі мен қарқыны оның оң және теріс нәтижелерінің ара қатысы азаматтыққа дейінгі қоғамның азаматтық қоғамға айналу дәрежесіне тура пропорционал тәуелді болып табылады. Құқықтық мемлекеттің құрылуы мен дамуы өз кезегінде азаматтық қоғамның нығаюы мен жетілуін жеңілдетеді, және құқықтық емес мемлекеттің құқықтық мемлекетке ауысу процесі біріншісінен екіншісіне айналуы неғұрлым кең өріс алса, азаматтық қоғамға тірек болатын және оған қызмет көрсететін тіректер мен құрылғылар солғұрлым сенімдірек, мықтырақ болады. Басқаша айтқанда, қоғамдық өмірдің аталған екі құбылысының (құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам) арасында өзара келісушілік пен өзара іс-қимыл нысанында екіжақты тәуелділік бар:

іс жүзінде олардың біреуі екіншісінен тіршілік ете алмайды;

бұдан былай олар бір біріне серік болады;

олардың қызмет етуінің нәтижесі бір бірімен тығыз байланысты және олардың әрқайсысына тікелей әсер етеді.

Азаматтық қоғам әдетте, жеке меншіктің және нарықтық қатынастардың, орта таптағы меншік иелерінің ролінің арта түсуімен, бәсекелестік, шұғылдық, парасатты есептей білу негізіндегі шаруашылық және коммерциялық табыстарға қол жеткізілуімен сипатталады. Әлеуметтік толысудың

белгілі бір деңгейіне жеткен соң азаматтық қоғам мемлекеттің өзіне дарытпайтын жағдайда болады, онымен тең және белгілі бір тепе-теңдік орнатып, үйлесімді қатынастар мен өзара әрекеттестікті қалпына келтіреді. Азаматтық қоғамның одан әрі жетілдірілуіне қарай онда мемлекетпен, социумдарымен, жеке тұлғалармен байланыстары жана деңгейге көтеріледі, олардың біреуінің екіншісінен шектен тыс басымдығы болмайды. Қоғамда пайда болған жанжалдар, қарама-қайшылықтар және шиеленістер жария құралдармен, зорлықсыз, басып-жаншусыз, революциясыз шешіледі. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам бір біріне жақын болғанымен әр түрлі мәселелерді тікелей шешеді. Егер мемлекет өзінің конституциялық және заң актілерінде жеке адамның құқықтық мәртебесін баянды ететін болса, онда азаматтық қоғам оны жоғары әлеуметтік мәртебемен қамтамасыз етеді. Мәртебенің бұл екі түрі жеке адамның өмір тіршілігінің әр түрлі жақтарына акцент береді, бірін бірі толықтыра отырып, оған өзінің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Әлеуметтік мәртебе материалдық, ұйымдастырушылық-техникалық мүмкіндіктерді, сондай-ақ әрбір қоғамға тән таптық-топтық, ұлттық-этникалық, социумдық байланыстар мен қатынастардың артықшылықтарын анықтайды. Қоғам бұл мүмкіндіктер мен артықшылықтарға өзінің мүшелерін араластырады. Қоғамның қарамағында мұндай мүмкіндіктер мен артықшылықтар неғұрлым көп болса, азаматтар оны соғұрлым толығырақ пайдалана алады. Олар құқықтық мәртебенің мазмұнын құрайтын мүмкіндікті нығайтады. Олар болмаса құқықтық мәртебенің жүзеге асырылуы кемиді. Мемлекет пен қоғам пайдаланатын жауаптылық институттарының ара қатынасы да ұқсас. Құқық тәртібін бұзушыларды мемлекет заңдық жауапкершілікке тартады, ал құқықтық емес бұзушылықтар қоғамдық-моральдық ықпал ету шараларын қолданумен шектеледі. Мұндайда жауаптылықтың көрсетілген институттары үйлесімділік пен өзара толықтыру жағдайында қолданылады. Азаматтық қоғам өзінің сипатына, табиғаты мен негізгі сапасына қарай – атап айтқанда бостандық пен әділеттілікке қол жеткізуді көздегеніне, демократия мен адамгершілік қарым-қатынастын орныққанына қарай – құқықтық мемлекеттің принциптерін нығайтуды жеңілдетеді, ол тіпті соларға бейімделген сияқты да. Бұл нақтылы неден көрінеді? 3 факторды ғана атап өтейік:

қоғамдық пікірде құқықтың жоғары имиджі, заң институттары, принциптері мен нормаларының беделі мен шүбәсіздігі негізделіп, таратылады;

құқық талаптарын елемей және бұзу қалыпты емес деп бағаланатын жағдай туғызылады, олар көпшілік мойындаған әлеуметтік тәртіпке сыйыспайды;

қоғам құқықты игерудің өзін заң механизмдерімен толықтырушы белгілі бір әлеуметтік және рухани механизмдерін дайындап шығарады, - олардың қатарына азаматтың қоғам жағдайында адамдарда қалыптасатын жеке адамға тән адамгершілік парыз, азаматтылық сезімі, өзіне талап қоя білушілік, өзін-өзі тәртіпке келтіру, әділетсіздікпен ымырасыздық, әлеуметтік белсенділік сияқты қасиеттерді жатқызуға болады.

Осылайша, азаматтық қоғамды қалыптастыру және құқықтық мемлекет құру процестері бірін-бірі итермелеп, бірі үшін екіншісі өзара қолайлы жағдайлар мен алғышарттар туғызады. Құқықтық мемлекеттің жоғарыда аталған белгілерін бір-бірінен бөліп қарамай, біртұтас түрінде алып қараған дұрыс. Азаматтық қоғамда адамдардың экономикалық, саяси және рухани өмірінің түрін еркін таңдауына және жүзеге асыруына заң жүзінде кепілдік беріледі. Олар мемлекет тарапынан қатаң тәртіпке алынудан сенімді түрде қорғалады. Адамның жалпы құқықтары сақталады, бұзылмайды. Азаматтық қоғам экономикасының негізі – әр түрлі меншіктегі көп укладты экономика. Бұл қоғамның әрбір мүшесінің нақтылы меншігі болады және оны өз қалауына сай пайдалана алады. Сондықтан мұнда белсенді іскерлікке, тапқырлыққа, жемісті еңбек етуге кең жол ашылады. Азаматтық қоғам материалдық, мәдени жоғары дамыған шақта құқықтық мемлекетке айналады. Құқықтық мемлекет ол демократиялық жолмен қабылданған заң үстемдік ететін, оның алдында бәрі де тең саналатын, жеке адамның құқығы жан-жақты қамтамасыз етілетін мемлекеттік құрылыс. Заң үстемдігінің мызғымастығы елдің Конституциясында бекітіліп, басқа заңдар мен ережелік актілерге таралады. Заңдар халықтың еркін білдіреді және оны барлық адамдар, мемлекеттік органдар мен мекемелер орындауға міндетті. Мұнда мемлекет пен азаматтар екі жақты өзара жауаптылықта болады. Билік шын мәнінде бөлінеді, олардың міндеттері мен қызметтеріне шек қойылады, өзара бақылау қамтамасыз етіледі. Құқықтық мемлекетте адамның адамгершілік қасиеттері, борыш сезімі, жауапкершілігі биік дамиды. Құқықтық мемлекет жоғары үкіметтің қаулы-қарарларымен кіргізілмейді. Ол үшін мемлекет жан-жақты дамып, пісіп жетілуі керек. Жалпы құқықтық мемлекет



құру бағытын ұстау, біріншіден, таза тоталитарлық, демократиялық сипатта емес институттардың, құрылымдар мен қатынастардан (мемлекеттік жүйедегі партия номенклатурасының қаһары, халық депутаттарын сайлау кездерінде баламалаы кандидаттар ұсынуға жол бермеу және т.б.) бас тартуды; екіншіден, нақ осы құқықтық мемлекетке тән бірсыпыра жаңа институттар, құрылымдар мен қатынастарды енгізу және пайдалану (конституциялық бақылау және т.б.); үшіншіден, билік етудің сақталып қалған барлық институттарын, құрылымдары, халықтың рухани өміріндегі елеулі өзгерістерге қол жеткізу қажет, құқыққа деген менсінбеушілікті жеңе білуге, оның ұйғарымдарын сыйлай білуге өздерін үйрететін тұғыр дайындау үшін, адамдардың санасын қайта құрарлықтай өзгерістер жүргізуді талап етеді .

Басқаша сөзбен айтқанда, «құқықтық мемлекет құру, - деп атап көрсетеді академик М.Т. Баймаханов, күрделі және қарқынды процесс ретінде, материалдық – ұйымдастыру, құрылым, нормативтік – реттеушілік, тәрбиелік, т.б. жағынан алғанда қоғамның көптеген қажы-қайратын талап етеді. Ол бір мезгілдік, бір сәттік актілердің шеңберіне сыймайды, қоғам дамуындағы тұтастай бір кезеңді алады».

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ихласов З.Р. Жасампаз Заң //Ақиқат. – 2005. - №8 – 35 б.
- 2 Сапарғалиев Г.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. - А.: «Жеті жарғы» баспасы, 2006. - 113-116 бб.
- 3 Арғынбаев Д. Құқықтық мемлекет: қалыптасуы мен дамуы.//Саясат.- 2005.- № 2.
- 4 Әлдибеков Ж. Конституциямыздың құқықтық мемлекетті қалыптастырудағы рөлі. // Заң. – 2003. - №8
- 5 Проблемы общей теории права и государства. Учебник для вузов. Под редакцией Нерсисянца В.С. – М: Норма-Инфра-М, 2009. -С. 38-51.
- 6 Жоламан Қ.Д. Құқықтық мемлекет, оның түсінігі мен мазмұны // Право и государство. - 2000. № 1.
- 7 Баймаханов М.Т. Құқықтық мемлекет құрудың кепілі – заңдарды бұлжытпай орындау.// Заң. - 2010. - № 74. - 42 б.

### ӘОЖ 341

Даукенова А. Б.

«Құқықтану» мамандығының 2-курс студенті, Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
Ақтөбе қаласы

### ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ –ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

*Бұл мақалада құқықтық білім беруде құқықтық тәрбиенің рөлі қарастырылған. Құқықтық тәрбие жасөспірімге білім беру арқылы құқықты ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Құқықты ұғынумен қоса, тұлғаны заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру- құқықтық сананың негізгі белгілері болып табылатыны айқын.*

**Түйін сөздер:** азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет, білім, құқық, адам құқығы, мемлекет.

*В этой статье рассматривается роль правового воспитания в правовом образовании. Правовое воспитание в процессе правового обучения означает усвоение права и формирование и развитие правового сознания. Очевидно, что наряду с пониманием права, привитие личности к уважению, защите, исполнению закона и убеждение в справедливости закона являются основными признаками правового сознания.*

**Ключевые слова:** гражданское общество, правовое государство, образование, право права человека, государство.

*In this article the role of legal education is examined in legal education. Legal education in the process of the legal educating means mastering of right and формирование и development of legal consciousness. Obviously, that along with understanding of right, привитие of personality to respect, defence, execution of law and convinced of justice of law are the basic signs of legal consciousness.*

**Keywords:** civil society, legal state, education, right for a human right, state.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының басты алғышарттарының бірі – азаматтардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық мәдениетін қалыптастыру, әсіресе оның құрамды бөлігі – адам құқығының мәдениеті. Адам құқықтары туралы ақпаратпен жүйелі қамтамасыз етудің қажеттілігі маңызды екенін ескерсек, онда бұл салада адам құқығы мәдениетін қалыптастыруда маңызды құралдың бірі – білім беру ұжымдары десек қателеспейміз. «Адам құқығы туралы айтқан кезде бүгін біз адам мен мемлекеттің арасындағы өзара қатынасын айтамыз», - дейді М.Новицкий». Заңгер ғалымдарымыз: «Адам құқығы–адам мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған, өзі заң арқылы қорғалатын болуы мүмкін іс-әрекеттің (мінез-құлықтың) өлшемі (шамасы)» — деп анықтама берген . Адамның құқықтары мен бостандықтары табиғи және оған тумысынан берілген, ажырамайтын, табиғи ретінде танылады және ең жоғары әлеуметтік құндылық

болып табылады. Адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау мемлекет функцияларының бірі.

Тұлға мен мемлекеттің қарым – қатынасы құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам концепциясына сәйкес дамуда. Мемлекет пен адам құқығының арасындағы өзара байланыстылығы және өзара негізділігі құқықтық мемлекеттің басты мақсаты адам және азаматтың құқықтарын қамтамасыз ету болып табылатындығынан көруге болады.

Қоғам тәртіпке негізделіп, қалыптасып, өмір сүреді.

Қоғамдағы тәртіп түрлі әлеуметтік нормалардың, адамдардың мінез — құлқын реттейтін қағидалардың әсерімен, яғни күшімен орнатылады. Құқықтық нормаларды қолдану нәтижесінде құқықтық тәртіп орнығатыны, ал құқықтық нормалар негізінен заңнан нәр алып белгілі құқықтар мен міндеттер жүктейтіні белгілі. Еліміздің заңдарын сақтау, оған мойынсыну- жауапкершілікті, түсіністікті, заңдарды білуді және соған сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекеттерді үйлестіруді талап етеді.

Қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі – қылмыстың, құқық бұзушылықтың алдын алу. Бұны бүгінгі таңда барлық деңгейдегі шенеуніктерден бастап, құқық қорғау органдары қызметкерлері, ұстаздар мен ата-аналар, азаматтар да түсінуде. Құқық бұзушылық жөнінде «Құқық бұзушылық дегеніміз – адамның қоғамға, мемлекетке немесе жеке тұлғаға зиян келтіретін, соны заң алдындағы жауаптылыққа апаратын құқыққа қайшы әрекеті немесе әрекетсіздігі», — деп көрсетілген. Қоғамда тәртіп орнамаса, ол құлдырайды, яғни келешегі болмайды. Бұл бәрімізге белгілі және оны жақсы түсінеміз. Дегенмен, қоғамда қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да кездеседі және бұл — құқық бұзушылықтың орын алуына әкеп соқтырады, сондықтан құқық бұзушылық — қоғам өміріне тән қауіпті дерт.

Құқық бұзушылықтың себептеріне қатысты ықылым заманнан осы күнге дейін әр түрлі пікірлер айтылып келеді. Солардың ішінде құқықтық нормаларды бұзуына ең алдымен әлеуметтік және биологиялық жағдайлар әсер ететінін байқауға болады.

Жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға, қоғамдық тәртіпті сақтауға, заңды жауапкершілікті сезінуге өз үлесін қосатын, атсалысатын субъектілердің бірі — оқу орындары болып табылады. Оқу орнында жасөспірімнің азаматтық, патриоттық, адамгершілік, салауаттық, құқықтық, мәдени, шығармашылық т.б. қасиеттерін дамыту және қалыптастыру процесі жүзеге асырылады. Бұл ұжым мүшелеріне үлкен жауапкершілік пен міндет жүктейді.

Құқық бұзушылық пен келеңсіз жағдайларды барынша болдырмау және алдын алу, оның зияндылығы мен қауіптілігін түсіндіруде — өскелең ұрпаққа құқықтық тәрбие беру, оның мақсат – міндеттерін дұрыс түсіндірудің маңызы ерекше. Құқықтық тәрбие беру жан — жақты тәрбиелеудің маңызды бір саласы. «Құқықтық тәрбие мақсаты – оқушыларда құқықтық мәдениет пен құқықтық әрекет – қылық қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу», — деп анықталған. Құқықтық тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Мемлекетіміз жастарға құқықтық тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау – ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендегі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Сондықтан да әр оқушының санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қоймай оның күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу құқықтық тәрбиенің міндеті болып табылады. Құқықтың тәрбие негізі отбасынан басталады.

Бізге көптеген ата - аналар баланың кемшілігін мектептегі мұғалімдерден көреді. Отбасында мұғалімдер туралы жақсы пікір айтылса, алдымен ата - ананың мектеп, ұстаз туралы жақсы ниеті балаға жақсы әсер етеді. Ондай балалардың оқуға, білімге, мектепке құштарлығы артады. Ұстазды, адамды сыйлауы өзгеше болады. Мектеп, ұстаз туралы басқаша пікірде көңілі толмаған ойлардың жетегінде баласының алдында ғайбаттау сөздер сөйленетін болса, ол баланың мектеп, мұғалімге көзқарасы өзгереді. Оқу - үлгеріміне әсер етеді. Немқұрайлы қарап, үлгерімі нашарлайды. Ата - ана өз баласының ынтасын үйдегі тәрбие арқылы өзі жойып отырғанын білмейді. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Мектепке келгеннен кейін ол мінез отбасында қалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасады. Бір тәуліктің яғни 24 сағаттың 6 сағаты мектепте, қалғаны тәрбие ордасы, үнемі ата - ана болып қала береді. Баланың сабаққа саналы қарап озат оқушы болып өсуі, ол мұғалім мен ата -

ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы, немесе ұшқыр ұшақ жасаумен тең десем артық емес. Дұрыс өспеген жеміс ағашы, дұрыс жеміс бермесе қуануға бола ма? Бір бөлшегі бұрыс жасалған ұшақты ұшырғаннан не пайда? Ол өзінде, өзгені де мерт етпей ме?

Сонымен әрбір ата - ана өз баласының тәрбиелі де, саналы, мәдениетті, жүрген ортасында сүйкімді болу үшін алдымен тәрбиені өзінен бастағаны жөн, яғни оғаш қылықтармен баласына үлгі - өнеге көрсетпеуге тырысқаны жөн. Жас кезінде баласына дұрыс тәрбие бере алмаған ата - ана кейін бармағын тістеп өкініп қалады. Қалай қисайтсаң солай өседі. Оның түзу жолмен жүріп білімді де саналы азамат болып өсуі біздің, яғни әрбір ата - ананың қолында. Жастар арасында құқықтық тәртіпті бұзушылықтың алдын алу үшін жүргізілетін шаралар:

тәртіп бұзушының теріс мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететін жағдайларды жою;  
жас буынның тәрбиесін, өмір жағдайын, ортасын сауықтыру;  
оқу, еңбек іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру;

Отан қорғау, туған елдің күш-қуатын молайту, сөз, баспа-сөз бостандығы мәселелері жөнінде тәрбиелік іс-шараларды өткізу.

Тәрбие процесінің мынадай бағыттарына көңіл аудару қажет:

үйлесімді жан-жақты дамыту мақсатын есепке ала отырып, тұлғаны біртұтас қалыптастыру;  
азаматтық құндылықтар, әлеуметтік бағдарлы мотивация, ақыл-ой, эмоционалдық және еріктік үйлесім ауқымы негізінде тұлғаның адамгершілік сапаларын қалыптастыру;  
білімгерлерді ғылыми, мәдени және өнер, т.б. қоғамдық құндылыққа тәрбиелеу;

қоғамның демократиялық өңделуіне, тұлғаның құқықтары мен міндеттеріне сәйкес өмірлік позицияға тәрбиелеу. Құқықтық тәрбие беруде олардың құқықтық сана сезімінің бірінші кезекте қалыптасуының маңызы зор. Себебі, құқықтық сана – қоғамдық сананың ерекше түрі. Сондықтан, құқықтық тәрбие беруде жастардың санасын тәрбиелеу, жауапкершілік сезімін көтеру, ұйымшылдық пен тәртіптілікті нығайту – оқу-тәрбие жұмыстарының негізгі бір бағыты.

Бүгінде Қазақстан республикасында демократияға бағытталған құқықтық мемлекет құру идеясын жүзеге асырып, ондағы әрбір азаматтың өз құқықтарын жете біліп, соған сай сана-сезімдерін қалыптастыру қажет. Азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау. Өйткені заң дегеніміз - өмірдің нәрі. Заңның мықтылығы атында емес, адалдығы мен әділдігінде. Заңның ең басты мақсаттарының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Заңды білмеу – құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды. Бұл жерде білімгер заң және құқықтық мәдениет ұғымын шатастырмау керек. Құқықтық мәдениет білімгерлерден жан-жақты құқықтық білімдерді талап етеді. Мемлекеттің білімді, адамгершілікті, тапқыр, кез-келген жағдайда дербес шешім жасай алатын, ынтымақтасуға және өзара іс-қимылға қабілетті, ел тағдыры үшін жауапкершілік сезіміне ие адам тәрбиелеу мәселесі жөніндегі әлеуметтік сұранысына жыл сайынғы Республика Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттыққа тәрбиелеу Мемлекеттік бағдарламасынан және т.б. аса маңызды құжаттардан орын алуда. Тәрбие үрдісіне тікелей қатысты негізгі құқықтар Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Қазақстан Республикасының Конституциясында (12, 27, 28, 29, 30, 36- баптарында), «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы», «Неке және отбасы туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы», «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы», «ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы», «Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында және т.б. маңызды құжаттарда жеке тұлғаның ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау; баланың тәрбиеленуі, білім алу және жан – жақты қалыптасуы, ана тілін, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру – білім беру жүйесінің басты міндеттері болып табылады. Жоғарыда аталған заңды нормативтік құжаттардың мақсаттары мен міндеттерін толық баяндап жеткізуде жастар арасында тәртіп орнату, тұлғалардың дербес жауапкершілігін арттыру, қылмысты болдырмау жолдарын дамытып, жандандыру қажет. Тағдыр таразысының қалай қарай ауатыны – бесіктің қалай тербелетіне байланысты дегендей, бүгінгі ұрпақ ертең мемлекеттің тұтқасын ұстар бір азамат. Жігері жалын боп жанып, өрелі өрге талпынған бүгінгі белсенді жастар мемлекет еңсесінің биік тұғырының

берік қалануына сүбелі үлес қосып жатса, қазақтығы қанында азаматтығы жанында буырқанған бөрі тәңірлі еліміздің рухының мықты екендігінің айғағы емес пе? Меже биік, межеден табылу – абырой. Ендеше, өркенді де өршіл дамып келе жатқан елдің ірге тасын қалау – жастардың мақсаткерлігі мен ынтымақтастығында. Құқықтық мемлекетті орнықтыруда еліміздің құқықтық мәдениетін көтеру басты мақсатымыз болмақ. Ол үшін құқықтық тәрбие талаптарын сараптап алғанымыз жөн. Сондықтан мынадай ұсынысымыз бар:

Жалпы білім беру мектептерінің алғашқы сыныптарынан бастап «Құқық негізі» пәнін оқытып, оның оқу бағдарламасына «Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері» туралы Конституциялық құқықтан, Әкімшілік құқығынан, Азаматтық құқықтан, Қылмыстық құқықтан нормалар енгізілуі тиіс.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарының бұзылуы және олардың құқықбұзушылыққа қатысулары мектеп оқушыларының өз құқықтары мен міндеттерін меңгермегендіктен туындайды. Мектеп оқушылары өздерінің құқықтары мен міндеттерін білетін болса келеңсіз жағдай туғызатын мұғалімдерді орнына қоя біледі және құқықтық мемлекеттің басты принципінің бірін орындауға мүмкіндік туындайды. Ауыл халқы құқықтық сауаттылық жағынан толық қамтылмай отыр. Оны Президенттің Жолдауларын насихаттауға барған кезде заңгерлер жақсы байқайды. Сондықтан әрбір ауданға қарасты ауылдарда аудандағы әділет бөлімінен құқықтық сауаттылықты көтеретін жоғары білімді бір заңгерден бекітілуі тиіс. Әйтпесе ауылдан қалаға келген, аудан орталығына ауылдан келген адамдардың құқықтық сауаттылық деңгейінің кемшілігі байқалып отырады.

Құқықтық саладағы білімді арттыруға бағытталған, мамандандырылған интернет-сайттар ашылуы қажет. Азаматтардың еркін түрде құқықтық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік туар еді. Ғалым, заңгерлерді, саясаттанушыларды, құқық қорғау, сот және өзге де органдардың неғұрлым тәжірибелі практикалық қызметкерлерін тарта отырып, құқықтық пәндердің оқытушыларын қайта даярлау және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру; Сонымен, құқықтық тәрбие мен құқықтық жігерлі сана алдымен отбасынан басталады. Бүгінгі қоғамды дамыту үшін әрқайсысымыз құқықтық заңға құрметпен қарап, өз бойымызда құқықтық сана мен жігерді шыңдауымыз керектігін өмір көрсетіп отыр. Аталған қылмыс түрлерін болдырмау, оның алдын алу үшін құқықтық насихатты күшейтіп, құқықтық тәрбиені одан әрі жетілдіру қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Г.Искакова, Н.Ғазизова, А.Сембаева, Қазақстан Республикасындағы адам құқығы, оқу құралы, Астана, 2008 ж, 9 бет
2. Ғ.Сапарғалиев, А.Ибраева, «Мемлекет және құқық теориясы», Алматы, 2007ж, 198 бет
3. Ғ.Сапарғалиев, А.Ибраева, «Мемлекет және құқық теориясы», Алматы, 2007ж, 181 бет
4. Бабаев С., Оңалбек Ж. «Жалпы педагогика», Алматы, 2005ж, 163-бет
5. Ғ.Сапарғалиев, А.Ибраева, «Мемлекет және құқық теориясы», Алматы, 2007ж, 197 бет
6. А.Ә.Маханбетова, Р.С.Егізбаева, «Кәмелетке толмағандарды құқықтық мәдениетке тәрбиелеу», Алматы, 2010 ж, 20 бет

**ӘОЖ 340.132.83.**

**Жандос Т.Ж.**

*«Құқықтану» мамандығының II-курс студенті Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*

### **ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КЕПІЛДІКТЕРІ**

*Мақалада заңдылық және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету кепілдіктері мәселелері қарастырылған. Заңдылық пен құқықтық тәртіп проблемасы мемлекет және құқық теориясының басты және маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселе ғылыми тұрғыдан шешуді талап етеді. Осылайша, заңдылықты қоғамдық қатынастардың барлық қатысушыларының (мемлекет, оның органдары, қоғамдық және өзге де ұйымдар, еңбек ұжымдары, лауазымды адамдар, азаматтар – барлығы да) құқық нормаларын қатаң, бұлжытпай сақтау, орындау принципі, әдісі және режимі ретінде айқындайды.*

***Түйін сөздер:** Заңдылық, құқықтық тәртіп, заң үстемдігі, тәуелсіздік, сот жүйесі, концепция, адам құқығы.*

*В статье рассмотрены проблемы гарантий в обеспечении законности и правопорядка. Проблема законности и правопорядка является ключевой проблемой в теории государства и права. Она требует к себе повышенного научного внимания. Таким образом, законность определяется как принцип, метод и режим строгого и неукоснительного соблюдения*

*всеми участниками общественных отношений (государством, его органами, общественными и другими организациями, трудовыми коллективами, должностными лицами, гражданами – всеми) правовых норм.*

**Ключевые слова:** Законность, правопорядок, правосудие, независимость, судебная система, концепция, права человека.

*The article deals with the problems of guarantees in ensuring law and order. The problem of law and order is a key problem in the theory of state and law. It requires increased scientific attention. Thus, legality is defined as a principle, method and regime of strict and strict observance by all participants of public relations (the state, its bodies, public and other organizations, labor collectives, long-term individuals, citizens - all) of legal norms.*

**Keywords:** Legality, law and order, rule of law, independence, judicial system, concept, human rights.

Заңдылық және құқықтық тәртіп проблемасы Қазақстанның бүкіл дамуын, соның ішінде социалистік кезеңді қоса алғандағы даму барысында мемлекетті қалыптастыру теориясы мен практикасындағы ең маңызды, өзекті және күрделі мәселелердің бірі болып келеді. Заңдылық мәселелері құқықтану ғылымдарының барлық ғылыми зерттеулерінің, сондай-ақ құқықтанудың кез келген теориялық және практикалық проблемаларының маңызды бөлігін құрайды. Бұл ереже-жағдай ҚР мемлекеттік органдарының, соның ішінде құқық қорғау органдары мен құқық қолдану органдарының заңдылықты сақтауы, демократияға тән ажырамас қасиет екендігін, құқықтық мемлекеттің міндеттерінің табысты орындалуының қажетті шартын білдіретіндігімен байланыстырылғаны мәлім. ҚР Конституциясының 16. "Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары" деп жарияласа, ал оның 12 бабы "Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі" делінген. Осылай бекіте отырып, ҚР Конституциясы мемлекетке, оның органдары мен лауазымды тұлғаларына жеке тұлғалардың құқықтарын ұлтына, діни сенім-нанымына, саяси көзқарасына, жынысына, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына байланысты құрметтеуге, қорғауға және кепіл болуға міндеттейді. Заңдылықтың бұзылуы оның қайда жерде жасалғандығына қарамастан, оның кез келген түрдегі бұзылуы халықтың, қоғамның мүддесіне, ал егер оның бұзылуына қазақстандық заңдардың сақталуы үшін күресуге міндетті мемлекеттік органдар жол беретін болса, онда оның екі есе қауіп төндіретіні сөзсіз. Заңдылық-бүкіл заң ғылымдары мен практикасының іргелі, негізін қалаушы категория, ал оның деңгейі мен хал-жағдайы қоғамның, оның азаматтарының құқықтық өмірінің басты белгісі ретінде қызмет етеді. Заңдылықты нығайтудағы практикалық қызмет заңдылықтың өзекті проблемаларын ғылыми тұрғыдан шешуді талап етеді. Құқықтану ғылымдары облысындағы теориялық концепцияларды практика тұрғысынан бағалау, ең алдымен, қандай-да бір концепцияның, мәселе көтерудің қайсысы заңдылықты нығайтуға, мемлекеттік қызметкерлерді, қоғамдық ұйымдардың қызметкерлерін, азаматтарды тәрбиелеуге ықпал ететіндігін анықтауы қажет. Заңдылықтың сөзсіз, мүлтіксіз жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін және жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардың өздерінің қарамағындағы істері мен мәселелері бойынша заңдарды дұрыс қолданудың маңызы аса зор. Мемлекеттік органдардың заңдарды өздеріне дәлме-дәл сәйкестілікте, ешбір ауытқусыз дұрыс қолдануы заңдылықтың маңызды жақтарының бірі болып табылады. Сонымен, заңдылық дегеніміз мемлекеттің конституциясын, парламенттің қабылдаған заңдарын, президенттің заң күші бар жарлықтарын қатаң бақылап, оларға нышан келтіруге жол бермеу. Заңға тәуелді актілерді бақылау заңдылыққа жатпайды. Отандық теория ғылымында айтылғандай, заңдылықтың мазмұны үш элементтен тұрады.

1. Қоғамда әділ заң саясаты болу керек. Сол арқылы мемлекеттің заңдары бостандықты теңдікті, адамгершілікті, инабаттылықты, парасаттылықты және т.б жақсылықты мемлекет пен азаматтардың ара қатынасын дұрыс басқару.

2. Конституцияның, заңның мазмұнын толық іске асыру, дұрыс орындау.

3. Конституция мен заңды халықаралық құқықтың принциптерін қатаң қорғау, оларға нұқсан келтіруге жол бермеу.

Заңдылық — өркениеттік қоғамның өміріндегі қызметінің, оның саяси жүйесінің барлық бөліктерінің қарапайым негізі. Өзінің әрекетімен, адам баласы өмірінің ең маңызды аясына сай үйлесімділік кіргізеді, адамдар мүдделерін адалдық жолмен шешуді қамтамасыз етеді. Мемлекетпен шығарылған заңдарды сақтау талабы баяғыда, өте ерте кезде белгіленген. Римнің заңгерлері қайткен күнде заңдарды сақтау қажеттігін айтқан (заңдар қатаң, бірақ ол заң — деген). Заңдылық заңдарды

іске асыру процесі, заңдылықтың режимі, крғам өмірінің сондай жағдайы, онда құқықтық қатынастардың субъектілері өздеріне жататын құқықты міндетті еркін іске асыратын кез. Заңдылық қоғам өмірінде сондай тәртіптің алғышарты, ол құқық нормаларына сай келеді. Басқа сөзбен айтқанда, заңдылықтың әрекеті арқасында қоғамда құқықтық тәртіп құрылады, оның мақсаты қоғамдық қатынастарды реттеу болып табылады. Яғни, заңдылықпен құқықтық тәртіп — қоғам өмірінің басты әлеуметтік құндылығы, адамзаттың өмір сүруінің негізі. Оларды қамтамасыз ету де бүкіл қоғамның, әсіресе, мемлекеттің атқаратын қызметінің негізгі бағыты. Заңсыздық пен құқықтық тәртіптің бұзылуы өтпелі кезеңде әсіресе етек алатыны бәрімізге белгілі. Оларға қарсы күрес жүргізу үшін баршама күш, қайрат қажет. Заңдылықты қорғау субъектілері мемлекет, оның органдары, лауазымды тұлғалар, қоғамдық ұйымдар егер де заңды рұқсаты болса. Жеке тұлғалар заңдылықты қорғаудың субъектісі болмайды. Олар заңды бұзса, құқықтық тәртіпті бұзған болып саналады. Заңдылық дамыған елдердің саяси, мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік құрылысының негізі. Жақсы заңдылық қоғамның барлық саласына өзінің әсерін ықпалын тигізеді. Заңдылықтың өзіне тән ерекшеліктері. Заңдылық барлық қоғам көлемінде дамиды. Оны орындау, дамыту барлық қоғамның жұмысы. Бұл жұмыс ету мемлекеттің, бірлестіктердің, одақтардың, ұжымдардың, саяси партиялардың міндеті. Бақылау мемлекеттік органның жұмысы Заңдылық нормативтік актілермен тығыз байланысты дамиды. Олар бір біріне зор әсер етіп отырады. Бірі жақсы дамыса, екіншісі де жақсы дамиды, нашар дамыса, екеуінің де деңгейі төмен болады. Сондықтан, заңдылық мемлекетте бір бірімен тығыз байланысты екі мәселені дұрыс дамытуды қалайды.

1. Заң шығаруды дамыту, нығайту, кемшілікке жол бермеу.

2. Заңды бұлжытпай, уақытында орындауды қамтамасыз ету.

Заңдылықтың негізгі талабы.

1. Заңның үстемдігін қамтамасыз ету.

2. Заңды түсіну мен орындаудың бірлестігін қатаң орындау.

3. Адам өз құқығын, өз бостандығын қорғаймын деп басқаның құқығына нұқсан келтірмеуге міндетті.

4. Заңдылыққа еш мәселені қарсы қоюға болмайды.

5. Құқықты бұзушылыққа қатаң күрес жүргізу.

Ал құқықтық тәртіптің жоғары дәрежеде болуы заңдылықтың деңгейіне тығыз байланысты. Құқықтық тәртіп — заңдылықтың дәйекті, нақтылы толық орындалуы. Заңдылық-құқықтық тәртіптің мазмұны мен мақсаты, мұраты мен қағидалары. Заңдылық пен құқықтық тәртіп тығыз байланысты. Құқықтық тәртіп - заңдылықтың мазмұны мен мүдде-мақсаты. Осы екі ұғым бірлесіп орындалады.

Құқықтық тәртіптің мазмұны - субъектілердің дұрыс тәртібі, нормативтік актінің талабына сәйкес жұмыс жасау, іс-әрекетте қателікке жол бермеу. Құқықтық тәртіптің құрылымы - қоғамның санасымен байланысты тұрғыда іс-әрекет жасап, қатынас арқылы өздерінің мүдде-мақсатын іске асыру. Құқықтық тәртіптің ерекшелігі - бұл қарым-қатынас құқықтық норма арқылы өмірге келіп, мемлекеттің бақылауында болады. Егерде қарым-қатынаста қателіктер кетсе, оны мемлекеттік орган түзетуге тиіс. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 122-V Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясат жеке және заңды тұлғалардың мемлекет кепілдік берген тегін заң көмегін алу құқықтарының кепілдіктерін іске асыру мақсатында жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, техникалық, ақпараттық, аккредиттеу, лицензиялық-бақылау шаралары мен өзге де шаралардың жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды. Қазақстан Республикасында қызметінің негіздері, тәртібі мен шарттары заңда белгіленетін мемлекеттік адвокатура енгізілуі мүмкін. ҚР Конституциясын және заңдарын сақтау қажеттілігі туралы талаптар, ең алдымен мемлекеттік тұрақтылықты қолдауға, республиканың конституциялық құрылысының негіздерін нығайтуға, құқық тәртібі мен әр адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Құқықтық тәртіп пен заңдылық мәселелері ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бағдарламалық құжаттары мен мақаларында басты орын алады. Мысалы, Қазақстан халқына арналған өзінің Жолдауларында Мемлекет Басшысы құқықтық жүйеге, оның дамуы мен жетілдіруіне, адам және

азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына ерекше назар аударады. Бұл мәселелер ҚР Президентімен бекітілген бес институционалдық реформада және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында да белгіленген. 2016 жылы 6 қаңтарда басылымға шыққан ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлт жоспары - қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласының мәні өте зор, себебі онда біздің мемлекеттің әрі қарай даму жолдары көзделген. Осы Ұлт жоспарының екінші реформасы құқықтық тәртіп пен заңдылыққа арналып отыр, оның негізгі мәні – тәуелсіз сот төрелігі мен Қазақстанның бүкіл құқық қорғау жүйесінің тек қана азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, заңдарды қатаң орындалуына және құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталуы тиістігінде. Біз бұны дұрыс деп есептейміз, себебі өркениетті құқықтық мемлекетте құқықтық тәртіб пен заңдылық орын алу керек, онда заңдардың бәрі бұлжытпай орындалуға тиіс, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары толық көлемде қамтамасыз етілуі керек, құқықбұзушылық үшін қатан жауапкершілік көзделуі тиіс, заң үстемділігі қағидасы іс әрекетін жүргізуі керек. Тәуелсіздік алғалы бері мемлекетте құқықтық тәртіп пен заңдылыққа қатысты бір қатар нормативті-құқықтық актілер қабылданды. Олардың ішінде келесілерді атауға болады: ҚР Заңдары «Сот жүйесі және соттар мәртебесі туралы», «Сот приставтары туралы», «Атқару өндірісі және сот приставтарының мәртебесі туралы», «Жоғарғы сот кеңесі туралы», «Әділет органдарының кәсіби коллегиялары туралы», «Құқыққорғау қызметі туралы», «Медиация туралы», «Сыбайласқа қарсы іс қимылдар туралы», Жер, Су, Орман, Кеден, Салық, Бюджет, Неке және отбасы кодекстері, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі, Қылмыстық, Азаматтық кодекстері, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстері, Еңбек кодексі т.б. Ел Басы белгілегендей, біріншіден, барлық осы нормативті-құқықтық актілер сот жүйесіне қоғамның сенімін арттыруына ықпал етеді. Өрине, әділдік тек сотта болатыны белгілі. Сол себептен, әділдік, кінәлі тұлғамен жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесін дұрыс бағалауды, ол жағдайды ауырлататын және жеңілдететін мән жағдайларды, сотпен кінәліге тағайындалатын жазаның түрі мен мөлшерін анықтауды қамтиды. Екіншіден, процессуалдық істерге әділетті шешім қабылдау үшін сапалы судьялар корпусы жасақталуы керек. Ол үшін судьялыққа кандидаттарды іріктеудің қатаң тетігі мен оларға қойылатын жоғары біліктілік талаптары заң тұрғысынан қарастырылған. Сондықтан соттар қатарына үлкен өмірлік тәжірибесі бар және жоғары моральдық ұстанымдарға ие ең лайықты әрі барынша дайындалған кәсіби шеберлер іріктелінеді. Судьяларды іріктеу мен тағайындау үдерістері қоғам үшін мөлдір және ашық болады. Сонымен қатар, өзінің аппараты бар, құрамы мен өкілеттілігі кеңейтілген автономды мемлекеттік мекемеге айналатын Жоғары Сот Кеңесі түбегейлі реформаланады. Үшіншіден, сот жүйесі үш сатылы болады, яғни, бірінші, апелляциялық және кассациялық инстанциялар. Сонымен бірге, істердің басым мөлшері бірінші және апелляциялық инстанцияларда шешілетін болады. Ал, судьяларды және сот мәжілісіне басқа да қатысушыларды тәртіпке шақыру мақсатында және сот процессі мен сот қабылдаған шешімнің объективтілігін қамтамасыз етілуіне байланысты сот залдары сот істерін аудио және видеожазудың аппаратураларымен жабдықталынады және жазбаларды қандай да бір тоқтатуға немесе редакциялауға мүмкіндік берілмейді. Төртіншіден, Жоғарғы Сот жанындағы Сот жюриі түбегейлі қайта құрылады, ол азаматтардың судьялардың іс-әрекетіне арыз шағымдарды қарайды; судьялардың Этикалық кодексі қабылданады; Жоғарғы Сот жанынан дауларды, оның ішінде, ірі инвесторлар қатысатын дауларды қарау үшін мамандандырылған алқа құрылатын болады; қылмыстық іс жүргізу шеңберінде соттарда, оның ішінде сотқа дейінгі кезеңде, айыптау мен қорғау арасында теңгерім қамтамасыз етілетін болуы тиіс; соттардың төрағалары басқа судьялар қабылдайтын шешімге ықпал ету мүмкіндігі мүлдем болмайды; мемлекеттік сот орындаушыларын кезең-кезеңімен қысқарту арқылы жеке сот орындаушыларының институты одан әрі дамытылады. Бесіншіден, сот төрелігін барынша объективті атқаруға мүмкіндік беретін және құрметті зейнетке шыққан судьяларды зейнетақылық қамтамасыз ету бойынша барлық мәселелерін шешуді қарастыратын заң қабылданады. Заңдылық пен құқықтық тәртіп сияқты құқықтық құбылыс тығыз байланысты.

Сонымен қорытындылай келе, құқықтық тәртіп бұл қоғамдық өмірді белгілі бір жүйеге, ұйымдастырушылыққа, тәртіпке келтіруді білдіреді. Мысалы, осыған байланысты мемлекет Басшысы бізге барлық құқық қорғау органдары және бәрінен бұрын полицияның адамдардың мүддесін қорғау үшін және қоғамдағы құқықтық тәртіпті нығайту бойынша қызмет етуі қажет деп тұжырымдады. Ол үшін жергілікті билік органдары мен жергілікті қоғамдастықтарға есеп беретін жергілікті полиция

қызметі құрылады. Олар қоғамдық тәртіп күзеті, тұрмыстық қылмысқа қарсы тұру, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен ұсақ құқық бұзушылықтарға төзбеушілік көрсету мәселелерді жүзеге асырады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Братусь С.Н. Юридическая ответственность и законность. М.; 1976.-321 с
2. Васильковский Е.В. Руководство к толкованию и применению законов. М., 1997, -72 с -
3. Темирбуланов С.Г. Некоторые вопросы теории конституционной законности // Науч. тр. «Әділет». 1997. № 1, -32 с
4. «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі» туралы: Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 122-V Заңы
5. Мами К.А. Суд как гарант утверждения законности и справедливости//Правовая реформа в Казахстане. - Алматы, 2006.-№1(31).С. 3-5.

## ОӘЖ 34

Жумагалиева А.Н.

«Құқықтану» мамандығының II-курс студенті Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

### ҚҰҚЫҚТЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ

Мақалада құқықтың мәні мен оның қоғам мен мемлекет өміріндегі рөлі қарастырылған. Қоғам және мемлекет өміріндегі құқықтың рөлі, оның тағайындалуы реттеушілік және қорғашы функциялар арқылы көрініс табады. Қоғамдағы тағайындалуын және шынайы табиғатын өрнектейтін негізгі ішкі, қатысты тұрақты сапалық тұғыры. Жалпы алғанда құқықтың мәні ол қоғамдағы тағайындалуын және шынайы табиғатын өрнектейтін негізгі ішкі, қатысты тұрақты сапалық тұғыры болып табылады.

**Түйін сөздер:** құқық, мемлекет, құқықтық норма, мемлекеттік мәжбүрлеу, жауапкершілік.

*В статье рассмотрены сущность права и его роль в жизни общества и государства. Роль права в жизни общества и государства, его назначение выражается в регулирующих и защитных функциях, основных внутренних, относительные устойчивых качественных позициях, отражающих назначение и истинную природу общества.*

**Ключевые слова:** право, государство, правовая норма, государственное принуждение, ответственность.

*The article discusses the essence of law and its role in the life of society and the state. The role of law in the life of society and the state, its purpose is expressed in the regulatory and protective functions, the main internal, relative stable qualitative positions, reflecting the purpose and true nature of society.*

**Keywords:** law, state, legal norm, state coercion, responsibility.

Құқық мәні туралы айтпастан бұрын заңдық мағынада оның түсінігін анықтау қажет. Құқық – мемлекетпен бекітілген, санкцияланған және қорғалатын және қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған жалпыға міндетті, формалді анықталған заңдық нормалар жүйесі.

Құқық анықтамасынан шығып оның келесі белгілерін бөліп көрсетуге болады:

1) мемлекетпен байланысы – құқық қоғамнан емес мемлекеттен туындайды, қоғам еркінің емес мемлекет еркінің жүзеге асырылуы ретінде, яғни билік басында тұрған саяси күштердің мемлекеттік еркі; тек мемлекет арнайы құзырлы орган атынан құқық нормаларын қабылдай алады;

2) жалпыға міндеттілік – құқық жалпы сипатқа ие, құқық нормалары олардың алдын ала көрсеткен жағдайына тап болғандардың барлығына және әр қайсысына бағытталған; құқықтық норма кімге бағытталса соларға орындау үшін міндетті, құқықтық норма талаптарын орындамаған жағдайда заңдық жауапкершілік түрінде мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы қолданылуы мүмкін;

3) формальды анықталғандық – құқық нормалары нақты құрастырылған және жазбаша нысанда бекітілген, жүйеленген түрде заңдарда, жинақтарда, прецеденттерде берілген, осы арқылы құқық тағдырлық өзгертулерден қорғалып, оның белгілі бір тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Құқықтың мәні дегеніміз қоғамдағы тағайындалуын және шынайы табиғатын өрнектейтін негізгі ішкі, қатысты тұрақты сапалық тұғыры. Құқықтың мәнін қарастырғанда келесі екі аспектіні ескеру қажет:

1) қандай да құқық бәрінен бұрын қоғамдық қатынастардың реттеушісі болып табылатындығы;

2) кімнің мүддесін білдіретіні және қорғайтыны.

Құқықтың мәніне деген таптық және жалпы әлеуметтік көзқарастар бар:

1. Таптық көзқарас, онда құқық экономикалық үстем таптың заңдастырылған еркін білдіретін, мемлекетпен кепілдендірілген нормалар жүйесі ролін атқарады.

2. Жалпы әлеуметтік көзқарас бойынша құқық қоғамның әр түрлі топтарының, таптардың арасындағы келістіруші ролін атқарады. Осы тұрғыдан құқықтың діни, ұлттық, нәсілдік және тағы да



басқа мәні болатындығын атап өту қажет. Құқық мәнін анықтайтын нормативистік, табиғи-құқықтық, тарихи-материалистік, социологиялық теориялар бар. Дегенмен де, құқық түсінігі тәріздес, оның мәнінің де жан-жақты көп қырлы екендігін естен шығармауымыз қажет. Ол тек таптық және жалпы әлеуметтік бастаумен ғана сабақтаспайды. Қоғам және мемлекет өміріндегі құқықтың ролі, оның тағайындалуы реттеушілік және қорғашы функциялар арқылы көрініс табады. (Құқық функциясы дегеніміз қоғамдық қатынастарды ретке келтірудегі құқықтың ролін өрнектейтін, құқықтың ықпал етуінің негізгі бағыттары). Құқық қоғамдық қатынасты реттеуші ретінде, бірінші кезекте қоғам мен мемлекет үшін әлдеқайда құнды әлеуметтік байланыстарды дамытуға ықпал етуді көздейді. Реттеуші функциясын, ережеге сай көтермелеу, шегерімдер, рұқсат беру, ұсыныс білдіру сияқты құқықтық стимулдар қамтамасыз етеді. Олардың белсенділігі, бастамалығы, ыждағаттылығы үшін кең өріс аша отырып, тұлға мүдделерін қанағаттандыруға әсер етеді. Егер қоғамдық қатынастардың дамуына белгілі бір кедергілер қауіпі төнсе, онда міндеттер, тыйымдар, жазалар сияқты құқықтық шектеулер арқылы жүзеге асатын қорғаушы функция іске қосылады. Қорғаушы функция реттеуші функциядан туындайды және оны қамтамасыз етуге арналған немесе қандай да әлеуметтік байланыстардың дамуының қалыпты үрдісі бұзылған жағдайда қорғау және сақтау әрекет етеді. Қоғамда тіршіліктегі, өндіріс саласындағы, саясаттағы және т.б. салалардағы адамдардың мінез құлқын реттейтін сан алуан нормалар әрекет етеді. Кез келген жағдайда норма адамдардың жалпы мінез құлық ережелері ретінде көрініс табады, латын тілінен аударғанда бұл сөз ереже, нақты предписание, үлгі дегенді білдіреді.

Барлық нормалар техникалық және әлеуметтік болып бөлінеді. Техникалық нормалар затқа, табиғатқа қатысты адамдардың мінез құлқын реттейді. Бұл адамдардың табиғи заттарды, еңбек құралдарын, түрлі техникалық құралдарын әлде қайда тиімді пайдаланудың ережесі. Техникалық нормаларға мысал ретінде белгілі құрылыс жұмыстарын орындау ережелерін, техниканы эксплуатация бойынша инструкцияны, шикізатты, жанармайды шығындау шектерін, мемлекеттік стандарттарды, техникалық жағдайларды келтіруге болады. Техникалық нормалардың ерекшелігі олар техниканы пайдаланумен байланысты адамдардың мінез құлқын реттейді. Қоғамға әлде қайда маңызды техникалық нормалар құқық нысанымен қамтылады және олар заңдық маңыздылыққа ие болады. Сәйкесінше бұл нормаларды сақтамау заңдық жауапкершілікті тудырады. Әлеуметтік нормалар – бұл адамдар арасындағы өзара қарым қатынастарды реттейтін мінез құлық ережелері. Әлеуметтік нормалардың түрлері екі негізгі белгісі бойынша шектеледі:

- 1) оларды орнату тәсілі бойынша;
- 2) оларды қамтамасыз ету шарасының сипаты бойынша.

Әлеуметтік нормалардың түрлеріне жататындар:

1) мораль нормалары (адамгершілік) - бұл адамдардың жақсы мен жаман, жақсылық пен зұлымдық, әділтілік пен әділетсіздік туралы көзқарастарына қатысты қоғамда бекілілетін және қоғамдық пікір күшімен немесе ішкі көндірулермен (мысалы, қарт адамға қоғамдық транспортта орын беру, танертең көршімен амандаспау) қорғалатын мінез құлық ережелері;

2) қоғамдық бірлестік нормалары (корпоративтік нормалар) – бұл қоғамдық ұйымның өзімен бекітілетін және осы ұйымдардың жарғысында көрсетілген қоғамдық мәжбүрлеу шаралары арқылы қорғалатын мінез құлық ережелері. (мысалы, жазушылар немесе бау-бақшашылар одағының жарлығында көрсетілген белгіленген мінез құлық ережелерін орындамау оларды бұл бірлестіктен шығаруына әкеп соқтырады). Басқаша айтқанда, корпоративтік нормалар тек ішкі қатынастарды реттейді: - қоғамдық бірлестік қатысушыларының (мүшелерінің) еркін білдіреді;

3) салт-дәстүр, әдет-ғұрып нормалары – бұл белгілі бір қоғамдық салада тарихи даму үрдісінде қалыптасқан мінез құлық ережесі; көп рет қайталану нәтижесінде әдетке айналып, соның арқасында олар қоғамдық пікірде қолдау тауып қолданылып келеді (ер адамдарда қол алысу, бірінші төлқұжатты беру);

4) құқық нормасы – мемлекетпен бекітілген, санкцияланған және қорғалатын және қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған және оны бұзған жағдайда мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы қарастырылған жалпыға міндетті, формалді анықталған мінез құлық ережесі. Әлеуметтік нормалардың ерекшеліктері:

1) мұнда реттеу пәні терең әлеуметтік – қоғамдық қатынастар;

2) «субъектілік» құрамы әлеуметтік сала өкілдері ретіндегі тек адамдармен ғана байланысты. Әлеуметтік нормалардың түрлерінен құқық нормасын (құқық) бөліп көрсетеді. Егер құқық нормасын нормамен, мысалы моральмен салыстыратын болсақ олардың бірлігі және айырмашылығы бар.

Бірлігі:

- 1) әлеуметтік норма жүйесінде олар әмбебап, барлық қоғамға таралатын болып көрініс табады;
- 2) олардың реттеу объектісі бір – қоғамдық қатынастар;
- 3) соңғы есепте қоғамнан туындайды.

Айырмашылығы:

1) пайда болуы бойынша (егер мораль қоғаммен бірге пайда болса, ал құқық – мемлекетпен бірге);

2) көрініс табу нысаны бойынша (егер мораль қоғамдық санада болса, ал құқық – жазбаша нысанға ие арнайы нормативтік актілерде болады);

3) әрекет ету ауқымы бойынша (егер мораль барлық қоғамдық қатынастарды реттесе, ал құқық әлде қайда маңызды және реттеуге келетін қатынастарды);

4) әрекетке енгізу уақыты бойынша (егер мораль нормалары әрекетке мойындалғаннан кейін енгізілсе, ал құқықтық – нақты бекітілген мерзімде);

5) қамтамасыз ету тәсілі бойынша (егер мораль нормалары қоғамдық мәжбүрлеу шараларымен қамтамасыз етілсе, ал құқық нормалары – мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен);

6) бағалау өлшемі бойынша (егер мораль нормалары жақсылық пен зұлымдық, әділеттілік пен әділетсіздік тұрғысынан реттесе, ал құқық нормалары – заңды және заңсыз, құқықтық және құқықтық емес тұрғыда реттейді). Қоғамдық қатынастарды реттеу үрдісінде құқық пен мораль өзара әрекеттеседі. Олардың талаптары көп жағдайда сәйкес келеді: құқық қолдайтын және даттайтынды ережеге сай моральда қолдап, даттайды. Және керісінше көптеген құқық нормалары нравствендықтан (өлтірме, ұрлама және т.с.с.) туындайды. Корпоративтік нормалар құқық нормаларына ұқсас, өйткені:

1) заңдық нормалар сияқты жазбаша актілерде – жалпы жиналыстарда, конференцияларда, съездерде қабылданатын құжаттарда (мысалы, жарғыда, шешімдерде) бекітіледі;

2) ұйым мүшелеріне міндетті сипатқа ие;

3) жүзеге асыруда ішкі бақылауды қажет етеді;

4) өз нұсқауларын жүзеге асыруды қамтамасыз ету құралдарының тіркелген толық құрамырамына ие;

5) нормалар жүйесі, яғни реттелген мінез құлық ережелерінің жиынтығы ретінде көрініс табады. Сонымен қатар құқықтық және корпоративтік нормалар арасында келесідей айырмашылықтар бар:

1) егер құқық нормалары мемлекетпен қабылданса, ал корпоративтік нормалар – сәйкес құрылымдармен қабылданады;

2) егер құқық нормалары мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен қамтамасыз етілсе, ал корпоративтік – берілген ұйымның қоғамдық пікірінің күшімен;

3) егер құқық нормалары жалпыға міндетті болса, ал корпоративтік нормалар тек сәйкесінше ұйымның мүшелеріне ғана міндетті;

4) егер құқық нормалары қоғамдық қатынастардың кең шеңберін реттеуге арналса, ал корпоративтік нормалар – тек ішкіұйымдастырушылық.

5) Құқықтық және корпоративтік нормалар түрлі ұйымдардың (мысалы, кәсіподақтық) құқық қабілеттілігін бекіту саласында, олармен қабылданған шешімдердің құқықтылығын бағалауда өзара әрекеттесуі мүмкін.

Сонымен, қоғам және мемлекет өміріндегі құқықтың рөлі, оның тағайындалуы реттеушілік және қорғашы функциялар арқылы көрініс табады. (Құқық функциясы дегеніміз қоғамдық қатынастарды ретке келтірудегі құқықтың рөлін өрнектейтін, құқықтың ықпал етуінің негізгі бағыттары.) Құқық қоғамдық қатынасты реттеуші ретінде, бірінші кезекте қоғам мен мемлекет үшін әлдеқайда құнды әлеуметтік байланыстарды дамытуға ықпал етуді көздейді. Реттеуші функциясын, ережеге сай көтермелеу, шегерімдер, рұқсат беру, ұсыныс білдіру сияқты құқықтық стимулдар қамтамасыз етеді. Олардың белсенділігі, бастамалығы, ыждағаттылығы үшін кең өріс аша отырып, тұлға мүдделерін қанағаттандыруға әсер етеді. Егер қоғамдық қатынастардың дамуына белгілі бір кедергілер қауіпі төнсе, онда міндеттер, тыйымдар, жазалар сияқты құқықтық шектеулер арқылы жүзеге асатын қорғаушы функция іске қосылады. Қорғаушы функция реттеуші функциядан туындайды және оны қамтамасыз етуге арналған немесе қандай да әлеуметтік байланыстардың дамуының қалыпты үрдісі бұзылған жағдайда қорғау және сақтау әрекет етеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Табанов. С.А. «Салыстырмалы құқықтану негіздері» Алматы. Жеті Жарғы. 2003 .-323 б.
2. Певцова Е.А., А.Г.Важенин А.Г. Теория государства и права. «Феникс» Ростов-на Дону. - 2003 . -185 с.
3. Абузярова Н.А. Механизм обеспечения законности (факторы и их использование). - Алматы: - Жеті жарғы, 2001. 98с.
4. Братусь С.М. Юридическая ответственность и законность. -Москва., 1975. -118с.

**ОӘЖ: 340.115**

**Исибаева Е.И., Төлеген Б.**

*экономика және құқық факультеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*

### **ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ ТЫЙЫМ САЛУ ӘРЕКЕТТЕРІ**

*Мақалада қоғамда құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептері мен тыйым салу әрекеттері қарастырылады.*

*Түйін сөздер:* құқық бұзушылық, заңды жауапкершілік, әрекет құқықтық тәртіп.

*В статье рассмотрены причины вызывающие правонарушения в обществе, а также система запретительных мер.*

*Ключевые слова:* правонарушение, юридическая ответственность, попытка, правовая дисциплина.

*In the article reasons are considered defiant offences in society, and also system of prohibitive measures.*

*Keywords:* offense, legal responsibility, attempt, legal discipline.

Қоғам әрқашан тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, яғни, келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан да қоғамда тәртіп орнатудың жолдарын қарастырған. Дегенмен, керісінше қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да аз болмаған. Осыдан келіп – құқық бұзушылық орын ала бастады. Құқық бұзушылық – қоғам өміріне тән дерт. Адам баласы өмір сүрген ортада ол да әрқашан орын алады. Бұл объективтік құбылыс. Құқық бұзушылық заңды, оның қағидаларын құқықтық нормалар жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау[1,36]. Ол адамдардың іс-әрекеті, қылығы, мінезі немесе әрекетсіздігімен сипатталады. Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды шарттарының бірі. Заңды, әлеуметтік пайдасы бар қызметке және қоғамға шынайы көзқарасын қалыптастырып, жас ұрпақты қылмыстық әрекетке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу заман талабы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев болашақ тізгінінің қазіргі жасөспірімдермен тікелей байланысты екенін айтып қана қоймай, олардың білімді де парасатты, жігерлі де қайратты, көпшіл де ойшыл болуы жолында істелген істер мен істелер істердің толассыз жүзеге асып жатқандығын айтудан жалықпай, оны үнемі нақты дәлелдер арқылы көрсетіп жүргені белгілі. Шынында да, жас болса да, болашағын тікелей елімен, жерімен байланыстыратын талантты, білімді жастар баршылық. Десек те, күнделікті өмірде қоғамға жат ірекеттерімен көрініп, келеңсіз жағдайға өзін де, сенім артқан ата-ансын да қалдыратын кәметке жасы толмағандардың да кездесуі жасырын жайт емес. Кәметке жасы толмағандардың ойланбай, құқық бұзушылыққа немесе қатыгездікпен қылмысқа баруы бүгінгі өмір шындығы десек, қателеспеген болар едік. Осы орайда, кәметке жасы толмағандардың құқық бұзушылық немесе қылмыстық әрекетке баруының көптеген себептерінің біріне көз жүгіртсек, білімділіктің төмендігі ме деген ойға қаласың. Қалай десек те, кәметке жасы толмағандардың құқықтық білімділігі олардың қоғамға жат әрекеттерін азайтып, қоғамға жат қадам басуын сиретері сөзсіз. Құқық бұзушылықтың күннен күнге көбеюі құқықтық білімнің жоқтығын дәлелдей түсіп, оны болдырмау шараларын тереңірек зерттеуді қажет етеді. «Қоғамға жат кейбір жеңіл-желпі құқық бұзушылықтан басталған әрекеттерден қылмыстың туындауы құқықтық танымның жоқтығын, құқықтық білімнің төмендігін» дәлелдей түскендей. Кәметке жасы толмағандардың құқықтық білімін жетілдірудің болашақта құқық бұзушылық пен қылмыстылыққа тосқауыл болары сөзсіз. Кәметке жасы толмағандардың құқықтық білімін жетілдіру жөнінде ой қозғап, жасөспірімдердің құқық бұзушына себепкер болатын осы құқықтық білімнің таяздығы екендігін баса айтқан белгілі криминолог-ғалым Елеген Қайыржановтың пікірін қолдаған ғалымдар Ө.С.Жекебаев, М.С.Нәрікбаев, Е.О.Алауханов, Е.Б.Абдрасудовтар оның алдын алу жолдарын қарастырып, нақты шаралармен әсер етуді ұсынды. Құқық бұзушылықтың тигізер зиянын жан жақты

бала бойына сіңіре білдірудің өмірде білудің өз пайдасын берері сөзсіз. Десек те, құқықтық тәртіпті бұзған көптеген балалар құқықтық білімнің жеткіліксіздігінен құлмыстық жауапкершілікке неше жастан бастап тартылатынын, қоғамға жат әрекеттерінің салдары қандай зардаптарға әкеп соғатынын біле бермейді.

Құқық бұзушылықтың екі зияны бар:

1. Құқық бұзушылық - қоғамға зиянды әрекеттің объективтік нысандағы бейнесі, сыртқы көрінісі болып табылады. Бұл қоғамға зиянды, қауіпті әрекет, әрекетсіздік заңда құқыққа қайшы сипатта ресми түрде бекітілуі керек деген мағынаны білдіреді.

2. Құқық бұзушылық - объективтік процесс болып табылады. Мұндағы объективті деп отырғанымыз, кез келген құқық бұзушылық құқықтың қорғайтын әлеуметтік игіліктері: жалпы мүдде, қоғамдық тәртіпке қауіп төндіреді. Дәл осы мағынада құқық бұзушылық қоғамға қауіптілік және зияндылық мәнге ие болады[2,44].

Құқық бұзушылықтың мәні - оны басқа жүріс-тұрыс ережелерін бөліп көрсететін, басты өзіне ғана тән ерекшеліктерінен тұрады. Алдымен барлық құқық бұзушылықтың мәні қоғамдық құрылыстың, қоғамдық қатынастар жүйесіне келтіретін қауіптілігі, зияндылығы. Яғни, тек бір ғана әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен зияндылығы емес, оның таралуы қоғамдық қатынастарға айтарлықтай залал келтіретін адам әрекетінің белгілі бір түрі ескеріледі. Ал жекелеген әрекет-әрекетсіздік қоғамдық өмірдің бекітілген тәртібін, олар қоғамда кең таралған жағдайда ғана қоғамдық тәртіптің қауіпін айналады. Тиісінше, жекелеген әрекет-әрекетсіздік қоғамға қауіпті деп бағалануы мүмкін. Құқық бұзушылықтың қоғамға зияндылығы, оның қашанда адам қоғамының құндылығы, жеке және мүддеге нұқсан келтіруінен көрінеді. Яғни, қоғамның маңызды құндылықтары, оның өмір сүру жағдайына қауіп төндіреді. Құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігінің деңгейі түрлі дәрежеде болуы мүмкін. Мәселен, адамның өміріне қастандық жасау - өте қауіпті қылмыс. Ал біреудің үйіне түсіп, мүлкін ұрлау оған карағанда жеңілрек дәрежеленеді. Дегенмен, осы екі әрекет те қоғам үшін өте қауіпті болып табылады. Құқық бұзушылықтың қоғамға зияндылығы қоғамның қалыпты өмір сүру жағдайын бұзып, маңызды қоғамдық қатынастарға әлеуметтік шиеленіс енгізуінен де көрініс табады. Зиян қандай да болсын заң бұзушылықтың теріс зардабы - ажырамас белгісі. Оның көлемі, мөлшері, сипаты түрліше болады.

Егер де құқықпен тыйым салынбаса, құқық бұзушылық болмайды. Адамның өзінің тұлғалық құқықтарын қолданбауы, оның жеке қалауына байланысты болғандықтан, құқық бұзушылыққа жатпайды. Керісінше, адамның қоғамға, мемлекет және азаматтардың мүддесіне залал келтіре отырып, құқықтар мен бостандықтарды пайдалануы, құқыққа қайшы әрекет деп саналады[3,77]. Құқық бұзушылық – қоғам өміріне тән дерт. Адам баласы өмір сүрген ортада ол да әрқашан орын алады. Бұл объективтік құбылыс. Құқық бұзушылық заңды, оның қағидаларын құқықтық нормалар жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау. Ол адамдардың іс-әрекеті, қылығы, мінезі немесе әрекетсіздігімен сипатталады. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды шарттарының бірі. Заңды, әлеуметтік пайдасы бар қызметке және қоғамға шынайы көзқарасын қалыптастырып, жас ұрпақты қылмыстық әрекетке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу заман талабы. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында қоғамда балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруінің алдын алу жөніндегі құқықтық актілерді қалыптастыру және жандандыру жұмысы үнемі жаңартылып тұрады. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алуды тікелей, не жанама көздейтін құқықтық актілердің көп болуы қоғамдық қатынастардың кез келген саласында кәмелетке толмағандар тұлғасының дамуын қамтамасыз ететін қолдау жүйесінің даму бағытын айқындайды. Әсіресе бұл қауіпті жағдайда тұрған және ерекше қорғау мен қолдауға мұқтаж жасөспірімдерге қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен оқытуда отбасының маңызы зор. Осыған орай Үкімет отбасының, соның ішінде кеңейтілген отбасының тұтастығын сақтауға баса назар аударып отыр. Отбасындағы тұрақтылық пен береке болмаса, осыған байланысты қоғам тарапынан көмек көрсету әрекеттері сәтсіз болған жағдайда тіршілік етудің балама орындарын пайдалану мүмкіндігін қарастыру қажет екендігі белгілі. Яғни, балаларды тұрақты әрі берекелі отбасы жағдайына мейлінше жақындатылған мекемелерде тәрбиелеу болып табылады. Баланың келешегіне кері әсер ететін жағдайларды айтпағанда, олардың ата-анасынан айыруға жол бермейтін ұлттық бағдарлама жасаудың және оны іске асыру қажеттілігі тууы мүмкін. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алудың ең маңызды алғышарты

болып табылатын, отбасындағы берекені сақтаудың негізінде, субъективтік себептерден басқа, өтпелі кезеңнің әлеуметтік-экономикалық жағымсыз құбылыстары әсер етеді. Ата-анасының материалдық жағдайының нашар болуына байланысты балабақша мен мектептерге бара алмай қараусыз қалған, тастанды, үй-жайы жоқ, сөйтіп, құқық бұзушылық жасауға баратын балалар санының өсуі осы жағдайдың бір себеп-салдары ғана. Демек, балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстылық деңгейінің артуына ықпал ететін факторлардың бірі атааналардың төлем қабілеттілігінің төмендеуі және бос уақытты өткізудің барлық түрлерінің коммерциялануы болып табылады.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты – ең алдымен, жұмыс орындарын көбейтуге, баланы оқытуға, жағдайы келмеген кезде кәмелетке толмағандарға мемлекеттің есебінен жоғары және арнайы орта білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге, мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысын өсіруге бағыттталып отыр. Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың және балалардың қадағалаусыз, ата-анасының қарауынсыз қалуының алдын алу жөніндегі мемлекеттік саясаттың келесі бір бағыты– білім беру саласындағы заңнаманы жетілдіру, оның дәл және біркелкі қолданылуына тиісті бақылау және қадағалау жасауды қамтамасыз ету болып табылады. Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуде бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы зор екендігін жоғарыда келтірілген. Демек, бұл шараларда айтарлықтай бір қатар кемшіліктер бар екендігі баршаға белгілі. Мысалы, теледидар арқылы адам өлтіру, қатыгездік, қанқұйлы оқиғалар, алдап-арбау, эротикалық мағынадағы журналдар, фотосуреттер, жарнамалар шектеусіз көрсетіледі. Мұның өзі келешек ұрпақтың мінезқұлқының қалыптасуы мен даму процестеріне зиян келтіруі мүмкін. Себебі жасөспірім ақпараттана отырып құқық бұзу әрекеттерінің жазаға тартылмау жолдарын қарастыруы немесе ішкі істер органдарының қызметіне қарсы әрекеттер жасау пікірі қалыптасады. Қоғам мүлкін немесе жеке тұлғалардың меншігін қылмыстық жолмен иелену арқылы материалдық қажеттілігін арттыру мақсатында табыс табу жолдарын үйренуге талпынады. Осы жағдайға байланысты бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңда жастарға арналған тиісті қызметтер мен мүмкіндіктерді ашып көрсету қажеттігі туындайды.

Осыған байланысты жасөспірімдер арасындағы заңға қайшы мінез-құлықтың алдын алудың неғұрлым тиімді шарасы девиантты мінез-құлқымен ерекшеленетін кәмелетке толмағандарды, әсіресе қоғамға қарсы бағдарланған жасөспірімдер топтарының басшыларын дер кезінде анықтауға және олардың айналадағы адамдарға теріс ықпал жасауына жол бермеу амалдарын қолдану болып табылады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, осындай жасөспірімдерді арнайы оқу-тәрбие мекемелеріне орналастыру мүмкіндігі болғанда бұл жұмыстың пәрменділігі артады. Осының өзі құқық бұзушылықтың қайталануын болдырмауға, сондай-ақ оларды ересек адамдардың тарапынан болатын теріс әсерден оқшаулауға мүмкіндік береді. Елбасы Үкіметке құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстар санының өсуін тежеу, қылмыстық істерді тергеу кезіндегі кемшіліктерді жою, заңды тұлғалар мен азаматтардың арыздарын құқық қорғау органдарының кешіктірмей және сапалы қарауын жолға қою мәселелеріне баса назар аударуды тапсыра отырып: «Балалар – қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар құқықсыз болуға тиіс емес. Елбасы ретінде мен әрбір сәбидің құқығы қорғалуын талап ететін боламын», – деп атап өткен. Шетелдік тәжірибелерге келетін болсақ, мысалы, Жапон елінде қазіргі уақытта профилактикалық бағыттағы әртүрлі қоғамдық қозғалыстардың тармақталған желілері жұмыс істейді. Олардың ішінде ең белгілісі – Қылмысты ескерту ассоциациясы. Барлық жерлерде полицияның мектептермен және өнеркәсіп корпорацияларымен байланысы жөніндегі комитеттер жұмыс істейді. Батыс Еуропаның барлық оқу орындарында, бастауыш мектептерден бастап жоғары оқу орындарына дейін, полицейлердің қатысуымен қолданбалы виктимология бойынша дәрістер өткізіледі, оның нәтижелері бойынша ниет білдірушілер өзін-өзі қорғау тәсілдерін игеру және экстремальдық жағдайларда оңтайлы мінез-құлық дағдыларын үйрену мақсатында арнайы тренингтерден өтуге мүмкіншілік алады [4,74-75]. Осындай бағдарламалар әртүрлі санаттағы оқушылардың әлеуметке қарсы мінез-құлқының тәуекел факторлары санын төмендетуге бағытталған. Бұл бағдарламаларда, ең бастысы, оқушылар, ата-аналар мен жергілікті органдар арасында өзара тығыз байланысты орнату. Сонымен қатар онда оқу орны қабырғасында оқушылардың теріс мінез-құлқын (оның ішінде алкогольді, марихуананы тұтыну, темекі шегу) барынша төмендету және оқу қызметіне назар аудару көзделеді. Жоғарыда айтылғандай, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық жасауының себептеріне кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияның, прокурорлық қадағалау, полиция, сот-тергеу органдарының қызметін жетілдіру шаралары көзделіп,

кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алудың тиімділігін арттыру үшін барлық құқық қорғау, мемлекеттік басқару органдарының, балалар мен жасөспірімдер мәселелерімен айналысатын жастар және қоғамдық ұйымдардың өзара ықпалдасуын, қызметтерін үйлестіру жөнінде кешенді шараларды әзірлеу қажеттілігі туындап отыр. Балалар мен жасөспірімдердің заң сыйлаушылық мінез-құлқын қалыптастыру және құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында ПМ-нің бастамасымен жедел-профилактикалық іс-шаралар және акциялар өткізуді ұлғайту және әртүрлі ұлт жастарының арасында болып жатқан және әлеуметтік қақтығыстардың катализаторы болуы мүмкін криминалдық оқиғаларды алдын алуды және қатаң қадағалауды жұмылдыруы қажет. Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың және балалардың қадағалаусыз, ата-анасының қарауынсыз қалуының алдын алу жөніндегі мемлекеттік саясаттың келесі бір бағыты білім беру саласындағы заңнаманы жетілдіру, оның дәл және біркелкі қолданылуына тиісті бақылау және қадағалау жасауды қамтамасыз ету болып табылады. Оқу орындары, кәмелетке толмағандарға медициналық, кеңестемелік және басқа да көмек көрсететін, атап айтқанда осындай жәрдемге мұқтаж немесе қатыгездік құрбаны болған, ата-анасының мейірімін көрмеген және қудалау мен қанауға душар болған жасөспірімдерге қол ұшын беретін базалық және анықтама орталықтарына айналуы тиіс. Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуде бұқаралық ақпарат құралдары зор рөл атқарады. Бірақ, бұл істе айтарлықтай кемшіліктер бар екендігі барлығымызға белгілі. Мысалы: теледидар арқылы адам өлтіру, қатыгездік, қанқұйлы оқиғалар, алдап-арбау, эротикалық мағынадағы журналдар, фото суреттер, жарнамалар мұның өзі келешек ұрпақтың мінез құлқының қалыптасуы мен даму процестеріне зиян келтіретіндігі айтпаса да түсінікті. Осы жағдайға байланысты бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңда, жастарға арналған тиісті қызметтер мен мүмкіндіктерді БАҚ-ы арқылы тарату қажеттігі туралы норма императивті түрде баяндалу керек. Заңда бұқаралық ақпарат құралдарын есірткімен, зорлықпен байланысты материалдар көрсетуді мейлінше азайтуға, сондай-ақ зорлық пен қанауды жағымсыз жағынан көрсетуге мүдделі ететін, осыған ынталандыратын нормалар көзделуі тиіс. БАҚ-ы өз бағдарламаларын дер кезінде түзетуі аса қажет, олардағы ақпарат балалар мен жасөспірімдердің ақылын кемітпей, қатыгез етпей, дұрыс бағдар беруі тиіс. Сонымен қатар есірткі мен алкогольді пайдаланудың алдын алудағы, бұл заттардың зияны туралы ақпаратты барлық деңгейде таратудағы рөлі мен жауапкершілігі заң жүзінде анықталғаны жөн. Жоғарыда айтылғандай, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық жасауының себептеріне кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияның, прокурорлық қадағалау, полиция, сот-тергеу органдарының қызметін жетілдіру шаралары көзделіп, кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алудың тиімділігін арттыру үшін барлық құқық қорғау, мемлекеттік басқару органдарының, балалар мен жасөспірімдер мәселелерімен айналысатын жастар және қоғамдық ұйымдар мен мекемелердің өзара ықпалдасуын, қызметтерін үйлестіру жөнінде кешенді шараларды әзірлеу қажет. Осы мақсатта үйлестіруші орган, балалар мен жасөспірімдер құқық бұзушылығының алдын алу іс шараларын жүзеге асыру кезінде жинақталатын ақпарат, тәжірибе, білім мен мемлекеттік және мемлекетаралық деңгейде алмасуды жандандыруға тиіс. Осы орайда айта кететін бір жағдай, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялар, білім басқару мекемелері, ішкі істер органдары, балалар мен жасөспірімдердің жалпы әлеуметтік нормалар мен құндылықтарға сай келмейтін мінез-құлқы, көп жағдайда есею процесімен байланысты болатындығын және есейген сайын олардың мінез-құлқы өзгертіндігін, ал жасөспірімдерді тәртіп, құқық бұзушы немесе бастап келе жатқан құқық бұзушы деп анықтау көп жағдайда жастардың бойында тұрақты жағымсыз мінез-құлқы қалыптасуына әкеліп соғатындығын да терең ескерілуі қажет деген ойдамыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Дулатбеков Н., Амандықова С., Турлаев А. Мемлекет және құқық теориясы. Астана 2001ж. - 78 б.
2. Проблемы общей теории права и государства. Учебник. Под ред. В.С. Нер З.М.Т. Баймаханов. Функции государства в условиях современного мира. – Алматы. 2005ж. - 227-228 бб., 232 б., 233 б.
4. Якубов А. признаки состава преступления и обратная сила уголовного закона //Законность. N 51997 ж. -74-75 бб., 67 б.

**ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП АРАҚАТЫНАСЫ**

*Мақалада Заңдылық пен құқықтық тәртіп арақатынасының мазмұны мен нысаны анықталған.*

**Түйін сөздер:** заңдылық, құқықтық тәртіп, қоғам, тәртіп, құқықтық норма, құқықтық қатынас, жауапкершілік.

*В статье рассматриваются сущность и признаки взаимосвязи законности и правопорядка*

**Ключевые слова:** законность, правопорядок, общество, дисциплина, правовая норма, правоотношение, ответственность.

*The content and form of their relation to legality and legal order are determined.*

**Keywords:** legality, right, society, discipline, rightful rule, right, impartiality.

Қоғам тәртіпке, заңдылыққа негізделіп, соған арқа сүйеп қалыптасып, өмір сүре алады. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, қирайды, оның келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан да қоғамда тәртіп адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекетін реттейтін қағидалардың, есерімен орнатылады. Қоғамдағы барлық қарым-қатынасты құқықтық реттеу өте күрделі; ол көп салалы, көп жүйелі процесс, Құқықтық басқарудың екі күрделі бағыты: құқықтың қоғамдағы қатынастарға тигізетін әсері, ықпалы және құқықтық реттеудің, басқарудың рөлі. Бұл екі процесті қосып айтқанда - қатынасты құқықтық реттеудің, басқарудың механизмі дейді. Қоғамдағы қатынасты құқықтық реттеу механизмі құрылымының элементтері: құқықтық норма, құқықтық қатынас және заңды құқық пен міндеттің орындалуы туралы акті. 1) Құқықтық норма - арқылы қоғамдағы заңдылықтың, тәртіптің талабы, мазмұны, шеңбері, мүдде-мақсаты анықталады; олардың орындалу бағыттары, жолдары, тәсілдері көрсетіледі. Егер дұрыс орындалмаса, жауапкершіліктің түрлері көрсетіледі.

2) Құқықтық қатынас арқылы субъектілердің арабайланысын мүдде-мақсатын, құқық пен міндеттерін анықтап, біліп отырады. Ол мүдде-мақсаттарды қандай нормативтік актілер арқылы іске асырады; қатынастың басталуы мен аяқталуы көрсетіледі. 3) Заңды құқық пен міндеттің орындалуы туралы актіде қатынастың толық орындалып, аяқталуы; мүдде-мақсаттың екі жақты іске асуы; дұрыс орындалмаса себептері көрсетіледі, оны түзеу, орындау жолдары анықталады [1,46]. Осы үш элементтерге сәйкес қатынасты реттеу механизмі үш кезеңге бөлінеді: қатынастың басталуы, ол қатынасты реттеу үшін жаңа норманың өмірге келуі, субъектілердің құқықтары мен міндеттерінің орындалуы. Қоғамдық қатынасты құқықтық реттеу механизмінің жақсы сапалы жұмыс атқару үшін субъектілердің рухани сана-сезімі, құқықтық білімі, мамандық тәжірибесі жоғары дәрежеде болуы керек. Мемлекет осы мәселелерге зор көңіл бөледі. Құқықтық тәртіп пен заңдылық мәселелері ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бағдарламалық құжаттары мен мақаларында басты орын алады. Мысалы, Қазақстан халқына арналған өзінің Жолдауларында Мемлекет Басшысы құқықтық жүйеге, оның дамуы мен жетілдіруіне, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына ерекше назар аударады. Бұл мәселелер ҚР Президентімен бекітілген бес институционалдық реформада және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында да белгіленген. 2016 жылы 6 қаңтарда басылымға шыққан ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлт жоспары - қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласының мәні өте зор, себебі онда біздің мемлекеттің әрі қарай даму жолдары көзделген. Осы Ұлт жоспарының екінші реформасы құқықтық тәртіп пен заңдылыққа арналып отыр, оның негізгі мәні – тәуелсіз сот төрелігі мен Қазақстанның бүкіл құқық қорғау жүйесінің тек қана азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, заңдарды қатаң орындалуына және құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталуы тиістігінде. Біз бұны дұрыс деп есептейміз, себебі өркениетті құқықтық мемлекетте құқықтық тәртіп пен заңдылық орын алу керек, онда заңдардың бәрі бұлжытпай орындалуға тиіс, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары толық көлемде қамтамасыз етілуі керек, құқықбұзушылық үшін қатаң жауапкершілік көзделуі тиіс, заң үстемділігі қағидасы іс әрекетін жүргізуі керек. Тәуелсіздік алғалы бері мемлекетте құқықтық тәртіп пен заңдылыққа қатысты бір қатар нормативті-құқықтық актілер қабылданды. Олардың ішінде келесілерді атауға болады: ҚР Заңдары «Сот жүйесі және соттар мәртебесі туралы», «Сот

приставтары туралы», «Атқару өндірісі және сот приставтарының мәртебесі туралы», «Жоғарғы сот кеңесі туралы», «Әділет органдарының кәсіби коллегиялары туралы», «Құқыққорғау қызметі туралы», «Медиация туралы», «Сыбайласқа қарсы іс қимылдар туралы», Жер, Су, Орман, Кеден, Салық, Бюджет, Неке және отбасы кодекстері, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі, Қылмыстық, Азаматтық кодекстері, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстері, Еңбек кодексі т.б. Ел Басы белгілегендей, біріншіден, барлық осы нормативті-құқықтық актілер сот жүйесіне қоғамның сенімін арттыруына ықпал етеді. Әрине, әділдік тек сотта болатыны белгілі. Сол себептен, әділдік, кінәлі тұлғамен жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесін дұрыс бағалауды, ол жағдайды ауырлататын және жеңілдететін мән жағдайларды, сотпен кінәліге тағайындалатын жазаның түрі мен мөлшерін анықтауды қамтиды. Екіншіден, процессуалдық істерге әділетті шешім қабылдау үшін сапалы судьялар корпусы жасақталуы керек. Ол үшін судьялыққа кандидаттарды іріктеудің қатаң тетігі мен оларға қойылатын жоғары біліктілік талаптары заң тұрғысынан қарастырылған. Сондықтан соттар қатарына үлкен өмірлік тәжірибесі бар және жоғары моральдық ұстанымдарға ие ең лайықты әрі барынша дайындалған кәсіби шеберлер іріктелінеді. Судьяларды іріктеу мен тағайындау үдерістері қоғам үшін мөлдір және ашық болады. Сонымен қатар, өзінің аппараты бар, құрамы мен өкілеттілігі кеңейтілген автономды мемлекеттік мекемеге айналатын Жоғары Сот Кеңесі түбегейлі реформаланады. Үшіншіден, сот жүйесі үш сатылы болады, яғни, бірінші, апелляциялық және кассациялық инстанциялар. Сонымен бірге, істердің басым мөлшері бірінші және апелляциялық инстанцияларда шешілетін болады. Ал, судьяларды және сот мәжілісіне басқа да қатысушыларды тәртіпке шақыру мақсатында және сот процессі мен сот қабылдаған шешімнің объективтілігін қамтамасыз етілуіне байланысты сот залдары сот істерін аудио және видеожазудың аппаратураларымен жабдықталынады және жазбаларды қандай да бір тоқтатуға немесе редакциялауға мүмкіндік берілмейді. Төртіншіден, Жоғарғы Сот жанындағы Сот жюриі түбегейлі қайта құрылады, ол азаматтардың судьялардың іс-әрекетіне арыз шағымдарды қарайды; судьялардың Этикалық кодексі қабылданады; Жоғарғы Сот жанынан дауларды, оның ішінде, ірі инвесторлар қатысатын дауларды қарау үшін мамандандырылған алқа құрылатын болады; қылмыстық іс жүргізу шеңберінде соттарда, оның ішінде сотқа дейінгі кезеңде, айыптау мен қорғау арасында теңгерім қамтамасыз етілетін болуы тиіс; соттардың төрағалары басқа судьялар қабылдайтын шешімге ықпал ету мүмкіндігі мүлдем болмайды; мемлекеттік сот орындаушыларын кезең-кезеңімен қысқарту арқылы жеке сот орындаушыларының институты одан әрі дамытылады. Бесіншіден, сот төрелігін барынша объективті атқаруға мүмкіндік беретін және құрметті зейнетке шыққан судьяларды зейнетақылық қамтамасыз ету бойынша барлық мәселелерін шешуді қарастыратын заң қабылданады. Заңдылық пен құқықтық тәртіп сияқты құқықтық құбылыс тығыз байланысты. Құқықтық тәртіп дегеніміз қоғамдық өмірді белгілі бір жүйеге, ұйымдастырушылыққа, тәртіпке келтіруді білдіреді. Мысалы, осыған байланысты мемлекет Басшысы бізге барлық құқық қорғау органдары және бәрінен бұрын полицияның адамдардың мүддесін қорғау үшін және қоғамдағы құқықтық тәртіпті нығайту бойынша қызмет етуі қажет деп тұжырымдады. Ол үшін жергілікті билік органдары мен жергілікті қоғамдастықтарға есеп беретін жергілікті полиция қызметі құрылады. Олар қоғамдық тәртіп күзеті, тұрмыстық қылмысқа қарсы тұру, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен ұсақ құқық бұзушылықтарға төзбеушілік көрсету мәселелерді жүзеге асырады. Бұдан басқа, азаматтардың этикалық нормаларды бұзған полициялардың үстінен түсірген арыз-шағымдарын қарайтын қоғамдық кеңестер мен өзге де консультативтік-кеңестік органдар жүйесін құрылады; сонымен бірге, «Қылмыстық құқық бұзушылық картасы» интернет-порталы құрылатын болады. Ол бойынша осы веб-ресурсқа елдегі барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар жедел енгізіледі. Бұл жұртшылықтың құқық қорғау органдары жұмысының тиімділігін бақылауына мүмкіндік береді. Осымен бірге, бұған дейін заңнан аттап, сол үшін жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік жағынан көмек көрсету мен ықпал ету қарастырылады. Заңдылық пен құқықтық тәртіптің арақатынасы мыналардан көрінеді:

1) құқықтық тәртіп қоғамдық тәртіптің мақсаты болып табылады; құқықтық тәртіпке жету үшін заңдар мен басқада нормативтік құқықтық актілер қабылданады, заңнаманы жетілдіру жүзеге асырылады, заңдылықты нығайтуға байланысты шаралар қолданылады;

2) құқықтық реттеуді жетілдіру мен заңдылықты қамтамасыз етуден басқа тәсілдермен құқықтық тәртіпке жету мүмкін емес[2,47]. Мемлекеттік басқарудағы заңдылық — бұл басқару қатынастарының барлық субъектілерінің ҚР Конституциясын және мемлекеттің аумағында



қолданылып жүрген басқа нормативті – құқықтық актілерін дәл, қатаң және мүлтіксіз сақтауы мен орындауы. Оның мәні мемлекеттік басқару сферасында адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бекіту және нақты іске асыруды қамтамасыз ету. Мемлекеттік басқаруда заңдылықты және тәртіпті қамтамасыз ету — заңдылық — биліктік өкілеттілікке иеленген мемлекеттік құрылымдардың қызметі. Олар мыналарға бағытталған: 1) мемлекеттік билік органдарының қызметінде, олардың лауазымды тұлғаларының заңдарға және одан туындайтын актілерінің талаптарының бұзылуына жол бермеу; 2) оларға себеп болатын жағдайларды іздестіру; 3) оларды бұзғаны үшін жауапкершіліктің пайда болуы; 4) табылған құқық бұзушылықтарды уақытында және оперативтік тұрғыда жолын кесу және жою; 5) заңдылық пен тәртіпті бұзған кінәлілерді белгіленген жауапкершілікке тарту; 6) заңдылық пен тәртіптің бұзылуына себеп болатын жағдайларды жоюға шаралар қолдану. Заңдылық қағидалары – негіз болатын идеялар, басшылыққа алынатын бастамалар.

- 1) Заңның басымдылығы;
- 2) Заң алдындағы теңдік;
- 3) Жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі;
- 4) Заңдылықты бұзғаны үшін жазалаудың болмай қоймайтындығы;
- 5) Заңдылықтың кепілдіктері;
- 6) Заңдылықты қамтамасыз етудің жалпы шарттары

7) Заңдылықты қамтамасыз етудің арнайы құралдары [3,89]. Мемлекеттік тәртіп – мемлекеттің және оның өкілетті органдарының тәртібі, ол бойынша барлық мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар өздеріне жүктелген мақсаттар мен міндеттерді дер кезінде және дәл орындауға тиіс. Заңдылық пен тәртіпті қолдау және нығайту міндеті жүктелген мемлекеттік органдардың ерекше жүйесі әрекет етеді. Олардың жүзеге асыратын әр түрлі құқықтық және ұйымдық қызметтерінің түрлері мен әдістері, қоланатын практикалық амал – тәсілдері, операциялары, жұмыс түрлері заңдылықты қамтамасыз ету тәсілдері деп аталады. Бақылау – объектілердің белгіленген көрсеткіштерден (параметрлардан) ауытқуларын жою мақсатында оның қызмет ету процесін байқау және тексеру жүйесі. Атқарушы билік сферасындағы бақылаудың мәні осыған өкілетті органның ұйымдық-құқықтық тәсілдерді және құралдарды пайдалана отырып атқарушы билік органның немесе лауазымды тұлғаның қызметінде заңдылықтан қандай – да бір ауытқулар бар ма, жоқ па соны айқындайды, ал егерде осындай ауытқулар болса, онда оларды өз уақытында жояды, бұл кезде бұзылған құқықтарды қалпына келтіреді, жауапкершілікке тартады, заңдылықты және тәртіпті бұзудың алдын алуға бағыттайды. Заңдылық — заң нормаларын қатал түрде ауытқымай сақтау және орындау құқықпен қоса пайда болды, құқықтық реттеудің негізі сол мәніне байланысты құқықтан шыққан. Дегенмен, заңдылық — тарихи дамитын құбылыс: ол құқықпен және қоғаммен бірге дамыды және өзінің ашықтық түрінде қазіргі кезде ол туралы ойларға жауап береді, ал құқық тең индивидтердің формалды бостандық өлшеміне айналды. Заңдылық бұл кезеңде идея ретінде, конституциялық принцип ретінде және демократиялық қоғамның өмір режимі ретінде қалыптасты. Мұндай сапада заңдылық нақтылы құқықтық жүйелердің мазмұнын белгілейді, оның қимылы тек құқықтық заңдармен байланысады және ол құқықтық заңдылыққа айналады. Заңдылық демократиямен және құқықтық заңмен соншалықты тығыз және айырылмайтынды жағдайда. Сондықтан, кейбір авторлардың айтуы бойынша, заңдылық осы кезеңде ғана пайда болды, яғни құқықпен бірге пайда болғанын мойындағысы келмейді деген сөз. Заңдылық субъектілеріне қатысты адамдар, оның талаптары таралатындар және оның әрекетінің аясы жөнінде әртүрлі ойлар бар. Мысалы, профессор Н.В. Витруктың ойынша, заңдылық тек заңдарды және тек лауазымды адамдардың орындайтынына қатысты деген тұжырымды ұсынады. Ол кісінің пікірінше, азаматтар мен және басқа адамдармен заңдарды бұзу, заңдылықты бұзу ретінде көрінбейді, олар тек құқықтық тәртіпті бұзғанға жататындығын айтқан. Бұл көзқарастың жеткілікті түрде негізі бар. Шын мәнісінде, заңдылықты құқықтың жалпы міндеттілігімен араластыруға болмайды және оның өмір сүруінің мәні, ең алдымен, заңдармен, қоғамдағы көпшілік — құқықтық орта қатынасымен байланысты. Заңдылықтың өзіне профессор Н.В. Витрук анықтаманы былай береді: «жүйеге (режимге) мемлекеттің заңдарындағы құқықтың шын көрінісіне, заңды шығармашылықтың өзіне, қосымша заңдар нормалар шығармашылығына талаптар идеясы». Осы тұрғыдан қарасақ, заңдылықты бұзушылыққа Конституцияға заң нормаларына қайшы ведомстволық актілерді қабылдау. Профессор В.В. Лазаревтің ойынша, заңдылық субъектілерін лауазымды адамдармен шектеу дұрыс емес:

заңдылық принципі жалпылама және басқа бірденелерді ұстамайды. Заңдылық оның ойы бойынша, барлық аяға таралады (жеке — құқықтықты қосымша) және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге. Сонымен, профессор В.В. Лазарев заңдылыққа және оның әрекет-қимылының аясына басқа көзқарас ұсынады, көңіл аударсақ көбірек таралымды. Осы тұрғыдан қарасақ, заңдылық былай анықталады: «қоғам өмірінің құқықтық режимі, заң нормаларын барлық оның құқықтық әрекеттіліктері бар қатынасушылармен бұлжытпай сақтау» (профессор Л.И. Спиридонов). Заңдылық принциптеріне әдебиетте мыналарды жатқызады:

- а) оның талаптарының жалпылығы;
- ә) заңның үстемдігі;
- б) заңдылықтың бірлігі (біркелкілігі);
- в) азаматтардың құқығы мен бостандығының кепілдігі;
- г) құқық бұзғандығы үшін жазанын болмай қоймайтындығы;
- ғ) заңдылықты мақсатқа сәйкестікпен ауыстыруға және бір-біріне қарсы қоюға болмайды; д) заңдылық пен мәдениеттің байланысы;

Құқықтық тәртіп — заңдылық әрекетінің конституциялық және қоғам өмірінің қортындысы, нәтижесі ретінде. Ол өзіне қоғамның қалыптасқан құқықтық қатынастар жүйесін және құқыққа сай тәртіпті, сонымен бірге, жалпы құқық құрылысының қалпындағы құқықтық субъектілік туралы нормалар мен белгіленген құқыққа сай тәртіп актілерін қосып алады. Құқықтық тәртіп дегеніміз — қоғамдық тәртіптің бір бөлігі, қоғамдық қатынастардың тұрақты жүйесі ретінде, тек құқықтың ғана емес барлық әлеуметтік реттеушілердің әрекетімен қалыптасқан [4,16]. Қоғамдық тәртіпті қысқа түсінуге болмайды, яғни қоғамдық орындағы қатынастар тәртібі ретінде. Профессор В.В. Лазарев қоғамдық тәртіпті «қоғамдық қатынас жүйесінің сапасы (қасиеті), олар сондай әлеуметтік тәртіптіліктер байланысында, қоғам өмірінің біркелкілігін, келісімділікті қамтамасыз етеді, қоғамдық қатынастар қатынасушыларының кедергісіз, өздерінің құқығы мен міндеттерінің орындалуына және олардың негізделген ықыласын қорғауға және қоғамдық жеке адамның тыныштығын сақтау көзделген» [5,15]. Қорытындылай келе, біздің мемлекет Басшысы бұл проблемаларды бекер қозғап отқан жоқ деп айтқымыз келеді. Себебі, заңдылық пен құқықтық тәртіпсіз қоғам алдында тұрған міндеттерді шешу, экономикалық реформаларды нәтижелі жүргізу, адам құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру, қылмыспен күресу, құқықтық мәдениет пен сана сезімді қалыптастыру мүмкін емес. Өйткені, елде жасалып жатқан өзгерістердің бәрі адамның өмірі мен тіршілігін жақсарту болып табылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Радько Т.Н. Теория государства и права. – М.: Изд-во Академический проект, 2005, -810 с.
2. Булгакова Д.А. мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы. Алматы., Заң әдебиеті, 2005 105 б.
3. Жоламан Қ.Д. «Мемлекет және құқық теориясы» Жеті Жарғы – А., 1999 ж. 255 б.
4. Ашитов А. «Заң газеті» № 1 қараша, 16-18 б. 2000 ж.
5. Чиркин В.Е. Президентская власть. //Право и государство// № 1, 2000 г с.15-20.

УДК 347

**Келсингазин Р.Е.**

*магистрант 1 курса, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет,  
г. Семей*

### ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ ЛИЗИНГА В РК

*Осы мақалада Қазақстан Республикасында лизингтік дамудың құқықтық аспектілері талданды. Мақаланы жазу кезінде Қазақстан Республикасында лизингтік мекеменің құрылу тарихы зерттелді және зерделенді, сондай-ақ лизинг қызметтерінің қазіргі заманғы нарығын талдау жүргізілді.*

**Түйін сөздер:** лизинг, лизингтік келісім, инвестиция

*В настоящей статье было проанализировано правовые аспекты развития лизинга в РК. В ходе написания статьи было проанализировано и изучена история становления института лизинга в Республике Казахстан, также проведен анализ современного рынка лизинговых услуг.*

**Ключевые слова:** лизинг, лизинговая сделка, инвестирование.

*In this article, legal aspects of leasing development in the Republic of Kazakhstan were analyzed. During the writing of the article, the history of the establishment of the leasing institution in the Republic of Kazakhstan was analyzed and studied, and an analysis of the modern market of leasing services was also conducted.*

**Keywords:** leasing, leasing deal, investment

Актуальность развития лизинга в РК, включая формирование лизингового рынка, обусловлена прежде всего неблагоприятным состоянием парка оборудования: значителен удельный вес морально устаревшего оборудования, низка эффективность его использования, нет обеспеченности запасными частями и т. д. Одним из вариантов решения этих проблем в рамках инвестирования в основные фонды компаний может быть лизинг, который объединяет все элементы внешнеторговых, кредитных и инвестиционных операций.

Переход к рыночной экономике поставил перед промышленными корпорациями ряд проблем, главной из которых является следующая: как утвердиться в условиях возрастающей конкуренции, сокращения рынка формы и способы финансирования инвестиций сбыта из-за невысоких цен продукции и неплатежеспособности, сложностей поиска поставщиков сырья, материалов и ограниченности финансовых ресурсов.

В настоящее время большинство казахстанских корпораций испытывает недостаток средств. Они не могут обновлять свои производственные мощности, внедрять достижения научно-технического прогресса и вынуждены брать кредиты. Существуют различные виды кредитования: ипотечное, под залог ценных бумаг, под залог партий товара, недвижимости. Однако предприятию при необходимости обновления своих основных средств выгоднее брать оборудование в лизинг. Это во многом связано с тем, что отличительной особенностью основных фондов является их многократное использование в процессе производства, сохранение первоначального внешнего вида в течение длительного периода. Под воздействием производственного процесса и внешней среды они изнашиваются постепенно и переносят свою стоимость на создаваемый продукт частями. Однако, этот период при приобретении основных средств у передовых производителей оборудования значительно увеличивается, что дает возможность предпринимателю выпускать качественную продукцию, оплачивая при помощи лизинга стоимость оборудования постепенно. При этом экономия средств по сравнению с обычным кредитом на приобретение основных средств доходит до 10% от стоимости оборудования за весь срок лизинга, который составляет, как правило, от одного года до пятнадцати лет.

Нынешняя экономическая ситуация в РК, по мнению экспертов, благоприятствует лизингу. Форма лизинга примиряет противоречия между предприятием, у которого нет средств на модернизацию, и банком, который неохотно предоставит этому предприятию кредит, так как не имеет достаточных гарантий возврата инвестированных средств.

Лизинговая операция выгодна всем участвующим: одна сторона получает кредит, который выплачивает поэтапно, и нужное оборудование; другая сторона - гарантию возврата кредита, так как объект лизинга является собственностью лизингодателя или банка, финансирующего лизинговую операцию, до поступления последнего плана. В этой связи проблема развития лизинга в системе инвестиционных процессов в РК, в условиях набирающей темпы роста экономики Казахстана является актуальной и требует дополнительного изучения. Актуальность данной работы заключается в том, что место лизингового бизнеса в предпринимательстве и инвестиционном процессе Казахстане определяется прежде всего самими объектами лизинга, представляющими собой важнейшие элементы активной части основных фондов - машины, оборудование, транспортные и другие средства. 1994 год стал стартовым для широкого развития лизинговой инфраструктуры [1]. Лизинговые компании начали интенсивно создаваться в стране. Это явилось следствием продекларированной Правительством Республики Казахстан политики благоприятствования развитию лизинга. Это выразилось во множестве нормативных актов, предоставляющих всевозможные льготы субъектам лизинговых отношений. Одним из таких документов был принятый Правительством Республики Казахстан Закон от декабря 1994 г. «Об иностранных инвестициях» [2] в котором предусмотрено оказание серьезной государственной поддержки, создание благоприятной экономической среды для широкого развития лизинга на отечественном рынке.

В РК принят Закон Республики Казахстан от 5 июля 2000 год «О финансовом лизинге» [3], по которому лизингодатель - участник лизинговой сделки, который за счет привлеченных и (или) собственных денег приобретает в собственность предмет лизинга и передает его лизингополучателю

на условиях договора лизинга. В рамках одной лизинговой сделки лизингодатель не вправе одновременно выступать в качестве другого ее участника. Продавец это участник лизинговой сделки, у которого лизингодатель приобретает предмет лизинга на основании договора купли-продажи или договора лизинга. Продавец может одновременно выступать в качестве лизингополучателя предмета лизинга (возвратный лизинг). Участники лизинговой сделки - физические лица, являющиеся индивидуальными предпринимателями, и юридические лица, выступающие в качестве лизингодателя и лизингополучателя, а также физические и юридические лица, выступающие в качестве продавца предмета лизинга.

Потенциал роста казахстанского рынка лизинга, однако, не выглядит столь уж бесспорным, поскольку очевидно, что лизинг будет выдерживать серьезную конкуренцию со стороны "классического" кредитования, для последнего у банков есть даже избыточные ресурсы, а малый и средний бизнес становится все более интересным клиентом. Обычно же развитие лизинга "подталкивается" неразвитостью других возможностей финансирования.

В рамках этого хотелось бы сказать, что одной из главных задач Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 гг. является создание и развитие наукоемких и высокотехнологических производств, для достижения которой в определенной степени необходимо стимулировать развитие лизинга оборудования и технологий как одного из эффективных инструментов инвестиций в основные средства.

На сегодняшний день в Казахстане существует ряд проблем, негативно влияющих как на развитие отечественного лизинга, так и на реализацию важнейших государственных программ в области развития малого предпринимательства. К примеру, в казахстанском налоговом законодательстве [4] отсутствуют льготы по амортизации имущества, сданного в лизинг, что снижает экономическую эффективность лизинга по сравнению с другими формами приобретения имущества. Вопрос ускоренной амортизации в целях налогообложения является очень важным для становления рынка лизинговых услуг. Примером тому являются страны Европы и США, где лизинг стал рассматриваться высокоэффективным финансовым механизмом в 50-х годах из-за введения ускоренной амортизации в целях налогообложения. В России также лизинговый сектор стал стремительно развиваться после применения ускоренной амортизации лизингового имущества с коэффициентом 3. другой проблемой при осуществлении ряда лизинговых сделок (например, международного или возвратного лизинга) является двойное налогообложение предмета лизинга в части оплаты НДС. Оно ложится тяжким бременем на лизингополучателя, увеличивая стоимость предмета лизинга на 32%, что, естественно, не стимулирует в стране развитие малого и среднего предпринимательства.

Современное развитие лизинга в Казахстане во многом похоже на становление лизинга в России. Так, первые лизинговые компании в Казахстане, как и в России, были созданы при банках, у которых имелись средства для финансирования проектов. На стадии развития основными клиентами этих лизинговых компаний являлись корпоративные клиенты банков. Сегодня в Казахстане действуют около двадцати и одна государственная лизинговые компании, а также компании, которые были созданы при банках: "Альянс лизинг", "АТФ лизинг", "БТА лизинг", "Темир лизинг", "Халык лизинг", "Центр лизинг" и другие. Основными потребителями лизинговых услуг этих компаний являются топливно-энергетическая отрасль, металлургия, транспорт, торговля, сельское хозяйство. Поставщиками оборудования являются как казахстанские предприятия, так и зарубежные, в том числе и российские. Большой интерес казахстанские лизинговые компании проявляют к поставке российского оборудования по схеме сублизинга. В этом случае лизингополучателем оборудования выступает казахстанская лизинговая компания, которая будет сдавать оборудование в сублизинг конечному пользователю. Такая схема выгодна и российской лизинговой компании, так как у нее возникает намного меньше рисков, чем, если бы она работала напрямую с конечным казахстанским пользователем. В настоящее время в Казахстане наблюдается растущий интерес к созданию новых лизинговых компаний, что будет не только способствовать демонополизации казахстанского рынка лизинговых услуг, но и сделает лизинг более востребованным финансовым инструментом.

Характеризуя рынок лизинга, можно отметить, что хотя, согласно статистике, в нем преобладает лизинг сельхозтехники, такое впечатление создается из-за присутствия государственной корпорации, кредитующей сельхозпроизводителей. Что же касается частных лизинговых компаний, то их клиентами остаются малый и средний бизнес, приобретающий с «помощью лизинговых схем,

например, транспорт или оборудование для небольших предприятий пищевой и обрабатывающей промышленности. Стандартный кредит составляет обычно примерно \$100 тыс.

Для Казахстана, который в течение последних лет демонстрирует высокие темпы экономического роста, одним из основных механизмов стимулирования предпринимательства и привлечения инвестиций должен стать лизинг, у которого для этого есть все перспективы. Очевидно, что меры по созданию оптимальных условий для развития лизинга позволят как Казахстану, так и другим странам Центральноазиатского региона, возродить местную промышленность и довести объем инвестиций через лизинг до общемировых пропорций.

#### Список использованной литературы:

1. Смагулов А.С. Лизинг. - Алматы, 1998.
2. Закон Республики Казахстан от декабря 1994 г. «Об иностранных инвестициях». - Алматы: Юрист, 2000.
3. Закон Республики Казахстан от 5 июля 2000 год «О финансовом лизинге». – Алматы: Юрист, 2000.
4. Налоговый кодекс Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года. - Алматы: Юрист, 2010.

#### ОӘЖ 34

Нургали А.М.

*Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, экономика және құқық факультеті, құқықтану мамандығы II-курс студенті*

#### ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПТЫЛЫҚ

*Мақалада қоғамдағы әрбір азаматтың заң алдындағы жауаптылығы қарастырылған. Заңды жауаптылықтың мақсаты осы құқықтық амал, тәсіл арқылы қандай нәтижелерге қол жеткізуге болатынын көрсетеді, анықтайды. Заңдық жауаптылықтың мақсатында субъектілердің құқықтарымен бостандықтарын қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау әрі қорғау болып табылады.*

**Түйін сөздер:** жауаптылық, заң, қылмыстық, құқық бұзушылық, азамат, заң.

*В статье рассматривается ответственность каждого гражданина перед законом. Цель юридической ответственности определяет, какие результаты можно достичь посредством данного правового подхода, способа. Целью юридической ответственности является обеспечение прав и свобод субъектов и охрана и защита общественного порядка.*

**Ключевые слова:** ответственность, право, уголовное, правонарушение, гражданин, право.

*The article discusses the responsibility of every citizen before the law. The purpose of legal liability determines what results can be achieved through this legal approach, method. The purpose of legal responsibility is to ensure the rights and freedoms of subjects and the protection and defense of public order.*

**Keywords:** responsibility, law, criminal, offense, citizen, law.

Заң алдындағы жауаптылық тек құқық бұзушылық орын алған жағдайда ғана туындайды. Мемлекеттің құқық бұзушыны жауапқа тартуға хахысы бар, ал құқық бұзушы мемлекеттің мәжбүрлеу шарасын мойындауы тиіс. Жауапқа тартылушы тұлға, мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы тек қана құқық бұзушылықтың бар екендігі анықталғанда және ол заңға сай келсе ғана мойынсұнуға құқылы. Жауапқа тартылушы адам, өзін заңсыз түрде жауапқа тартудан қорғауға етуге құқылы.

Заң алдындағы жауаптылық бірнеше түрге бөлінеді – қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, тәртепсіздік және материалдық жауаптылық. Құқық бұзып, кінәлі болған субъектіге мемлекет өзінің мәжбүрлеу шараларын қолданады. Ол бойынша кінәлі субъектінің жеке өз басы мүліктік шектеуге ұшырайды немесе ұйымдық сипаттағы қысым мен шектеуге түседі.

Ал, құқық бұзушылық дегеніміз – құқықтық талаптарды бұзудағы немесе оларды орындамау барысындағы әрекет (әрекеттіліктер немесе әрекетсіздік).

Адамдардың қандай да әрекеттері (әрекеттіліктері немесе әрекетсіздіктері) қоғамға қауіп тудырған немесе туындататын болса, ондай әрекеттілік немесе әрекетсіздік құқық бұзушылық деп бағаланады.

Адамның әрекеті (әрекеттілігі немесе әрекетсіздігі) қоғамға қауіпті болмаса, онда мұндай әрекеттілік немесе әрекетсіздік құқық бұзушылық қатарына жатқызылмайды. Әрекеттің (әрекеттілік немесе әрекетсіздіктің) қоғамға қауіптілігі ұғымы екі сәттен тұрады, олар: зиянның болуы және қоғам тарапынан бағалануы. Құқық бұзушылық дегеніміз, адамның қоғамға, мемлекетке немесе жеке

тұлғаға зиян келтіретін, соны заң алдындағы жауаптылыққа апаратын құқыққа қайшы әрекеті немесе әрекетсіздігі.

Қазақ еліміз өз тізгінін өз қолына алғаннан бері нарықтық қатынастарға байланысты жаңадан көптеген заңдар қабылданып, іс жүзінде асырыл жатқаны баршамызға белгілі. Ал, адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат құндылықтар болып табылатындығы туралы идея ұзақ уақыттар бойы айтылып келеді және бекітілді. Бұл бүкіл дүниежүзілік құбылыс ретінде Қазақстанда орын алды. Адамның, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары туралы халықаралық -құқықтық актілердің екінші тобы Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болды. Адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бекітудің жаңа кезеңінің басы- БҰҰ – ның Жарғысы. Бұл құжаттарда мемлекеттерді өзінің аумағындағы барлық адамдарды ешқандай кемсітусіз негізгі құқықтар және бостандықтармен қамтамасыз етуге міндеттеген . 1948 жылы БҰҰ – ның Бас Ассамблеясында «Адам құқықтарының жалпы Декларациясы» қабылданды. Бұл акті қазіргі кезге дейін дүниежүзіндегі барлық елдер үшін құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету ісіндегі бағдар болып табылады .

Қазақстан Республикасы Конституциясы адамдардың құқықтары туралы халықаралық құжаттардың негізгі идеялары мен ережелерін қабылдады және оларды мемлекеттің ерекшеліктерін ескере отырып бекітті. Заңды жауаптылық – құқық бұзушылыққа барған жағдайда оны жасаған адамның мемлекеттік мәжбүрлеу шараларына тартылуының қажеттілігі. Бұл құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға заңмен көзделген мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын белгілі бір іс жүргізушілік тәртіпте қолдану. Шаралар мынадай сипатта болуы мүмкін: жеке сипаттағы шаралар, бас бостандығынан айыру, мүліктік сипаттағы шаралар айыппұл.

Заңды жауаптылық мағынасы мен мақсаты субъектілердің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қорғау болып табылады. Заңды жауаптылық міндеттері осыдан туындайды. Біріншіден, құқық бұзушылыққа кінәліні жазалау. Екіншіден құқықты қалпына келтіру және келтірілген зиянды өндіріп алу, ысырапты өтеу. Үшіншіден, құқықты санада заңды мінез-құлық мотивтерін қалыптастыру және заңдық жауапқа тартылушы субъектінің де, құқық қатынастарының басқа субъектілерінің де жаңадан құқық бұзушылық жасауының алдын алу.

Құқық бұзушылықтардың түрлеріне қарай заңдық жауапкершілік былай жіктеледі:

Қылмыстық тек қана қылмыс үшін және қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық атқару заңдарына сәйкес соттың үкімі бойынша ғана қолданылатын ең қатаң түрі;

әкімшілік яғни әкімшілік теріс қылық жасағаны үшін қызмет міндеттерін орындаумен байланысы жоқ түрі;

азаматтық шарттық міндеттемелерді бұзудан туындайтын түрі;

тәртіптік, тәртіптік билігі бар лауазымды адамдардың тәртіптік теріс қылық үшін қолданылатын түрі.

Тәртіптік жауапкершілік ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне сәйкес, бағыныштылық тәртібімен кейбір салаларда қолданылатын тәртіптік жарғылар мен ережелерге сәйкес пайда болуы мүмкін.

материалдық, еңбек міндеттерін орындау кезінде ұйымға келтірген залал үшін болатын түрі. Заңды жауаптылық әр түрінің өзіне тән мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары бар. Оларды мемлекеттік мәжбүрлеудің басқа шараларымен шатастырмаған жөн, ал оларға: құқық бұзушыны жауапқа тартпай-ақ, бұзылған құқықты қалпына келтіру үшін қолданылатын қорғау шаралары; құқық бұзушылықты алдын алу мақсатында, яғни ол жасалғанға немесе аяқталғанға дейін нормальды түрде және демек, жаза ретінде емес, сақтық ретінде қолданылатын тыю шаралары туралы (тілхат, ұстау және т.б.) мәжбүрлеу жасағаны үшін кәмелетке толмаған алдын алу сипатындағы шаралар (карантин, дүлей зілзалалар немесе бұқаралық шаралар жағдайындағы жүріп-тұру еркіндігін шектеу.) қоғамға қауіпті әрекеттер жасағаны үшін кәмелетке толмағандарға тәрбиелік ықпал жасаудың мәжбүрлеу шаралары немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары (ақыл есі кемістерге, алкогольдіктерге, нашақорларға, жезөкшелерге және айналасындағылар үшін ерекше қауіпті аурулар жұқтырғандарға.) Меншік иесінің оның мүлкін, оның құнын тең етіп өтеп, мемлекеттік мұқтаждар үшін мәжбүрлеп иеліктен айыру ретіндегі реквизициялау жатады.

Жоғарыда көрсетілген белгілердің жиынтық әрекеті қоғамда және мемлекетте құқықтың билік құратындығы, оның үстемдігі, приоритеті, басымдық жағдайы қабылданған дегенге алып келеді. Бұл жақсы да, өйткені құқық- адамзат өркениетінің көрнекті жетістігі, реттеудің жинақталған әлеуметтік тәжірибесінің квинтэссенциясы, басқару және ықпал ету, әділеттіліктің жалпы адамзатқа тән

құндылықтар мен мұраттарды, демократия мен тәртіпті жүзеге асырудың нысаны, мәдениеттің қажетті компоненті. Құқықтық қоғам өміріндегі ролін және оның не үшін арналғанын терең түсініп, соған іс – қимыл жасайтын мемлекеттік құқықтық мемлекеттің қатарына жатқызуға болады. Заңды жауаптылық түрлерін оның жүзеге асырылу тәртібін, нысанымен шатастырмау керек. Заңды жауаптылық түрлі нысанда жүзеге асуы мүмкін. Мәселен, азаматтық құқықтық жауаптылық соттық, әкімшілік тәртіпте жүзеге асырылады. Ал жауаптылықтың кейбір түрлері, мәселен, қылмыстық тек соттық тәртіпте іске асады. Мәжбүрлі қажеттілік жағдайда келтірілген зиян заңды деп танылады:

— Егер төнген қауіптен сол сәтте қорғайтын мүддеге зиян келтірмей бетін қайтаруға болмаса.

— Егер келтірілген зиян бетін қайтарған зияннан әлдеқайда кем болса (үлкен үйді, өрттен сақтап қалу үшін жанып жатқан төбесін қирату, жараланған адамды жедел емханаға жеткізу үшін біреудің көлігін рұқсатсызайдап кету т.с.с).

Әдетте жасалған құқық бұзушылыққа байланысты жауапкершілікті тағайындау барысында істелген әрекеттің түрі, ауырлығы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Т. Ағдарбеков. «Мемлекет және құқық теориясы». Алматы. «НАС» баспасы. 2003 жыл. -326 б.
2. В.Н. Хропанюк. Теория государства и права. Москва. Интерстиль, 2003 г. -377 с.
3. Е. Жалбуров. «Заң алдындағы жауаптылық және оның жіктелуінің кейбір мәселелері. «Тураби»№6-2007. 30-32 б.
4. С.А. Табанов. Құқық теориясы мен сот жүйесінің конституциялық негіздері. Алматы. «Айдана» 2001 жыл. -272 б.

**ОӘЖ: 340.115**

**Сайын Л.М.**

*«Құқықтану» мамандығының II-курс студенті Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*

### **ҚҰҚЫҚТЫҚ НИГИЛИЗМ ЖӘНЕ ОНЫ АЛДЫН-АЛУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ**

*Бұл мақалада құқықтық нигилизм және оның алдын алу бағыттары қарастырылған. Бүгінгі қоғамда қарапайым қоғам мүшелері арасында құқыққа деген көзқарастың өзгеруі, жалпы құқыққа байланысты бағаның төмендеуі нигилистік сананың өрістеуіне жетелее. Нигилизмді адамдар арасындағы қарым қатынасты ұтымды реттеу құралы ретіндегі құқықтың мәнін терістеп, жоққа шығару сипатында түсінсек, құқықтық қатынас субъектілерінің құқықты айналып өтуді құқық талаптарын орындаудан қарағанда тиімді санауы елде сыбайлас жемқорлық, рәйдерлік, құқық талаптарын мойындамаушылық, жауапсыздық сияқты негативтік салдарларға әкеліп соғуда. Бұл өз кезегінде мемлекеттегі құқықтық саясатты қайта қарастыру, осыған байланысты қоғамды басқару жүйесінде жүйелі өзгерістер енгізу қажеттігін алға тартады.*

**Түйін сөздер:** құқықтық нигилизм, қоғам, жауапкершілік, мемлекеттік қызметкер, халық.

*В статье рассматриваются проблемы правового нигилизма и основные направления его предотвращения. Изменения в современном массовом общественном сознании правовых представлений и взглядов, характерная низкая оценка права ведут к росту нигилистического правового сознания. Понимая нигилизм как инструмент, отрицающий сущность права в регулировании отношений между людьми, субъекты правовых отношений обходят законы вместо того, чтобы их исполнять, что приводит к таким негативным последствиям, как взяточничество, рейдерство, игнорирование правовых требований, безответственность. Все это, в свою очередь, требует системных изменений в правовой политике страны, а также в системе управления обществом.*

**Ключевые слова:** правовой нигилизм, общество, ответственность, государственный служащий, народ.

*The article deals with the problems of legal nihilism and the main directions of its prevention. Changes in the modern mass public consciousness of legal ideas and attitudes, the characteristic low valuation of law lead to the growth of nihilistic legal consciousness. Understanding nihilism as a tool that denies the essence of law in regulating relations between people, subjects of legal relations bypass laws instead of enforcing them, which leads to such negative consequences as bribery, raiding, ignoring legal requirements, and irresponsibility. All this, in turn, requires systemic changes in the legal policy of the country, as well as in the system of governance of society.*

**Keywords:** legal nihilism, society, responsibility, public servant, people.

Құқықтық нигилизм - әлеуметтік нигилизмнің бір түрі, жалпы алғанда құқыққа, заңға, құқықтық тәртіпке деген жарамсыз-қарсы, сыйламаушылық қатынас. Себеб - тұрғындардың көпшілігінің заңды қадірлемеушілігі, құқықтық тәрбиесіздігі деп саналады. Тұғырында қоғамға деген құқықтың қажетсіздігі жатыр. Құқықтық нигилизм - әлеуметтік қатынас өнімі, ол көп себептер және салдармен негізделген. Жекелеп алғанда, мемлекеттік қызметкерлердің құзыретсіздігі, саясаттылық

және шенеуніктердің популизмі сияқты қазіргі таңдағы келеңсіз жағдайлармен тығыз байланысты. Нигилизм субъектінің өз әлеуметтік-құқықтық мәртебесімен қанағаттанбауының, оның пікірі бойынша өзінің потенциалды мүмкіндігін дұрыс бағаламауының нәтижесі. Аталған мәселе ғылыми тұрғыда да жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Ал оны зерттеуге қажеттілік әлдеқашан туындаған, себебі аталған әлеуметтік-құқықтық феномендер тәжірбиелік өмір мен адамдар санасында, саясат, мәдениет, заң шығармашылық, мемлекеттік және қоғамдық қызмет салаларында, заңгерлер арасында кеңінен таралған. С.Өзбекұлының пікірінше, құқықтық нигилизм – қоғамда қабылданған, мойындалған құқықтық құндылықтарды, қағидалар мен заңнаманың мүмкіндіктерін жоққа шығару, сенімсіздік таныту арқылы биліктің заңсыздығы мен бассыздығына көз жұмып қарау.

Студенттер бұл жағымсыз құбылыстарының мәні, олардың зиян келтіруі, себептері, көрініс табу нысандары және оларды жою жолдары туралы хабарлар болуы тиіс. Қазіргі заманда қоғам көптеген қарама-қайшылықтармен сипатталатыны рас. Олардың арасында құқықтық нигилизмде жиі көрініс тауып жатыр. Сонымен бірге құқықтық идеализмде. Бұл екі құбылыс бір-біріне қарама қайшы құбылыс. Олар қоғамда қатар әрекет етуде және бірлесе отырып құқықтық мәдениетсіздікке жағдай жасауда.

«Нигилистік көзқарастар әр кезде өзіндік реңктерге ие болып, сол заманның сипатына сай қалыптасып отырды. Орта ғасырларда христиан дініне қарсы еретиктерді нигилистер деп қуғындаса, 18-19 ғасырларда өмір сүріп тұрған қоғамдық жүйені мойындамай, оған қарсы шыққан нигилистер осы бағытта нақты іс-әрекет жасаумен көзге түсті. Тіпті, бұл қарсылық түптің түбінде қалыптасқан режимді құлатуға алып келді, мысалы, большевиктердің патшалық билікті құлатып, өз үстемдігін орнатуы да сол кезеңде нигилист аталған тұлғалардың (халықшылдардың) идеяларынан бастау алған. Бұл ағымдағы нигилистер негізінен басты идеялар ескіріп, жаңасының туа алмай жатқан тұстары қолдауға ие болып, табысқа жетуі кездейсоқ емес. дүниедегінің бәрін мансұқтау, антиәлеуметтік көзқарас іспетті көріністерге ие болды.

Қазіргі қазақстандық қоғамда бұрынғы кеңестік идеалдар әлі де түбірімен жойылған жоқ (әсіресе, сол кезеңде билікте қызметте болғандар арасында) батыстық либерализмды жақтаушылар бар. Бірақ, олар азшылық және кезіндегі батысқа тән нәрсенің бәрін іріп-шіріген, бұзылған деп қабылдау әлі де басым, оған қоса бұл көзқарас қазіргі батыс елдеріндегі адам бостандығына құрметтің шарықтау шегіне жетіп, адамның кез-келген тілегіне қайшы келу оның құқығын таптау деп танылуына байланысты бір жынысты некеге рұқсат беру, азаматтық некенің құпталуы, бала туудың азаюы (өйткені, баланы дүниеге әкелу аса зор жауапкершілік, оған қалай болса солай қарауға болмайды, оны толыққанды тәрбиелей алмасаң, бала туу жауапкершілігін мойныңа алу жөн емес), сөйтіп осының бәрі отбасы институтының дағдарысы ретінде қабылдануы одан сайын батысқа деген теріс көзқарасты күшейте түсті. Ал, дәстүрлі қазақи дүниетанымдағы адамдар ХХ ғасырдың 80-жылдарына дейін негізінен ауылда туған ұрпақ арасында сақталуда, міне, солар бүгінгі күні барша қазакилық атаулының иесі, ұстанушысы, насихатшысы, жоқтаушысы болды.

«Бүгін біздер қазақстандық жас ұрпақтың тұтас бір буынының ұлттық құндылықтарды мойындамауы, жат тілде сөйлеуі, дәстүр-салтты ұстанбауы, ұлттық музыканы (эстрадалық емес) қабылдамауы, оны түсінбеуі, сөйтіп жаһандық стандартталған мәдениет үлгісінің жетегінде кетуі құбылысына тап болдық. Бұлар - ұлттық тәрбиеден тыс қалған ұрпақтың екінші буыны, олардың ата-аналары кеңестік тұста орысша құндылықтармен өсіп, білім алғандар. Бұл жастар қазақтың дәстүрлі құндылықтарын мүлдем түсінбеуі, бала кезінен бойына дарытпауы осыдан. Ал, осы жастардың өздерін түсінетіндер бар ма, жоқ па, бұл оларға қызықты емес.

Қазіргі біздің қоғамда құқықтық нигилизм өршіп тұр. Бұл бір жағынан, билік органдарындағы коррупцияға қарсылықтың бір түрі, ал, екінші жағынан, құқықтық сананың артта қалғаны, кемістігі, жарымжандығы. Жүздеген жылдар бойы «Жеті жарғы», «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» іспетті ата заңдарымызға бағынып, дала демократиясымен өмір сүрген халықтың жүз жылда құқықтық нигилизмге тап болуы ең алдымен отаршылдықтың салдары. А.И. Герцен Ресейде өмір сүре тұрып, заңды бұзбау мүмкін емес деген екен: «Русский, какого бы звания он ни был, обходит или нарушает закон всюду, где это можно сделать безнаказанно; совершенно так же поступает и правительство». Патшалық және большевиктік отарлау заңды айналып өтудің әдіс-тәсілдерін зорлықпен, қулықпен санаға шегелеп, кіргізіп кетті. Бір кездегі ең намысты халықтың сүйегіне сіңіп, әлі де құтыла алмай келе жатқан дерті, бұл. Қазіргі шенеуніктердің заңды жайына қалдырып, құқықтық ережелерді белден басыуы, жеке бас мүддесіне қолдануы - мемлекеттік биліктегі



элитаның саяси нигилизмі. Құқықтық нигилизмнің көріністері күнделікті өмірімізде берік орныққаны соншалық, Заңды орындамау әдетке, мінез-құлыққа, өмір салтына айналып бара жатыр ма, қалай?! Халық байлығының халыққа қызмет етпеуі, тоналуы, әлеуметтік теңсіздік (мысалы, байлар мен жалпы бұқара халықтың жағдайы арасындағы айырмашылық бізде 30 еседен асады, ал, негізінде бұл көрсеткіш 5 еседен аспауы тиіс, мысалы Еуропа елдерінде - 4,8 есені құрайды), тәртіпке бағынбау, ұйымдасуға мойынұсынбау сынды әлеуметтік ауруларға алып келеді. Бүкіл халықтың үштен бірін құрайтын, өмір сүру үшін ең маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыра алмай отырған, абсолютті кедейлік шегіндегі тұрғындардан қандай рухани-мәдени құндылықтарды талап етуге болады? «Сананы тұрмыс билейді», бізде бүгін жеңілтек ойын-сауық пен эстрадалық шоулардың дәурені жүріп тұр. Қарапайым адамның құқығы кез-келген жерде - жұмысында, мемлекеттік мекемелерде, қоғамдық орындарда, көшеде тапталып жатса не жорық. Бірақ, әзірге өз намысын, адамдық қадір-қасиетін қорғап заңға жүгіну уақиғалары некен-саяқ және оның нәтижелі аяқталатынына да күдік мол.

Көптеген адамдар өмірде мән-мағына жоқ деп торығады, не үшін өмір сүреміз, не істеу керек, ол істе мағына бар ма, нәтиже шыға ма, өмірде ең бастысы не деген сұрақтарға шектен тыс беріліп, шарасыздыққа тап болады. Бұл белгісіздік алдындағы шарасыздық. Ескіні қабылдағысы келмейді, жаңаны жасауға шамасы жоқ. Осылай нигилист үшін ең жоғары құндылықтардың құнсыздануы оның мінез-құлқын, дүниені сезіну формасын қалыптастырады. Айталық, бүлікшілдік те нигилистік көзқарас. Кезінде нигилистер дінге қарсы шықты, атеизмді насихаттады, қоғамдық құрылысты өзгерткісі келді. Сол үшін олар қудаланды, отқа жағылды, кейбір кезде мақсаттарына қол жеткізді, бірақ, еш уақытта нигилизм оң қабылданған емес және қабылданбайды да. Өйткені, нигилист үшін кие жоқ. Ешкім оған тұлға емес. Нигилизмнің түбі - тұңғыық, түпсіздік, хаос, бұзылу.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рябко И.Ф. Правосознание и правовое воспитание. - Ростов н/Д.: Феникс, 1996.
2. Сиринов С.А. Социальные и философские основания правового нигилизма. Автореферат диссертации канд. философ. наук. - СПб., 1994.
3. Теория государства и права. Под ред. Н. И. Матузова и А. В. Малько. - Курс лекций. - М.: Юристъ, 2003. - 650 с.
4. Туманов В.А. О правовом нигилизме // Государство и право. 1989. № 10.
5. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясының проблемалары: Оқу құралы. Алматы, 2006. -196-б.
6. Жоламан. К.Д. Мемлекет және құқық теориясы. -Алматы, 2009, 306 б.

#### ӘОЖ 340

**Сәрсенбай А.Б.**

*«Құқықтану» мамандығының 2-курс студенті, Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
Ақтөбе қаласы*

### ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА ЫҚПАЛ ЕТУІНІҢ РЕТТЕУШІЛІК МАЗМҰНЫ

*Бұл мақалада құқықтың қоғамдық қатынастарға ықпал етуінің реттеушілік мазмұны қарастырылған. Бұл құқықтың қоғамдық қатынастарға ықпал етуінің реттеушілік мазмұны: бір азаматтың құқық өкілеттігін елестету, басқаларға міндетті жүктеу, құқық бұзушыларды жауапкершілікке тарту, құқық пен мемлекеттің байланысын айқындау.*

**Түйін сөздер:** құқықтық қатынас, категория, заңдылық, теория, мазмұн, құқық бұзушылық.

*В этой статье рассмотрено регулирующее содержание влияния права на общественные отношения. Регулирующее содержание права заключается в представлении прав и обязанностей одного гражданина, возложении обязанности на других, привлечении нарушителей закона к ответственности, в определении взаимоотношений между правом и государством.*

**Ключевые слова:** правовое отношение, категория, верховенство закона, содержание, правонарушение.

*This article describes the regulatory content of the influence of the right to public relations. The governing content of the law consists in presenting the rights and obligations of one citizen, imposing obligations on others, bringing the violators of the law to responsibility, in determining the relationship between the law and the state.*

**Keywords:** legal relationship, category, rule of law, content, offense.

Құқықтық қатынастардың құрылымын зерттеу, құқық теориясының ішкі жағына талдау жасау, дәстүрлі жолмен «нысан» және «мазмұн» негізінде жүргізіледі. Бұл категориялардың методологиялық мүмкіндігі, шын мәнінде, айқындауға және көптеген маңызды құбылыстардың заңдылықтарын есте қалдыруға бекітуге мүмкіндік береді. Дегенмен, мұндай жағдайлар:

а) бұл категорияда тек екі көрсеткіш бар: «нысан» және «мазмұн» және қамтамасыз етілген философиялық мағынадағы көп-маңыздылық бар;

ә) құқықтық қатынастарда көп маңыздылық саладағы зерттеу және сипаттауды қажет ететін аспектілер, жақтар құқық зерттеушілерінің көзқарастарында құқықтық қатынастардың құрылымдарына оның нысаны мен мазмұнына сәйкес маңызды қарама-қайшылық пайда болды. Әсер еткен «нысан» мен «мазмұнның» тек жалпы байланыстары және құбылыстағы заңдылықтар, ал нақты түбіне дейін зерттеуде олардың тиімділігі аздау болады. Құқықтық қатынастарды бөлшектеп зерттеуге көп деңгейде жауап беретін жүйелік жол, жеткілікті мөлшерде категориялық аппараты бар, жүйе түсінігі; элементтердің, құрылымы, құрылысы, функциясы, қызыметтендіру мақсаты көрсетілген. Құқықтық қатынастарды сипаттауға көп уақыттан бері «элемент», «құрам», «құрылыс» категориялары пайдаланылады, себебі, құқықтық қатынастардың кейбір жақтарын бөліп алып, оның нысаны мен мазмұнына толықтырулар жасалады, бұл жалпы философиялық жағынан дұрыс емес. Өйткені, нысан мен мазмұн құбылысты толығымен қамтиды және одан басқа ол құбылыста ештеңе жоқ. Элементтер мен нысандар сырттан емес, ішкі бірліктегі нысан мен мазмұндардан ізделуі қажет. Сонымен бірге, жүйелі категориялар оларды бірлікте іс жүзіне асырғанда ғана эффективті болады, яғни жекелеген түрде емес, жүйенің қалпында.

Құрылым (құрылыс және құрылым) құқықтық қатынастар жүйе ретінде. Құқықтық қатынастардың құрамдары туралы әңгімелер ертеден бері жалғасуда, бірақ оның барлығы оның жүйелік қатынастарының байланысынсыз қаралған. Құқықтық қатынастарды құратын құрылымға субъектілердің элементтері мен олардың құқықтарын және міндеттерін, тәртіптерін, сонымен қатар құқықтық қатынастың объектісін кіргізу дағдыға айналған. Көңіл аударатын жағдай, тек тұрақталған арнайы-құқықтық «құқықтық қатынас» категориясының мәніне байланысты, жоғарыда айтылғандай, құқықтық қатынастан жиынтық элементтерді шығару сипатындағы, яғни оны тұтастық ретінде өзіне элементтерді сіңіретін және олардың арасындағы құрылымдық байланысы сияқты түсінген. Құқықтық қатынастарға мұндай көзқарас, яғни «қатынасты» жалпы философиялық категориядан өзгеше түсіну, мүмкін құқықтық теорияның осындай теориялық конструкциядағы талабы болар. Принципті түрде, ондай жағдай болуы мүмкін, құқықтық қатынасты, қатынас ретінде қарамай, жүйе ретінде қарау керек. Дегенмен, жоғарыдағы көрсетілген құбылыстарды құқықтық қатынастардың құрамына қосуды тек субъективтік есептермен түсіндіруге болады. Ең алдымен, көңіл аударатынымыз, біраз зерттеушілер құқықтық қатынастар элементтерінің онтологиялық проблемасын құқықтық шындық құбылыс ретінде қарауды және құқықтық қатынастар теориясының категориялық элементтер проблемаларының айырмашылықтарының барлығын қолдамайды, себебі ол гноологиялық, таным проблемасына жатады.

Құқықтық қатынастар құрамы тұтас жүйелік құбылыс ретінде оның субъектісін құрайды. Жүйелік келу, көзқарасына байланысты олар құқықтық қатынастар элементтері болуы мүмкін. Құқықтық қатынастар, құрылыс мәні мен қатынасушылардың арасында болады және құқықтық қатынастарға тек сондай элементтердің құрылыстық бірлігі қосылуы керек. Кейбір жағдайларда, құқықтық қатынастардың әрбір субъектісі, сонымен бірге, көптеген құқықтық және басқа да әлеуметтік байланыстардың қатынасушылары болады, ондай жағдай жоғарыдағы айтылған пікірлерге қайшы келмейді, себебі, әрбір жекелеген қоғамдық қатынастарда тек субъектінің бір жағы ғана іске асырылады.

Құқықтық қатынастардың қатынасушысы болу үшін, субъект алдын ала бастапқы қоғамдық заңды қасиеттерге ие болуы қажет. Ондай қасиеттер құқық нормаларымен құқық және әрекеттілік (құқықтық субъектілік) арқылы белгіленеді. Берілген нормалар қандай да болмасын құқықтық қатынастардың субъектілерінің бойында қандай қасиеттердің міндетті түрде болуын көрсетеді. Құқық субъектілері, сонымен бірге құқықтық қатынастардың потенциалды элементтері болып табылады, оларда қосымша заңды сипаттағы тиімді қасиеттер пайда болса, шын мәніндегі құқықтық байланыстардың қатынасушысы болады — субъективтік заңды құқық және міндеттер. Олар - тікелей заңды фактідегі жағдайда тәртіпті реттейтін нормалардың әсері. Жүйелік келу теориясының негізінде қатынасушылардың құқығы мен міндеттері — бұл жекелеген емес «еркіндіктегі» құқықтық

қатынастардың элементтері, ол заңды сала, құқық нормаларымен оларға берілген элементтердің «субъектілердің» қасиеті. Құқықтық қатынастарда ондай қасиет оның құрылысын, яғни құқықтық байланыстар, субъектілер арасындағы қатынастарды белгілейді. Мәселені бұлай қою, субъективтік құқық пен міндеттерді қиын, тұтас құбылыстар ретінде қарауға мүмкіндік береді. Олардың одан және құқықтық қатынастардағы рөлін білу, ішкі жағын, құрылымын толық және дәл сипаттауға ықпалын тигізеді. Құқықтық қатынастардың құрылысын құқық пен міндеттілік негізінде қалыптастыру дегеніміз, бір мезгілдегі құқықтық қатынастардың жүйе ретінде пайда болғанын көрсетеді. Мұны былай түсіндіруге болады, құқықтық қатынастардың потенциалды элементтері (құқық субъектілері) бұрын болған, бірақ оның құрылысы болмаған: субъектілер тиімді құқықтық байланыспен біріктірілмеген. Құрылыс заң ретінде түсіндірілетін, элементтердің тұтастыққа бірігуге ықпал ететін тиімді жол, маңызды жүйелі келу категориясына жатады және жүйенің ең керекті жағы. Құрылыстар, шын мәнінде, (жүйедегі пайда болатын жаңа сапаның жұмбақтары бар) жәй жиынтықтағы элементтердің функционалды тұтастыққа айналуы. Аса маңызды емес, құрылыстағы өзгерістер құбылыстардың қасиеттеріндегі маңызды өзгерістерге түсіруі мүмкін. Мысалға, графит пен алмаздың құрамдары бірдей (көмір қышқылы), ал олардың мықтылығы (қаттылығы) құрылыстарымен қамтамасыз етілген (әртүрлі кристалдық шарбақтар құрылымымен). Дегенмен, философияда және құқықтануда құрылысты басқаша түсіну бар, егер оған жүйедегі элементтердің өзін емес, тиімді элементтерді жатқызатын болса. Элементтердің бірлігін және құрылысты (олардың байланыс жолы) сөзбен «құрылыс» деп атауға болады, бірақ біз түсіндірме арқылы ерекшелендіру қажеттігінен кете алмаймыз, сондықтан олардың маңыздылығы мен еркіндігіне байланысты жүйеде тиімді қатынастар мен ерекше терминологиялық белгі қажет. Мұнда соған байланысты тек терминологиялық «жылытуды» мойындау дұрыс, бірақ одан әрі емес. Құрылысты түгелімен байланыс ретінде есептемеуге болмайды. Құрылыс, шын мәнінде, элементтермен тығыз байланысты, кейде өте тығыз байланыста болады: егер элементтер структураның алып барушысы және қайта тұрғызушысы болса ғана ол әлеуметтік жүйеге сипат болады. Сонымен бірге, құрылыс инновациялық қосындылыққа тартылады, яғни сондай жағдай, бір және сол жүйедегі элементтердің әртүрлі «жиынтығы». Мысалы, механикалық сағаттардың құрылысы бәріне бірдей, ал олардың әр түрлігі элементтердің әртүрін пайдалануына байланысты. Құрылысты қосындылыққа (инновациялық) ұмтылғаны үшін, кейде қосынды жүйе ретінде белгілейді. Бірақ, қосынды жүйеде құрылыс емес, қосынды болуы мүмкін. Мысал ретінде жәй калейдоскопты келтіруге болады, себебі онда түрлі-түсті сынықтар тұрақты болады, ал суреттің өзгеруіне жету, олардың арасындағы кеңістік қатынастарын, яғни құрылысын өзгерту арқылы мүмкін болады.

Құқықтық қатынастардың құрылысын зерттеуде қатынас түсінігі мен байланыс түсінігін салыстыруға болмайды. Кейінгі қатынастардың түрін, басқа түрлерге тәуелділікпен бөлуді жатқызуға болады. Барлығы қатынастарда түр, бірақ байланыстылықта барлығы тұрмайды. Жалпы философиялық бағдарламада байланыс ерекшелігі И. Усмовпен өте анық көрсетілен, яғни оның пікірі бойынша, бір байланыстың барлығына байланысты бір заттың өзгеруі, басқаның өзгеруіне әкеліп соғады, ал жәй қатынастағы мұндай өзгеріс сол өзгерістің өзіне тиеді, бірақ басқа заттарға тиіспейді. Қоғамдық қатынастар аясында байланыстың субъектімен арасында болуының белгісіне олардың арасындағы өзара келісімділік жатады. Осыған байланысты, мысалға меншіктік құқық субъектісі басқа субъектілермен қатынаста болмайды, ал құқықтық қатынастардың басқа түрлерінде құқықпен реттелетін тәуелділік олардың әрекеттерінен хабарсыз. Қоғамдық тәртіптің бір бөлігі, қоғамдық қатынастардың тұрақты жүйесі ретінде, тек құқықтың ғана емес барлық әлеуметтік реттеушілердің әрекетімен қалыптасқан. Қоғамдық тәртіпті қысқа түсінуге болмайды, яғни қоғамдық орындағы қатынастар тәртібі ретінде. Профессор В.В. Лазарев қоғамдық тәртіпті «қоғамдық қатынас жүйесінің сапасы (қасиеті), олар сондай әлеуметтік тәртіптіліктер байланысында, қоғам өмірінің біркелкілігін, келісімділікті қамтамасыз етеді, қоғамдық қатынастар қатынасушыларының кедергісіз, өздерінің құқығы мен міндеттерінің орындалуына және олардың негізделген ықыласын қорғауға және қоғамдық жеке адамның тыныштығын сақтау көзделген». Конституциялық заңдылық дегеніміз, шын мәнінде әрекет ететін конституционализм жүйесі, тұтасымен құқықтық Конституцияны қамтамасыз етуші (профессор Н.В. Вихрук).

Конституциялық заңдылықтың болжамы:

- а) мемлекеттің негізгі заңы ретінде. Конституцияның өзінің құқықтық сипаты;
- ә) құқықтық жүйедегі Конституцияның үстемдігі;

б) мемлекеттің барлық аумағындағы Қонституцияның үстемдігі.

Экономикалық жүйелердің ақпараттық сыйымдылығының артуы және постиндустриалды өмір салтына көшу кезінде өзара қарым-қатынас және құрылыс ұйымдарының қатаң иерархиясынан кету бар. Тік конструкциялар тым қатаң, сыртқы ортаның өскен динамизміне сәйкес келу үшін ынтымақтастық механизмі мен көлденең байланыстары бар кластерлік-желілік жүйелерде білінетін үйлестірудің жаңа тәсілі қажет (1).

Білім, кең мағынада, алынған ақпаратты түсіну және шешім қабылдау, ақаулықтарды жою үшін қолданылатын барлық адамның білімі мен қабілеттерін қосып алады. Бұл адамдар саналы түрде немесе бейсаналы түрде қолданатын құрал (3). Ф.Хайек адамдар арасында, сондай-ақ кеңістік арасында да болуы мүмкін «шашыраңқы» білімнің бар екендігін көрсетеді. Олар үнемі өзгеріп, дамып отырады, және олардың бағыттары институционалдық жағдайлармен анықталады (4-7).

Постиндустриалды экономика «білім өндіруге» негізделген. Сондай өндіруді беретін ерекшеліктерді көрсетейік:

- білім тауарлар мен қызметтер құнының өсуіне үлес қосады. Мысалы, заманауи автокөлік құнының 70% құрылыстан, электроникадан және басқа да интеллектуалды компоненттерден тұратыны белгілі. Бұндай бағдарламалық қамтамасыз ету сияқты өнімдер үшін олардың құндылықтарын қалыптастырудағы білімнің «дәрежесі» жоғары;

- білімді жасау, сақтау және пайдалану жөніндегі іс-шаралар барған сайын көбірек болып келеді, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруде. Білімдегі инвестиция адами капиталдың инвестициясы ретінде қарастырылады;

- білімнің ескіруі айтарлықтай артады. Оқу мекемесін аяқтау туралы диплом алғанға дейін кәсіби циклдегі қолданылатын білімнің көпшілігі маңызды емес болып бара жатыр. Бұл адамның өмір бойы жұмыс істеген уақыты ішінде білім алу үдерісін жалғастыру керектігін көрсетеді;

- халық құрылымында өндірісте, сақтау, тасымалдауда жұмыскерлер саны артуда және білімді пайдалануда олардың арасында бәсекелестік өсіп келеді. Көгілдір және ақ түстердің арасындағы айырмашылық жойылады. Білікті жұмыскерлер өздері иеленетін және қолданатын білімнің арқасында өнімнің қосымша құндылығын қамтамасыз етеді. Заманауи кәсіби білімнің негізгі



міндеттерінің бірі процедуралық білімді құру арқылы кәсіби қызмет жасау жөніндегі құзыреттілік болып табылады;

- өндірісте шамадан тыс мамандандыру азаяды. Жеке тұлғаны қажет ететін қажеттіліктер артады. Бұл үрдістер жұмыс күшінің кәсіби деңгейіне жоғары талаптар қойып отыр.

Федеральдық кеңестің жыл сайынғы Жолдауында В.В.Путин атап айтқандай, өнеркәсіптік өндіріс айтарлықтай тұрақтанды, бірақ жаһандық даму, технологиядағы түбегейлі өзгерістердің негізгі үрдістерді ұмытып кетпеуіміз керек, яғни сандық экономиканы. Сандық экономиканы дамыту стратегиясын қабылдады: Дания – 2000 ж., Сингапур – 2005 ж., Австралия, Гонконг, Ұлыбритания, Жаңа Зеландия – 2008 ж., жалпы Еуроодақ – 2009 ж., Канада – 2010 ж., Малайзия – 2012 ж., Оңтүстік Корей – 2013ж., Индия, Қазақстан – 2015 ж.; Экономиканы цифрландыруға көшудің шарттары мен тетіктерін анықтау маңызды болып табылады.

Экономиканы цифрландырудың ерекшеліктері. ХХІ ғ. басында ақпараттық революция және экономикалық жаһандану процестеріне негізделген сандық экожүйелердің дамуын қамтамасыз етті. Ақпарат негізгі ресурсқа айналды. Адам қолында ол білімге айналады, ал әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйелік кеңістікке жиі ауысады.

Сандық трансформацияның жетістігінің негізгі факторы ұйымдарда сандық мәдениеттің дамуы мен тиісті мамандардың қажеттіліктерін толтыру болып табылады. Бұл тұжырым онда сандық технологиялар мен жүйелерді инвестициялаудың ықпалы зерттелетін Digital IQ зерттеуінің нәтижелерімен расталады (8). Digital IQ зерттеу мәліметтеріне сәйкес керек технологияларға инвестиция салу өте маңызды, дегенмен, ең алдымен трансформацияның табысы арнайы сенсорлар, алгоритмдер немесе аналитикалық құралдарға емес, ал адамдарға қатысты кең ауқымды факторларға байланысты болады. Өнеркәсіптік компанияларға сандық мәдениетті тарату үшін жағдай жасау және жоғары басшылық тарапынан табысты трансформацияға тікелей қызығушылықты қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар салалық кәсіпорындарға «сандық ұрпақ» өкілдерінен мамандарды және динамикалық сандық экожүйеде тыныш жұмыс істей алатын басқа қызметкерлерді тарту, сақтау және оқыту қажет (8).

«Индустрия 4.0» концепциясы барлық жеке активтерді цифрландыру және оларды құндық тізбеге қатысатын серіктестермен бірге сандық экожүйеге біріктіру қарастырылады (8). Оған аспан қызметтері, мобильді құрылғылар, толықтырылған шындық, «Интернет заттарды», геолокациялар (орналасқан жерін анықтау), жеке адамның және компьютерлердің өзара жетілдірілген интерфейстері, алаяқтық жағдайларды анықтау және аутентификациялау, 3D форматында басып шығару, жасанды зияткерлік шеңберіндегі технологиялар, дамыған алгоритмдер мен үлкен деректерді талдау, клиенттің бейіні бойынша дербестендіру сияқты жаңа сандық технологиялар сәйкес келеді.

Төртінші индустриалды революция нәтижесі онда мүдделі тараптардың өзара әрекеттесуі кезінде ұжымдық желілік құзыреттер қалыптастыратын сандық экожүйелер кеңістігі болады. 2025 жылға қарай сандық кеңістікті дамытудың стратегиялық бағыттары анықталды, олар:

- оларды электрондық цифрландыру нәтижесінде экономикалық процестердің және қызмет көрсету ортасының шексіздігін арттыру;

- физикалық объектілер мен аумақтарды цифрландыру;

- интеграция және бизнес-бастамалар бағыты бойынша елдердің экономикасының цифрлық түрлендіруі;

- жаһандық нарыққа шығу үшін бірлескен сандық құралдарды жасау және іске қосу;

- кәсіпкерлік субъектілері мен азаматтардың мүдделеріне ашық деректерді тиімді пайдалану;

- сандық экономикадағы жұмыс орындары сапасының өсуі;

- экономикалық тәуекелдер кешенін төмендету;

- сандық кеңістіктегі іс-шараларды жүргізуге азаматтардың, шағын және орта бизнестің шығындарын төмендету;

- тұрақты цифрлық экожүйенің пайда болуы;

Біздің пікірімізше, экономиканы цифрландыру мүмкін:

- сандық инфрақұрылымдар мен байланыс стандарттарының дамуы;

- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

- онлайн оқытуды кеңейтеді;

- барлық азаматтарға желіге және онлайн-коммуникацияларына еркін қол жетімділікті құру;

- сандық экожүйелерде ақпараттық ағымды және білімді басқаруды жетілдіру;

Соңғы шарт соншалықты айқын емес, бірақ цифрлық кеңістікте үздіксіз білім тарату кезінде ол жаңа мәнге ие болады және өзектілігін арттырады.

Сандық экожүйені құру ерекшеліктері. «Сандық экожүйе» тұжырымдаманың ең таңғаларлық және әртүрлі тәсілдерін қарастырамыз (2 кесте).

В.Шендрик сандық экожүйені Microsoft, Apple, Google компанияларын жасаушылар, құрылғылар, қызметтер мен технологиялар жиынтығы ретіндеөте қарапайым түрде қарастырады (10).Ф. Нахира, П. Дини, А.А.Николайдың пайымдауынша ол үш желілердің конвергенциясы арқылы қалыптасады: ИТ-желі, әлеуметтік және білім алмасу.

Бұл ретте олар екі тұжырымдаманы анықтайды: e-learning ecosystem және digital ecosystem. Ф. Нахира және оның әріптестері сандық экожүйені білім негізінде экономикаға және желілік экономикаға көшу, онда ұйымдардың құрылымы өзгертін digital business ecosystems деп атайды. Ол үздіксіз инновацияны, білімге қол жеткізуді, жаһандық құндылық тізбектерін, нақты қызметтерді, жаңа технологияларды бейімдеуді, жаңа бизнес модельдерді қабылдауды қамтамасыз етеді. Бұл ғалымдар атап өткендей, экономика парадигма ауысымына айналады, онда экономика үнемі жоспар жасалатын механизм ретінде қаралмайды, айнмалылар анықталып, проблемалар бөлінеді, бұл экожүйе (14).

Х. Донг, Ф.К. Хуссейн, Е. Чанг.Сандық экожүйе цифрлық артефакттар және мәліметтерді беру, сақтау және өңдеу инфрақұрылымы, жүйелерді пайдаланушылары, соның ішінде әлеуметтік, экономикалық, саяси, психологиялық және басқа да факторлар әсер етеді (13).

Сандық экожүйеде «серіктестер мен бәсекелестер жобалар бойынша өзара әрекеттесу үшін және басқа процестердің қатарында бәсекелесуді тоқтатпай-ақ, ақпараттың өзара толықтығы мен құру (когреация) режимінде бірлесіп жұмыс істеу үшін ресурстарды біріктіретін команда ретінде өзара әрекеттеседі» (15).

К.Бекердің айтуынша, сандық экология әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетілетін ақпараттық ағындармен қалыптасатын ақпараттық жүйелермен айналысады. Ақпарат кеңінен цифрландырылған және артерия ресурстары сияқты пайдаланылуы, жасалуы және өзгеруі мүмкін ресурстарға айналады. Негізгі экологиялық идея пайдаланушы құнының ақпаратын сақтау және арттыру болып табылады (16).

Е.Чанг, М.Вест атап өткендей, экожүйе барлық қатысушылар нашар байланыстырылған, өз пайдасын құрметтейтін және қоршаған ортаны сақтайтын кластерлік ортадағы домен ретінде анықталады.Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту арқылы адам бір уақытта сандық және экологиялық ортада өмір сүре бастады, яғни екі ортада (12). Осылайша, олар кластерлік ортадағы доменді сандық экожүйе, оның ішінде биологиялық, экономикалық және сандық түрлер мен қоршаған ортаны түсінеді.

Біздің ойымызша, егер экожүйе заттар мен энергияны өздері мен олардың ортасы арасында айырбастауға болатын тірі ағзалардың биологиялық жүйесі болса, онда сандық экожүйені анықтаудың кілті - білім алмасу, оған мүмкіндік беретін технологиялар және осы алмасуға қатыса алатын адамдар. Осылайша, сандық экожүйе - әлеуметтік-техникалық жүйенің таратылған өзара әрекеттесуімен компьютерлік бағдарламалар жиынтығы ретінде ұсынылу және эволюциялық өзін-өзі дамыту контекстінде білім алмасу үшін агенттерді өзара пайдалану.Мұндай жүйелерді сипаттаудағы экологиялық компонент тірі табиғат пен техносфера процестері арасында ұқсастықты жасауға тырысады, және экологияның заңдарын ақпараттық әлемге қолдану арқылы. Мұны М.Кастеллс, Е.Чанг, М. Вест, М.Кастеллдің және басқаларының жұмысымен растайды (12,16).

Өнеркәсіпте сандық экожүйелердің мысалдары цифрлы фабрика, цифрлық өндіріс, цифрлық өнеркәсіптік кластерлер және т.б.

Біздің ойымызша, сандық экожүйелерге арналған технологиялар мен қызметтерге мыналар жатады:

- ақпараттық-коммуникациялық құрылымы дамыған;
- тақырыптық кластерлерге қатысатын интерактивті қауымдастық;
- ақпараттық ресурстар;
- білім базасы;
- электрондық өзара әрекеттесудің жаңа формалары;
- бизнес, үкімет пен қоғамды біріктіруге арналған платформалар;
- сандық орта;

Сонымен қатар, барлық қызметтердің функциялары кеңейтілді:

- цифрлық қызметтерді ұсыну және пайдалану;
- ақпараттың барлық түрлерін электрондық өңдеу;
- ақпараттық қарым-қатынасты қолдау;
- жасанды интеллектті пайдалану негізінде бизнес-барлау;
- пәнаралық өзара қарым-қатынасты күшейту;
- сандық экожүйедегі әртүрлі қажеттіліктерді қолдау;
- тақырыптық-бағдарланған кластерлерге қатысу;

Цифрлық экожүйені құрудағы негізгі қиындық жаңа перспективалық технологияларды таңдау емес, жаңа мамандарға (цифрлық қоғамда ғана пайда болуы мүмкін сандық мәдениеттің тасымалдаушылары) деген жоғары қажеттілік болмайтындығын атап өткен жөн.

Сандық экожүйелердегі білімнің спиралі. Сандық экожүйелерді қалыптастыру кезінде үнемі жаңарып отыру қабілетіне ие бола отырып, үнемі желінің біріне, яғни «тұрақты ағындық ағынға» айналады. Кеңістіктік және уақытша шекаралары жойылған байланыстың сызықты емес нысандары бар (16). Массивтік онлайн байланыстар әлеуметтік қашықтықты жоққа шығарады, ақпараттың үлкен ағындарын және үздіксіз өзгеру жағдайын тудырады, көбінесе сәтте тирания ретінде қабылданады (1). Бұл ақпараттық даму әдісімен өнімділіктің көзі білімдердің біліміне әсер етеді, бұл білім беру технологияларын, ақпаратты өңдеу мен символдық қарым-қатынаста көрініс табады (16).

Білім менеджменті саласында білім мен ақпарат өзара әрекеттесіп, цифрлы экожүйе аясында дамиды үлгілер белсенді түрде дамиды (17-19).

Р. Аккоффом ұсынған білімнің әртүрлі деңгейлерінің иерархиялық құрылымын қарастырайық. Иерархияның бірінші деңгейінде деректер болып табылады. Олар: нысандардың немесе оқиғалардың қасиеттерін сипаттайды; әдетте ешқандай мақсат қоймайды; өздігінен бар. Иерархияның екінші деңгейінде ақпаратты орналастыруға болады. Оларды өңдеу процедурасымен бірге деректермен қалыптасқан нақты мақсат қойылған. Ақпарат «не», «кім», «қайда», «қашан», «қалай» деген сөздерден басталатын сұрақтарға жауаптарда бар. Иерархияның үшінші деңгейінде – білім. Ол оқыту арқылы беріледі және «қалай» деген сұраққа жауап береді. Ақпарат, ақпаратқа қарағанда, ингредиенттер мен рецепттердің болуымен ғана емес, сондай-ақ нақты нәтижені алу үшін, әрекеттерді үйлестіру үшін қол жетімді ақпаратты жинақтау мүмкіндігімен сипатталады. Иерархияның төртінші деңгейінде даналық, ол «Неге» деген сұраққа жауапқа сәйкес келеді. «Даналық» түсінігі «метабілім» ретінде түсіндірілуі мүмкін, яғни білім туралы білім. Когнитивті психологияда бізде «даналық» түсінігін кеңінен түсіндіруге болады. Даналық адамның сандық экожүйелердегі желілік өзара іс-қимылмен соншалықты сәтті жүзеге асырылатын келесі қабілеттерімен байланысты болуы мүмкін:

- сандық экожүйедегі әртүрлі мүдделердің балансы есебінен оң нәтижеге жету;
- жаңа білімнің ұжымдық синтезі;
- олардың қателіктерін жою және өз білімдерінің жетіспеушілігін өтеу;
- шығармашылық ізденіс нәтижесінде проблеманы анықтау және тұжырымдау.

Дәстүрлі білім беру жүйесі формалданған немесе нақты білімдермен айналысады. Барлық студенттерге қол жетімді, жазбаша түрде ұсынылуы және басқа адамдарға құжаттар, нұсқаулықтар, нұсқаулықтар және т.б. түрінде берілуі мүмкін. Ашық білімдердің мысалдары: модельдер, математикалық формулалар, ғылыми мақалалар, форматталған технологиялар, қауіпсіздік ережелері, лауазымдық нұсқаулықтар, патенттер, лицензиялар, компьютерлік деректер қорларындағы деректер және т.б.

Сандық экожүйелерде формализацияланбаған білімнің үлесі мен ролі артады. Олар адамдармен практикалық проблемаларды жеке шешуге ынталы және тәжірибе нәтижесі болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Смородинская Н.В. Глобализированная экономика: от иерархий к сетевому укладу. М.: ИЭРАН, 2015. 344 с.
2. Дацык А.А. Особенности современной постиндустриальной экономики // Актуальные проблемы экономики и права. 2008. № 4. С. 140—146.
3. Badinger H., Tondl G. Trade, Human Capital and Innovation: The Engines of European Regional Growth in the 1990-s // IEF Working Paper, 2002, no. 42, p. 15.
4. Abreu M., Groot H.L.F. de, Florax R.J.M. Spatial Patterns of Technology Diffusion // Tinbergen Institute Discussion Paper, Tj, 2004, no. 079/3.
5. Бабкин А.В., Хватова Т.Ю. Модель национальной инновационной системы на основе экономики знаний // Экономика и управление. 2010. № 12(62). С. 170—176.

6. Харламова Т.Л., Новиков А.О. и др. Глобализация экономики и развитие промышленности: теория и практика: колл. моногр. СПб.: Изд-во СПбПУ, 2013. 489 с.
7. Алетдинова А.А., Корицкий А.В. Человеческий капитал и малый бизнес России // Российское предпринимательство. 2011. № 10(2). С. 4—10.
8. «Индустрия 4.0»: создание цифрового предприятия. Всемирный обзор реализации концепции «Индустрия 4.0» за 2016 год. URL: [http://www.pwc.ru/ru/technology/assets/global\\_industry-2016\\_rus.pdf](http://www.pwc.ru/ru/technology/assets/global_industry-2016_rus.pdf). (дата обращения: 19.10.2016).
9. Стратегия развития цифрового пространства ЕАЭС 2025. 2016. URL: <http://d-russia.ru/wpcontent/uploads/2016/10/strategy.pdf> (дата обращения: 29.11.2016).
10. Шендрик В. Цифровая Экосистема. URL: <http://shendrik.net/2016/01/28/%D1%86%D0%B8%D1%84%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%8F%D1%8D%D0%BA%D0%BE%D1%81%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%B5%D0%BC%D0%B0/> (дата обращения: 19.10.2016).
11. Nachira F., Dini P., Nicolai A.A. Network of Digital Business Ecosystems for Europe: Roots, Processes and Perspectives // Digital Business Ecosystems. Bruxelles: European Commission, 2007.
12. Chang E., West M. Digital Ecosystems: A Next Generation of the Collaborative Environment // iWAS, 2006, pp. 3—24.
13. Dong H., Hussain F.K., Chang E. An Integrative view of the concept of Digital Ecosystem // Proceedings of the Third International Conference on Networking and Services. Washington, DC, USA: IEEE Computer Society, 2007, pp. 42—44.

## ӘОЖ 332.13

**Жумағалиев Б. А.**

*3 курс студенті, Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы*

*Ғылыми жетекші: аға оқытушы Абдиева С. Р.*

### **АУМАҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

*Бұл мақалада Маңғыстау облысының макроэкономикалық көрсеткіштерінің жағдайдайын талдау мен макроэкономиканың негізгі проблемалары қарастырылған.*

*Түйін сөздер:* жалпы өңірлік өнім көлемі, халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ, экспорттық-импорттық операциялар.

*В данной статье анализируются макроэкономические показатели Мангистауской области и основные проблемы макроэкономики.*

*Ключевые слова:* валовой региональный продукт, ВРП на душу населения, экспортно-импортные операции.

*This article analyzes macroeconomic indicators of Mangistau region and the main problems of macroeconomics.*

*Keywords:* shovel regional product, BPP on worm breeding, export-import operations.

Облыс 1973 жылы құрылды және ол Қазақстан оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, солтүстік-шығыста – Атырау және Ақтөбе облыстарымен, батыста теңіз бойымен – Ресей Федерациясымен, Әзірбайжанмен және Иранмен, оңтүстікте – Түрікменстанмен және шығыста – Өзбекстанмен шектеседі.

Облыс аумағы 165,6 мың шаршы километрді құрайды (Қазақстан аумағының жалпы ауданының 6,1 %-ы, 14 өңірдің ішінде – 7-орын). Облыс халқының саны 01.05.2016 жылға – 633,5 мың адам немесе Қазақстанның бүкіл халқының 3,5%-ы. Халықтың тығыздығы 3,8 адамды құрайды, бұл – орташа республикалық көрсеткіштен едәуір төмен (1 шаршы километрге – 6,4 адам).

Облыс аумағының бедері әр түрлі. Солтүстік бөлігін өз шегінде Желтау (221 м), Мыңсуалмас (148 м) таулары, құм алқаптары (Қаракұм, Сам және басқалары), кеңбайтақ сорлар (Өліқолтық, Қайдақ, Қаратүлей, Қаракешу және басқалары) және Бозашы түбегі орналасқан Каспий маңы ойпаты алып жатыр. Орталық бөлігін Маңғыстау таулары (Ақтау – 556 м, Қаратау – 562 м), Маңғыстау үстірті мен ТМД-дағы ең терең Қаракия ойпаты (132 м) орналасқан Маңғыстау түбегі қамтиды. Оңтүстік-батысында Кендірлі-Қаясан үстірті, оңтүстігінде Қарынжарық ойысы орналасқан. Облыстың шығысын Үстірт шоқысы алып жатыр.

Жер қойнауы мұнай, газ, фосфорит, көмір, марганец, әр түрлі тұздар, ұлутас қорларына бай.

Климаты – континентті, өте құрғақ. Қантар айының орташа температурасы – 14, –19 °С, шілде айында + 26, +40 °С. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері – 100-150 миллиметр.

Маңғыстау облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісі 3 қаланы (Ақтау қаласы, облыстық

маңызы бар Жаңаөзен монокаласы, аудандық маңызы бар Форт-Шевченко шағын қаласы), 5 ауданды, 46 ауылдық округті, 61 ауылдық елді мекенді қамтиды.

Облыс орталығы – Ақтау қаласы, ол Каспий теңізіндегі порт болып табылады және 1963 жылы құрылған. Қалада 01.08.2017 жылға 184,5 мың адам немесе облыстың бүкіл халқының 28,3%-ы тұрып жатыр. Ақтау қаласынан Астана қаласына дейінгі арақашықтық – 2 413 км.

Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасына сәйкес, Маңғыстау облысы Батыс макроөңіріне кіреді және мал шаруашылығы мен мұнай-газ өнеркәсібіне маманданған.

Облыс Каспий өңірінің мультиұлттық жүйесіне шығатын Қазақстан Республикасының шекара маңындағы облысы ретінде қуатты транзиттік, көлік-логистикалық және халықаралық маңызы бар инфрақұрылымдық-сервистік әлеуетке ие. Облыс аумағы арқылы Шығыс Еуропаны Орталық Азиямен және Солтүстік Еуропаны Парсы шығанағының елдерімен қосатын ТРАСЕКА және «Солтүстік- Оңтүстік» екі халықаралық көлік дәлізі өтеді.


Облыстың Каспий теңізінің жағасында географиялық ыңғайлы орналасуы негізгі туристік ағындарды шығаратын елдерге жақындауын қамтамасыз етеді. Көлік логистикасы және туризм облыстың маңызды бәсекеге қабілетті басымдықтарымен анықталған, олар экономиканы әртараптандыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етпек.

Ақтөбе, Орал және Атырау, қалаларымен бірге Батыс макроөңірінің бірыңғай қоныстандыру жүйесінің тірек кеңістіктегі қаңқасын қалыптастыратын облыс орталығы – Ақтау қаласы негізгі өсу орталығы болып белгіленді.

Жаңаөзен монокаласы экономикасының перспективалы экономикалық мамандануының негізгі бағыты мұнай мен газ өндіру болып қала береді. Мұнай мен газды қайта өңдеу дами бермек.

Форт-Шевченко шағын қаласының таяу келешектегі жемісті дамуы балық өнеркәсібін, кемелер жасауды және оларға қызмет көрсетуді дамытумен байланысты болмақ. Туризмді дамыту мақсатында «Форт-Шевченко мұражай қаласы» бірыңғай туристік-рекреациялық кешені құрылуы мүмкін («Тамшалы» шатқалымен бірге) [1].


Жалпы өңірлік өнім көлемі 2012 жылғы 1764,8 млрд. теңгеден 2016 жылы 2463,4 млрд. теңгеге дейін өсті. ЖӨӨ-нің 2016 жылдағы нақты өсуі (НКИ) 99,9% құрады (2012 жылда – 100,9%, 2013 жылда – 105,5 %, 2014 жылда –104%, 2015 жылда – 100,1%).



**1-сурет.** Жалпы өңірлік өнімнің 2012-2016 жылдардағы өзгеру динамикасы

Облыс ЖӨӨ-нің республика ЖІӨ-нің жалпы көлеміндегі үлес салмағы 2016 жылы 5,2% құрады, бұл – республика өңірлері арасындағы 9-орын (2012 жылы – 5,4%, 9-орын; 2013 жылы – 5,4%, 7-орын; 2014 жылы – 5,8%, 7-орын; 2016 жылы – 9 орын).

Ауыл шаруашылығының үлесі 2012 жылғы 0,3%-дан 2016 жылы 0,5%-ға дейін, тиісінше көлік пен қоймалаудың үлесі 4,4%-дан 6,2%-ға, өзге де қызметтердің үлесі 32,8%-дан 34,4%-ға, көтерме және бөлшек сауданың үлесі 3,5%-дан 4,4%-ға дейін артты. Өнеркәсіптің үлесі 2012 жылғы 52,5%-дан 2016 жылы 48,6%-ға дейін, тиісінше құрылыстың үлесі 6,5%-дан 5,9%-ға дейін азайды.



## 2-сурет. Жалпы өңірлік өнімнің 2016 жылдағы құрылымы

Халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ көлемі 2016 жылы 3880,6 мың теңгені құрады, бұл – республика өңірлері арасындағы төртінші орын (ҚР бойынша орташа – 2639,7 мың теңге). Көрсеткіш 2012 жылмен салыстырғанда (3169,8 мың теңге) 22,4%-ға ұлғайды.

Облыс әлемнің 101 елімен экспорттық-импорттық операцияларды, оның ішінде 41 елмен экспорттық операцияларды, 99 елмен импорттық операцияларды жүзеге асырады. Облыстың сыртқы сауда айналымы 2012 жылғы 8 571,5 млн. АҚШ долларынан 2015 жылы 4 555,4 млн. долларға дейін ұлғайды. Тауарларды экспорттау 2012 жылғы 8 058,2 млн. АҚШ долларынан 2015 жылы 4 076,9 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайды.

2016 жылы сыртқы сауда айналымының 3709,5 млн. АҚШ долларына дейін немесе 2015 жылдың деңгейіне қарағанда 18,6%-ға төмендегені байқалады, оның ішінде тауарларды экспорттау 14,6%-ға немесе 3480,1 млн. АҚШ долларына дейін төмендеді.

Маңғыстау облысы өнеркәсіптік өндіріс үлесі бойынша елде 3-орын алады (9,9%), ол ең алдымен тау-кен өндіру өнеркәсібінен тұрады (ұлттық көлемдегі лесі – 17,2%). Осы салада ірі және орта кәсіпорындардың саны біршама көп.

Өңдеу өнеркәсібі металлургия мен дайын метал бұйымдар өндірісін, машина жасау мен химия өнеркәсібін қамтиды.

Маңғыстау облысы республикалық бюджеттің доноры болып табылады және жоғарыда көрсетілген бюджетке бюджеттік алып қоюлар көлемі 2013 жылы – 24,6 млрд. теңгені, 2014 жылы – 10,1 млрд. теңгені, 2015 жылы – 16,7 млрд. теңгені, 2016 жылы – 25,7 млрд. теңгені, 2017 жылға арналған жоспар – 29,2 млрд. теңгені құрады.

Облыстың бюджетін қалыптастыратын негізгі салықтар әдеттегідей жеке табыс салығы және әлеуметтік салық болып қала беруде.

Жергілікті бюджетке түсетін салықтық және салықтан тыс түсімдердің көлемі 2013 жылғы 92,0 млрд. теңгеден 2015 жылы 110,0 млрд. теңгеге дейін немесе 1,2 есе ұлғайды. 2016 жылға арналған жоспар 119,0 млрд. теңгені немесе 2014 жылдың деңгейіне 108,5% құрайды.

Облыс әкімдігінің 2016 жылдағы тиімділігін бірінші бағыт бойынша бағалау қорытындысында ЖӨӨ-нің жоспарланған НКИ-не қол жеткізбеу байқалады: жоспары 101,0% болғанда нақтысы 99,9% құрады. Негізгі себеп – мұнайға арналған әлемдік бағаның төмендеуіне байланысты, облыстың ЖӨӨ-де үлесі 80%-дан аса құрайтын тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі көлемнің төмендеуі. Мұнай-газ саласындағы сервистік қызметтердің көлемі және мұнай-газ секторына бағдарланған басқа қызметтер саласындағы көлем төмендеді.

2016 жылы ахуалды жақсарту мақсатында, 2016 жылы облыс экономикасының оң өсімін қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік іс-шаралар жоспары қабылданып, экономика салаларындағы өсу резервтерін іздестіру, облыстың өнеркәсіптік кәсіпорындарының, бірінші кезекте мұнай-газ компанияларының проблемалық мәселелерін шешу бойынша шаралар іске асырылуда [2].

Өңірлік макроэкономика бойынша SWOT-талдау:

**МЫҚТЫ ЖАҚТАРЫ:**

облыс халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ көлемі бойынша 4-орынды алады;

«Ақтау теңіз порты» АЭА қызметінің салдарынан қолайлы бизнес-орта мен инвестициялық ахуал құру;

өңдеу өнеркәсібінің мұнай-газ секторына бағдарланған бірқатар салаларының – машина жасаудың, металлургияның, құрылыс саласының қосылған құны жоғары өнім өндіру бойынша дамуға оң беталысы;

облыс аумағы арқылы «Оңтүстік-Солтүстік» және «ТРАСЕКА» халықаралық көлік дәліздерінің өтуі, Ақтау теңіз портының бар болуы салдарынан жоғары транзиттік әлеует;

айтарлықтай туристік-рекреациялық әлеует;

оралмандардың және Қазақстанның басқа өңірлерінен тұрғындардың келуі есебінен халықтың миграциялық өсімінің жоғарылығы.

**МҮМКІНДІКТЕР:**

мұнай-газ саласындағы, құрылыс индустриясындағы, туризмдегі кластерлік дамыту мүмкіндігі;

көлік пен логистиканы, туризм мен өңдеу өнеркәсібін дамыту есебінен ЖӨӨ құрылымын оңтайландыру;

ауыл шаруашылығын дамытуда инновациялық тәсілдер – тамшылатып суаруды, жылыжайлық өсімдік шаруашылығын, облыс аумағында жем-шөп өндіруді енгізу;

АЭА аумағында экспортқа бағдарланған жоғары технологиялық өндірістер орналастыру, олар үшін қажетті инженерлік және көліктік инфрақұрылым құру.

**ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ:**

өңір экономикасының мономамандануы (тау-кен өндіру өнеркәсібінің басым болуы);

тұщы судың табиғи көздерінің жоқтығы, ауыл шаруашылығын дамыту және өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін табиғи-климаттық шектеулер;

облыс халқы санының аздығы (облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың ішінде 16-орын);

облыстың білікті еңбек ресурстарының тапшылығы, біліктілігі төмен мигранттардың көптеп келуі;

облыстағы ішкі тұтыну рыногының шектеулі көлемі және логистиканың жеткілікті дамымауы;

мұнай-газ секторы мен экономиканың қалған секторлары арасындағы жалақының саралануы.

**ҚАТЕРЛЕР:**

облыстағы мұнай-газ ресурстарының түгесілу қаупі;

«Солтүстік - Оңтүстік» және ТРАСЕКА халықаралық көлік дәліздерінің қазақстандық учаскелерінің баяу дамуының салдарынан транзиттік әлеует бойынша бәсекеге қабілеттіліктің жоғалуы;

Солтүстік Каспий жобасының 2-ші кезеңін іске асыруды ауыстыру салдарынан өңірдің инвестициялық тартымдылығының төмендеуі;

азық-түлік тауарларының және оларды өндіруге арналған шикізаттың тасымалданып әкелуіне байланысты облыстағы азық-түлік қауіпсіздігінің қатері.

Өңірлік макроэкономиканың негізгі проблемалары:

өңір экономикасының моношикізаттық бағыты;

ішкі рыногтың тарлығы;

өңірдің республиканың негізгі экономикалық орталықтарынан шалғайлығына байланысты жоғары көліктік шығындар;

ауыз су тапшылығы;

меншікті ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мүмкіндіктерінің шектеулі болуына байланысты импортталатын азық-түлік өніміне арналған жоғары бағалар;

халық табысының жоғары саралануы.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. <https://mangystau.gov.kz/ru>

2. Маңғыстау облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы;

## **ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ**

**ӘОЖ: 821.512.122**

**Болатханов Е.**

*1 курс магистранты, Семей қаласы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті*

**Ғылыми жетекшісі: Тлебалдина Н.Қ.**

*педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті*

### **ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ПРОЗА**

*Бұл мақалада тәуелсіздік жылдарындағы эпикалық жанрдың қанат жаюы туралы баяндалған.*

**Түйін сөздер:** *халық өмірі, уақыт тынысы, заман шындығы, қоғам дамуы, эпикалық жанр, ұлттық сөз өнері, тарихи дерек, әлеуметтік шындық.*

*В этой статье описывается эпический жанр за годы независимости.*

**Ключевые слова:** *жизнь людей, время суток, истина времен, социальное развитие, эпический жанр, национальное искусство, исторические данные, социальная реальность.*

*This article describes the epic genre during the years of independence.*

**Keywords:** *people's life, time of day, truth of times, social development, epic genre, national art, historical data, social reality.*

Қазақстан Республикасының егемендігі жарияланған 1991 жыл ел тарихында жаңа дәуір баспалдағы болды.

Қазақтың көрнекті жазушылары халық өмірі мен уақыт тынысын, заман шындығы мен қоғам дамуын жан-жақты талдап, өмірдің қайшылықтарын шынайы өрнектеумен еліміздің тәуелсіздігін тұғырландыруға ерекше ықпал етті.

Ел тарихында айтылмай келген шындықты ашық айтып, жазуға кедергісіз жол ашылып, эпикалық жанрдың қанат жаюына мүмкіндіктер туды.

Мемлекеттік мәдени мұра бағдарламасы бойынша көркем әдебиетте айтулы өнер иелерінің шығармашылық мұралары жаңаша зерделенді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «... ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманаттау «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты болуға тиіс» [1], – деп атап көрсетті. Осы ұстаным тұрғысынан алғанда, ұлттық сөз өнеріндегі жарқын тұлғалар шығармалары дамып, қазақ прозасы өркендеді. Атап айтқанда: Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім», Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша», М.Мағауиннің «Мен», «Жармақ», «Сары қазақ», Д.Досжанның «Ақ Орда», «Құм кітап», Қ.Ысқақовтың «Ақсу – жер жаннаты», Р.Токтаровтың «Абайдың жұмбағы», Ә.Таразидің «Жаза», «Қара жұлдызға сапар», Т.Әбдіковтің «Парасат майданы», С.Сматайдың «Жарлығап батыр», Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз», Қ.Исабаевтың «Шоң би», Б.Мұқайдың «Өмірзая», О.Сәрсенбайдың «Шеңбер», К.Сегізбайдың «Беласқан», Б.Нұржекеұлының «Әйелдің жолы жіңішке», С.Жүнісовтің «Аманай мен Заманай», Ә.Нұршайықовтың «Жазушы мен оның достары», М.Шаханов, Ш.Айтматовтың «Құз басындағы аңшының зары», Қ.Ысқақтың «Ақсу туралы аңыз», С.Мұратбековтің «Ай туар алдында», А.Кемелбайдың «Қоңыр қаз», Т.Шапайдың «Айна сарай» т.б. әңгіме-повестер мен туындылар жарық көрді.

Тәуелсіздік жылдарындағы тарихи деректі, әдеби көркем шығарма Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» роман-дилогиясын айтуға болады.

Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» роман-дилогиясында романның басты кейіпкерлері Абылай хан «Дарабоз» деп атаған Қаракерей Қабанбай бейнесін тарихи деректер негізінде суреттеледі.

Романда бас кейіпкер – Қаракерей Қабанбайдың елі үшін атқарған ерлік істері көркем суреттеліп көз алдыңнан өтіп, Абылай хан мен Қаракерей Қабанбай батырдың ерен ерліктері жайында тарихта жазушы өшпес із қалдырады.

Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» роман-дилогиясы қазақ жерін басып алған жоңғарларды ел шекарасынан қуып, көзін жою деген идея романның негізгі өзегіне айналса, ел тағдырын жазушылық өнердің негізгі кредосына айналдырған Шерхан Мұртаза шығармалары ұлтымыздың тарихи тағдырын бейнелеген өмірлік шындықтан құралатындығында.



Қаламгер Шерхан Мұртазаның оқырманның ыстық ықыласына бөленген туындысының бірі – «Ай мен Айша» – эссе романы болды.

«Ай мен Айша» романы – жазушының балалық шағы туралы, басты тұлғасы – Шерханның өзі.

Бала күнінен көкейінде қалғанды образды түрде жүзеге асыру үшін Шерхан Мұртаза өзіне прототип ретінде Барысхан образын ала отырып, кейіпкердің жасөспірім кезінен алпыстан асқанға дейінгі аралықтағы тағдырының бір алуан кезенді құбылыстарын сол уақыттардағы әлеуметтік шындықпен тығыз байланыстыра бейнелеген.

Жазушы Мәди Қайынбаев «Ай мен Айша» романы туралы былай деп пікір білдіреді: «Кітап қуғын-сүргін мен соғыстың ауыр кезеңіндегі бүкіл қазақ ауылдарындағы қарадомалақтар тұрмысының эпопеясы, көркем энциклопедиясы. Бұл — Шерағаңның ес біліп, етек жинағалы бері көкірегінде пісіп, шыңдалып, әлдеқашан «жазылып қойылған» дүниесі» [2,290б].

Жазушы сол кезеңнің қиыншылығы мен азабын, көрген қорлығын, жетім бала мен жесір әйелдің қаһармандық тұлғасын суреттейді.

Ал С.Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогиясында тарихи кезеңнің шындығы жазылады. «Ақ боз үй» романына 1928-1933 жылдардағы нәубеттің, зобалаң әкелген жылдардың нақты көріністері арқау болған.

Зұлматтың шындығын жазу жазушының бала жастан мақсаты болған екен. Университеттің 1-ші курсына оқып жүргенде романның жобасын жасап, әдеби тәжірибесінің аздығы себепті оны кейінге қалдырып, жасы 35-ке келген кезде ғана бұл тақырыпқа жазуға кіріскен. 1982 жылы осы Алматының батыс жағындағы Ақсай дейтін сайдағы (бұл кезде ол бос жатқан жер еді) бір бұлақтың басына шопан ағасының киіз үйін тігіп қойып, үш жыл бойы жалғыз жатып, «Ақ боз үй» атты қазақ әдебиетінің жалпы 30-шы жылдардағы ашаршылық жайлы тұңғыш романын жазуға отырған. 1985 жылы кітап жазылып бітті, бірақ бұл Компартияның көзі тірі кезі, сол себепті баспа мұның тақырыбынан шошып, оны ешқандай «темпланға» кіргізбеді. Қашан Компартия құлағанша кітап шықпай жатты, 1990 жылы ғана Совет үкіметі құлаған кезде жарық көрді.

«Ақ боз үй» роман-трилогиясында 20 ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық зардаптары жазылса, екінші кітабы «Мінажат» саяси құрғын-сүргін оқиғалары суреттелсе, үшінші кітабы «Жалған дүние» 1980 жылдардағы рухани тоқырау кезеңі айтылады.

Смағұл Елубайдың жазушылық шеберлігі «Ақ боз үй» роман-трилогиясы арқылы көрінді. Романның жазылуына басты себеп – кеңес кезіндегі ашаршылыққа ұшыраған халықтың хал-ахуалы. «Асыра сілтеудің» ықпалы айбарлы аждаһадай ел ішін біршама күйзелтті. Шығарма астары заманының жақсылары – білімді, парасатты дана адамдар, ел қамын жеген ерлер, береке-бірлікті ұстанған жандар дегенді ұғындырады. Сол кезеңдегі елдің ауыр тұрмысын, халықтың басына түскен қиыншылықтарды, жұт болған ауыр жылдар қасіретін жазушы шынайылықпен суреттеген.

Роман туралы зерттеуші А.М.Саулен: «Романға кешегі кеңестік кезеңдегі қазақ халқының жазылмаған шындығы, айтылмаған тарихы арқау болған. Ашаршылық зардаптары, кәмпеске кезіндегі қуғын-сүргін оқиғалары, жазықсыз жаза жөнінде шынайы суреттелген» [3] деген пікір айтады.

Романдағы басты бейнелер мыналар: Хансұлу, Пахраддин, Сырға, Шәріп, Шеге, Әзберген, Қозбағар, Сұржекей, Бұлыш, Балқия, Ждақай, Жорға Күрең, Дәу апа, Бұқарбай, Апанас, Торқа, Уәп, Жайбасқан, Асан бәлшебек және тағы басқалар.

Роман-трилогияның басынан аяғына дейін айтылатын екі кейіпкер бар. Біріншісі-Хансұлу. Пахраддин байдың мәпелеп өсірген қызы, айналадағы ауыл-аймақтың бозбалаларының арманы болған, ақылды, парасатты. Екіншісі- Ждақай.

...Ждақай Жорға Күреңнің баласы. Кедей баласы болса, да билік тиіп «Қызыл әскердің» жандайшапы болған, «Шаш ал десе, бас алатындардың» бірі. Ауыл шетіне «Қызыл әскер» келгеннен бастап, алдыңғы қатардағы белсенділердің қатарында болады. Бір жиылыста: «Кәмпескелеп тек мал-мүлкін алып қою аз!.. Жер аудару деген де түк емес! Байлар ана жақта тайрандап жүреді деген сөз ол! Қауқаш айтқандай тірі жүрсе олар, оллаһи, қайтып келеді! Келеді де, біз сияқты байғұстарды қасқитады да салады (жұрт күлді). Оу, күлмендер! Осы айтқаным келмесе қара да тұрындар! Сондықтан бұл қасқалдақтарды қатыру керек! Аяққолдарын матап мәңгі-бақи шыға алмайтын темір тордың ішіне тығу керек! Сол менің айтарым!», - [4,251б] деп жараның аузына тұз сепкендей болады.

Жазушы Смағұл Елубайдың оқырман көз алдына қазақ халқының ашаршылық кезіндегі күресін, тұрмысын, тартқан азабы мен көрген қорлығын өзінің романында шынайы, анық көрсете білген.

Тәуелсіздік жылдарындағы проза аты аталған жазушыларымыздың құнды да көркем әдеби шығармаларымен толыға түсті.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс // Егемен Қазақстан. – 2003. – 29 қараша.
2. Мәдібай Қ. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 290 б.
3. Саулен А.М. «Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романындағы халық өмірі. 2017 ж., 280 б.
4. С.Елубай «Ақ боз үй», Алматы: «Атамұра», 2008 ж., 251 б.

**ӘОЖ 82.09.821.512.122**

**Қыдырбекова Б.**

*1 курс магистранты, Семей қаласы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті*

**Ғылыми жетекшісі: Глебалдина Н.Қ.**

*педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті*

### ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМНІҢ ДАМУЫ

*Бұл мақалада қазақ прозасындағы психологизмнің дамуы туралы баяндалған.*

**Кілт сөздер:** *реалистік психологизм, психологизмнің дамуы, психологизмнің қалыптасуы, күрделі психологизм, жан күйзелісі, суреттеу тәсілі, кейіпкерлер тебіренісі, жан дүние, ішкі сезім.*

*В этой статье описывается психологическое развитие казахской прозы.*

**Ключевые слова:** *реалистическая психология, развитие психологии, формирование психологизма, сложная психология, депрессия, описательный образ, герои, душа, чувство.*

*This article describes the psychological development of Kazakh prose.*

**Keywords:** *realistic psychology, development of psychology, formation of psychology, complex psychology, depression, descriptive image, heroes, soul, feeling.*

Орыс әдебиетінде прозадағы реалистік психологизмнің теориясын қалыптастырған жазушылар ретінде Л.Н.Толстой мен Ф.М.Достоевский екендігін білеміз. Ал қазақ әдебиетінде бірқатар ғалымдарымыз психологизмнің бастауын Күлтегін жазбаларымен, ауыз әдебиеті үлгілерімен («Ер Тарғын», «Қыз Жібек» жырларымен, айтыстармен) ұштастыра келе, Х-ХІІ ғасырлардағы көптеген ғұламалар еңбектерінде кездесетіндігін айта келе, Әл-Фараби еңбектеріндегі («Өлең өнері туралы трактат»), Жанақ, Махамбет, Абай, Шәкәрім шығармаларындағы ішкі сезімдердің көрініс табуы ғасырлардан - ғасырларға көркем әдебиетпен бірге өркендеп келе жатқан психологизмнің заңды жалғасы екендігін сөз етеді [1].

Әдебиеттанушы-ғалым Б.Майтанов: «Психологизм – көркем әдебиеттің тұтас болмысынан ажырамас қасиет. Біз ол жағдайды байқай бермейміз. Сонымен бірге психологизм – көркемдік бейнелеу принципі, ойлау типі, жазушы талантының төл белгісі, әрі стиль көрінісі», – деген тұжырым айтады [2, 335].

Қазақ прозасындағы психологизмнің дамуы Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожа», М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу», т.т. шығармаларынан бастау алды десек болады. Әдебиеттегі психологизмді зерттеудің алғашқы нышандарын ғалым А.Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінен көре аламыз.

Психологизм – көркем шындық пен өмірдің шынайы бейнесінің түйісер тұсы, «көркем шығармадағы өмір шындығының кепілі – психология да, соны жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық шығарма феномен – психологизм» [3,46], сонымен қатар, кейіпкердің ойы мен іс-әрекетінің қызығарлығы, сана қақтығысынан тұратын ерекше көркемдік жүйе» [2,56].

Психолог-жазушы Ж.Аймауытов психология ғылымын зерттеумен айналысып, бірқатар психология терминдерінің қазақша баламаларын да ғылыми айналымға енгізуде көп еңбек еткен. Оның «Психология» және «Жан жүйесі мен өнер таңдау» (1926) еңбектері бар. Мысалы, «психоанализді» «жанталдау» деп алып, адам мінездерін бірнеше түрге бөліп қарастырып, олардың

кандай ерекшеліктері барын, кандай қызметке бейім болатынын анықтап, бұл терминдердің қазақша атауын төмендегіше береді: 1) күйгелек (нервный), 2) аяныш жанды (сентиментальный), 3) сарыуайымшыл (апатичный), 4) қызбалы (холерик), 5) ыстық қанды (сангвиник), 6) салқын қанды (флегматик), 7) құмартпалы (страстный), 8) ұйтқымалы. Тағы да Ж.Аймауытов «Психология» кітабының алғы сөзінде: «Өзге білімдер затшылдыққа табан тіресе, аяғын нық басқан жоқ. Қарапайым адамға жұмбақ сықылды көрінетін талай нәрселер психологияда қаралады...» - дейді.

Сонымен қатар, кісінің қылығын, психологиясын бақылауда келбеттің алатын орнына тоқталып, «Кісінің қылығын қимылына қарап сынаймыз; көзге көрінетін қимыл беттікі» [5, 104б.] дей келе, адамның қат-қабат сезім құбылыстарының сыртқы белгілеріне қарап ажыратуда көз әлпетінің беттің ымының (мимика), ауыздың құбылуының, ымдасу мен қол сермеудің де мәні зор екендігіне тоқталып өткен.

Жүсіпбек Аймауытовтың психология ілімін тек психология нысаны ретінде қолданбай, әдеби кейіпкерлер сомдауда ұтымды тәсілдермен суреттеуін «Ақбілек» романынан көреміз.

Қазақ әдебиетіндегі алғашқы психологиялық роман - Ж.Аймауытовтың «Ақбілегі». Бұл роман адам жанын табиғатпен үйлестіре, үндестіре отырып адамның психологиясын астарлап сипаттауымен ерекшеленеді.

Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы күрделі психологизм сағыныш, мұң, арман сияқты сезімдер суреттелген. Мысалы, «Соны ойлаған кезде ақ торғын маңдайынан екі тік сызық көріне қалады. Апасы есіне түседі де, көзінен екі моншақ домалап кетеді. Жан апасы бұл үшін өліп кетті-ау! Тым болмаса бір ауыз тіл қатуға да мұршасын келтірмеді-ау! Жан апасынан мәңгілік айырылып, басы қаралы, жүзі жаралы болып отырып, не бетімен бай іздегені? Апасын өлтіріп кеткен, өзін тартып әкелген, ауылын шапқан, талаған орыстың тұқымына не ғып өз еркімен көнгені? Ел қайда? Бұл қайда? Әкесі, аулы не күйде? Ақбілек туралы олар не ойлап жатыр десейші...» [6, 238] деген жолдар арқылы көрінетін кейіпкер жан дүниесіндегі тебіреністерді романның өн бойындағы Ақбілектің психологиялық образына байланысты нақтылы жағдайларды шеберлікпен беруін көреміз.

Шығармадағы нақтылы мысалдармен біреудің жан дүниесіндегі қайғы мен ауыр жан күйзелістерін бірден байқауға болады.

Ғалым Г.Пірәлиева: «Жүсіпбек Аймауытов адам психологиясын жан-жүйедегі дүлей толқындардың сыртқа сыр беріп қалатын осынау оңтайлы әдістерін де әдемі түрлендіреді. Әрине, адамның рухани әлеміндегі әр алуан құпия құбылыстары бар психологиялық процесті шынайы нанымдылықпен жеткізу-кез-келген жазушының еншісіне бұйыра бермейтін ішкі көркемдік қуат.

Расында әр кезеңнің, әр жазушының өзіндік суреттеу тәсілдері әр алуан. Ақбілектің әлгіндегі қобалжуы, елімен, әкесімен, көрісер алдындағы жүрексінулері-суреткер бейнелеп отырған кезеңге, сол дәуір ұрпақтарына тән құбылыстар мен дәстүр-салттар. Сондықтан да болар, он екі де бір гүлі ашылмаған бейкүнә бойжеткеннің пәк табиғаты, сол кезеңнің ауыл жастарына тән тазалық-тәрбиелігі, сыпайы тіршілігі мен түсінігі ағынан жарылып, бейнелі бедерлеген» [4, 213б].

Психологиялық роман - адамның жан дүниесін, ішкі сезімін терең ашып көрсетуге айрықша мән берілетін шығарма. Еуропа прозасындағы романның әдебиетте жанрлық түр ретінде қалыптасуы ХІХ ғасырдың аяқ кезі.

М.Жұмабаевтың «Педагогика» (1927), «Психология, яки жан тілі» еңбектері, Ш.Құдайбердиевтің «Тіршілік жан туралы» (1919) мақаласы адам жанының тылсым табиғатын зерттеудегі алғашқы қадамдар екені сөзсіз.

Прозадағы психологизмді қалыптастыру М.Әуезовтан бастау алады. Оның жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы повестері мен әңгімелері: «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу», «Жетім», «Қасеннің құбылыстары» (психологиялық очерк) әңгімелері мен «Қыр суреттері» әңгімелер циклы кейіпкердің ішкі әлемін ашуға бағытталған құнды шығармалары.

60-80 жылдары жазушыларымыз: Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», «Күй», «Шыңырау», «Ханшадария хикаясы», Д.Исабековтың «Тіршілік», «Сүйекші», Т.Әбдіқовтың «Тозақ оттары жымындайды», «Оң қол», «Парасат майданы», С.Мұратбековтің «Менің қарындасым», Д.Исабековтің «Гауһар тас», Т.Жармағамбетовтың «Нәзік бұлттар» прозасындағы лирикалық-психологиялық сипат та осы кезең тудырған жаңа бағыттардың бірі болды.

Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан 90-жылдары Р.Мұқанова, Д.Амантай, А.Кемелбаева, А.Жақсылықов, А.Ықсан, А.Алтай сияқты жас қаламгерлер шығармашылығы, жаңа туындылар жарық көріп, қазақ әдебиетінің қоржынын толықтырды.

Асқар Алтай қаламынан туған «Түсік», «Лайбаран», «Казино», «Кентавр», «Тұл», «Шаһид», «Қызыл бөлтірік», Жүсіпбек Қорғасбектің «Өлі көл», «Қасқыр-Адам», «Жансебіл», «Үрей», Талаптан Ахметжанның «Нобель сыйлығы», Аслан Жақсылықовтың «Ант ұрғандардың түстері» шығармалары тақырыптарының өзі жаңа қоғам тудырған жаңаша туындылардың дүниеге келгенінің айғағы болды.

А.Алтай повестерінің ерекшелігі – автор оқырман назарын кейіпкердің ішкі сезімдеріне, түйсіктеріне назар аударатындығында. Кейіпкерлердің мінезін, қоғамға көзқарастарын білдіру үшін автор небір қиын ситуацияларға араластырып отырады да бірегей образ жасайды. Кейіпкерлердің ішкі тебіренісі беріліп, жан сыры ашылады, адам характері дамиды. «Қызыл бөлтірік» повесін оқи отырып, кейіпкерлер тебіренісі, іштей арпалысының басымдығына көз жеткіземіз.

Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелерін зерттеуші ғалым А.Пірәлиева суреткер психологизміне тән екі қасиетті атап өтеді: «біріншіден, күрделі психологиялық жағдай мен психологиялық процесті талдау. Екіншіден, кейіпкердің рухани жан әлемінде жиі болатын күйзеліс, психологиялық қиналысты беру атмосферасы. Осы психологиялық атмосфераны беру үшін ең алдымен жазушы сол сәтті дәл де нанымды беретіндей бейнелі, көркем сөздер пайдалану керек» [4, 63б], - дейді.

Көркем шығармалардағы кейіпкерлерінің рухани жан әлемінде жиі болатын күйзеліс, психологиялық қиналысты өзіндік ерекшеліктері, сол сәтті дәл де нанымды беретіндей бейнелі, көркем сөздерді пайдалану шеберлігінің орны ерекше.

Қазақ прозасындағы психологизм жаңа түрлермен байып, кемелденіп, даму үстінде.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Рүстембекова Р. Қазіргі қазақ әңгімелері. – Алматы: «Жазушы», 1988. -174 б.
2. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: «Санат», 1996. -336 б.
3. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: «Жазушы», 1987. -232 б.
4. Пирәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері Алматы: «Алаш», 2003. -328 б.
5. Аймауытов Ж. «Психология». – Алматы: «Рауан», 1995. -309 б.
6. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. -238 б.

**УДК 81 366.55**

**Хасенова Ш.Ж.**

*магистрант 2 курса по специальности «Филология», Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей*

### **ДЬЯВОЛИДА В РОМАНЕ М.А.БУЛГАКОВА «МАСТЕР И МАРГАРИТА»**

*Бұл мақалада Воландтың көмеңкілердің бейнелері М.А.Булгаковтың романында «Шебер және Маргарита» және оның тарихы прототиптар толық ашылған.*

**Түйін сөздер:** Сайтан, кейіпкер, құл, сюжет

*В настоящей статье раскрыты образы свиты Воланда в романе М.А.Булгакова «Мастер и Маргарита» и их прототипы в истории.*

**Ключевые слова:** дьявол, слуга, персонаж, сюжет.

*In this article reveals the images of Voland's retinue in Bulgakov's novel "The Master and Margarita" and their prototypes in history.*

**Keywords:** devil, servant, character, plot.

Роман «Мастер и Маргарита» по своей форме настолько необычен и сложен, что уже самим своим появлением породил споры и разногласия по самым существенным вопросам. В романе на сцене появляется дьявол и его свита. Они являются, по сути, главной силой, на действиях которой основан сюжет московской истории в произведении. В оценке общества, наведении порядка и возмездия властелину теней помогают его верные приближенные. По сути, он сам ничего плохого не делает, а лишь принимает справедливые решения. Как у каждого короля, у него есть свита. Однако Коровьев, Азазелло и Бегемот выглядят скорее прирученными шутами, нежели верными слугами. Исключение составляет лишь образ Геллы.

Автор мастерски экспериментирует в создании приближенных демонического властелина. Традиционно темные персонажи изображаются страшными, злыми, пугающими, а свита Воланда в романе Булгакова – это сплошные шутки, ирония, каламбуры. Подобный художественный прием

автор использует, чтобы подчеркнуть абсурдность ситуаций, в которые загоняют сами себя москвичи, а также с целью выделить серьезность и мудрость Воланда на фоне шутовского окружения. Дьявол и его свита провоцируют москвичей на неблагоприятные поступки, убеждая в их полной безнаказанности, а затем сами наказывают людей. Это, можно сказать, специальность Воланда и его «подручных»: карать тех, кто недостоин света и покоя. И они занимаются своим делом из века в век.

Какова же свита Сатаны? Её составляют три «главных» шута – Кот Бегемот, Коровьев-Фагот, Азazelло и еще девушка-вампир Гелла. Откуда же появились столь странные существа в окружении Воланда? И откуда почерпнул Булгаков их образы и имена?

Бегемот – кот-оборотень. Имя Бегемот взято из апокрифической ветхозаветной книги Еноха. Там Бегемот – это морское чудовище, а также бес, который «изображался в виде чудовища со слоновой головой, с хоботом и клыками» [1]. Бегемот – кот-оборотень, любимый шут Воланда. Бегемот – взято также из апокрифической книги Еноха. В ветхозаветных преданиях это чудовищный зверь, который считается королем млекопитающих. Он настолько огромен, что способен выпить целую реку и проглотить за один присест 1000 городов. По воле небес они с Левиафаном перед тем, как произвести потомство, должны сразиться насмерть, иначе им просто не хватит места на земле. По демонологической традиции Бегемот – это демон желаний желудка. Возможно, что отсюда обжорство Бегемота в Торгсине. Кот – оборотень неразлучен с Коровьевым - Фаготом.

Образ Фагота, как и образ Бегемота и Азazelло, по мнению многих исследователей, связан с предшествующими ему литературными и демонологическими персонажами. Коровьев и Бегемот – разоблачители лжи, лицемерия, жадности и других человеческих пороков. Они играют свои роли, забавляясь людской глупостью и невежеством. Во время последнего полета Бегемот превращается в худенького юношу-пажа. Коровьев-Фагот – старший из подчиненных Воланду демонов. Это первый его помощник, черт и рыцарь, представляющийся москвичам переводчиком при профессоре-иностранце и бывшим регентом церковного хора. Кличка «Фагот», безусловно, перекликается с названием музыкального инструмента [2]. Этим, скорее всего, объясняется шутка этого героя с сотрудниками филиала Зрелищной комиссии, которые против своей воли запели хором «Славное море, священный Байкал». Этот булгаковский персонаж худ, высок. Он, в мнимом подобострастии, кажется, готов сложиться перед собеседником втрое, чтобы потом спокойно ему напакоstitь. В последнем полете Коровьев-Фагот предстает перед нами темно-фиолетовым рыцарем с мрачным, никогда не улыбающимся лицом. Воланд говорит, что Фагот был наказан за неудачную шутку о свете и тьме.

Азazelло – «демон безводной пустыни, демон-убийца» [3]. Так зовут отрицательного культурного героя ветхозаветного апокрифа – книги Еноха, падшего ангела, который научил людей изготавливать оружие и украшения. Благодаря Азazelло женщины освоили искусство раскрашивать лицо. Именно поэтому Азazelло передает Маргарите крем, волшебным образом меняющий ее внешность. Вероятно, Булгакова привлекло сочетание в одном персонаже способности к обольщению и убийству. Но главная функция Азazelло связана с насилием: «Надавать администратору по морде, или выставить дядю из дому, или подстрелить кого-нибудь, или какой-нибудь еще пустяк в этом роде, это моя прямая специальность...»[3]. В некоторых сохранившихся редакциях романа, точнее фрагментах редакции, имя Азazelло носит сатана – будущий Воланд. Здесь Булгаков, очевидно, учел указания И.Я. Порфирьева на то, что у мусульман Азazel – высший ангел, который после своего падения был назван сатаной.[4] В романе Азazelло является правой рукой Воланда, выполняет его поручения. Именно Азazelло является Маргарите в саду, дает волшебный крем и приводит на бал, а также убивает барона Майгеля и препровождает влюбленных в мир иной с помощью отравленного вина. В отличие от Коровьева и Бегемота образ Азazelло не комичен.

Гелла – младший член свиты Воланда, женщина-вампир. Имя «Гелла» Булгаков почерпнул из статьи «Чародейство» Энциклопедического словаря Брокгауза и Эфрона [4], где отмечалось, что на Лесбосе этим именем называли безвременно погибших девушек, после смерти ставших вампирами. Она, единственная из свиты Воланда, отсутствует в сцене последнего полета. Однако не исключено, что Булгаков сознательно убрал Геллу из этого эпизода. Ведь она самый младший член свиты, исполняющий только вспомогательные функции и в Театре Варьете, и в нехорошей квартире, и на великом балу у сатаны. Вампиры – это традиционно низший разряд нечистой силы.

В романе Гелла «целует» Варенуху и тот уподобляется ей. Вот как Михаил Булгаков описывает женщину-вампира в сцене с Римским:

«Рама широко распахнулась, но вместо ночной свежести и аромата лип в комнату ворвался запах погребца. Покойница вступила на порог. Римский отчетливо видел пятна плесени на ее груди. И в это время крик петуха долетел из сада... С третьим криком петуха она вылетела вон» [3].

То, что крик петуха заставил удалиться Геллу и ее подручного Варенуху, полностью соответствует широко распространенной в дохристианской традиции многих народов ассоциации петуха с солнцем – он своим пением возвещает приход рассвета с востока и тогда вся нечисть, в том числе и ожившие мертвецы – вампиры, удаляются на запад, под покровительство дьявола.

Абадонна – демон войны, приближенный Воланда, выступает в качестве предвестника, носителя смерти. На это указывает последняя сцена жизни барона Майгеля: «Абадонна оказался перед бароном и на секунду снял свои очки. В тот же момент что-то сверкнуло в руках Аззелло...» [3].

Барон посмотрел смерти в глаза – в глаза Абадонны, а осуществил эту смерть, убийство, Аззелло. Абадонна слеп, он всегда в черных очках и поэтому не может оказывать предпочтение никому из участников войны. Но зачем демон снимал очки перед бароном, ведь Абадонна не видит? По всей видимости, предполагает И.Л. Галинская, дело здесь в самих глазах Абадонны, а не в их слепоте или зрячести. Имя Абадонна восходит к древнееврейскому Авадон. Так зовут ангела Апокалипсиса. Это ветхозаветный падший ангел, возглавивший восстание ангелов против Бога и в наказание сброшенный на землю и обреченный на бессмертие. Может поэтому Абадонна и является демоном войны, смерти в романе. Он приносит смерть, показывает людям ее «лицо», но не может погибнуть сам. Несмотря на то, что Абадонна – один из приближенных Воланда, он также, как и Гелла, не присутствует в сцене последнего полета. Может быть, считает Л. Яновская, он принадлежит иному царству или стихии, чем Воланд, хотя и подчиняется ему. Демон войны скитается по земле, неся смерть, тогда как сатана – владыкя космоса, бездны.

Гелла же принадлежит к вампирам, которые являются низшим разрядом нечистой силы. К тому же Гелле не в кого было превращаться после, в последнем полете, когда ночь разоблачала все обманы, Гелла могла только снова стать мертвой девушкой. Но все эти образы, по всей видимости, лишь маски, которые одевает автор на своих героев, ведь недаром они меняют свой облик на протяжении всего романа. Мы видим то жутких размеров черного кота, то котообразного толстяка. Коровьев – не только маг, регент, но и переводчик при иностранце. Иностранец, он же чародей, историк, Мессир и сам дьявол.

«Воланд играет несколько ролей, подыгрывая как бы своим помощникам, а главным образом – читателю» — пишет в своей работе В.И. Немцев[5]. Воланд вообще ни перед кем не намерен раскрываться до конца, и повествователи ему в этом способствуют. В заключительной, 32-й главе, одна Маргарита замечает, что он «летел в своем настоящем обличье»[3]. Но затем следует описание коня Воланда, и ни слова о всаднике. Еще одна особенность. Все, кто способен понять проделки «нечистой силы» (Мастер, Маргарита) или способен хотя бы оценить (Поплавский, «умный дядя Берлиоз»), щадимы ею. Прodelки демонов, да и сам визит Воланда в Москву, преследует какую-то определенную, конечно, известную «автору» цель. И цель эта – разоблачение обманов действительности. С помощью игры Воландовы помощники вскрывают изъяны действительности в их самом существенном плане – нравственном.

В.И Немцев указывает на то, что «наказание» высшие силы посылают только неисправимым. В полном смысле слова «наказаны» в романе Булгакова Берлиоз да Майгель как неисправимые.

#### Список использованной литературы:

1. Варламов А.Н. «Михаил Булгаков». – М., Молодая гвардия; 2008.-844 с.
2. Соколов Б. В. Булгаковская энциклопедия. М.: Изд. «ЛОКИД» - «МИФ», 1997-608 с.
3. Булгаков М.А. Мастер и Маргарита. Роман. Статьи В.Я.Лакшина и П.В.Палиевского. М., 1989- 543 с.
4. Новиков В.В. Михаил Булгаков – художник. – М.: Моск. рабочий, 1996. – 357 с.
5. Немцев В.И. Михаил Булгаков: Становление романиста /Сарат.гос.ун-т.Самар.фил.//Под ред.Н.П.Козлова.- Самара,1991.-164 с.

## ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 378

**Жалмагамбетова К.К.**

*аға оқытушы, пед. ғыл. магистрі, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті әлеуметтік және жасерекшелік педагогикасы кафедрасы*

### **СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ МӘДЕНИЕТІН ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ЗЕРТТЕУ**

*Мақалада студенттердің ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру моделі мен ұсынылған педагогикалық шарттардың тиімділігі сараланған.*

**Түйін сөздер:** ғылыми-зерттеу мәдениеті, модель, педагогикалық шарттар.

*В данной статье проводится анализ представленной модели формирования научно-исследовательской культуры студентов и педагогических условия.*

**Ключевые слова:** научно-исследовательская культура, модель, педагогические условия.

*In this article, we analyze the presented model of the formation of students' research culture and pedagogical conditions.*

**Key words:** scientific research culture, model, pedagogical conditions.

Зерттеудің алғашқы кезеңінде педагогикалық білім берудегі студенттердің ғылыми- зерттеу мәдениетін қалыптастыру мәселесінің теориялық жағы қарастырылған болатын. Мәселені теориялық талдау негізінде студенттердің ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру үрдісі нәтижелі болуы үшін келесі педагогикалық шарттар орындалуы тиіс деген қорытындыға келдік:

а) жүйелілік, жеке-қызметтік бағыттардың негізінде педагогикалық білім берудегі студенттердің ғылыми- зерттеу мәдениетін қалыптастыру моделін құрып, жүзеге асыру;

ә) модельдің тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін педагогикалық шарттарды жүзеге асырғанда:

1. Студенттерді ақпараттық-зерттеушілік ортаға енгізгенде;

2. Оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы студенттерді зерттеушілік қызметін бастауына негіз болу.

Теориялық тұжырымдаманың ақиқаттығын ғылыми тексеру үшін оны практикалық қолданып, тексеру шарт. Бұл міндет эксперимент барысында шешімін таба алады деп есептейміз. Ю.К. Бабанскийдің пікірінше, «зерттелетін құбылысты басқалардан бөліп алуға, сыналушыларға арнайы педагогикалық әсер етудің жағдайларын өзгертуге, әр түрлі педагогикалық құбылыстарды бірдей жағдайларда зерттеу» [1, 124 б.].

Зерттеудегі эксперименттің мақсаты студенттердің ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру моделі мен ұсынылған педагогикалық шарттардың тиімділігін саралау. Моделдің тиімді қызмет етуінің шарттарына онсыз модель жүзеге асуы мүмкін емес болатын жағдайларды алдық. Біздің анықтаған шарттарымыз ғылыми әдебиеттерді талдау және анықтаушы эксперименттің нәтижелеріне негізделді. Моделдің жүзеге асуы үшін қажетті шарттарға моделдің барынша толық қанды қызмет ететін жағдайды айтамыз.

Студенттердің ғылыми-зерттеу мәдениетінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін қажетті үш көрсеткіш (K1,K2,K3)анықталып, таңдап алынды:

1) K1-зерттеу қызметіне мотивациялық- құндылықты қатынас;

2) K2-зерттеушілік білім мен біліктердің жиынтығы;

3) K3 -тұлғалық қасиеттер.

Әр көрсеткіштің көрініс табу деңгейін оның өзіне тән ерекшеліктерін сипаттайтын белгілер жүйесін анықтағанда ғана мүмкін болады. Сондықтан кесте 4студенттердің зерттеу қызметіне дайындық деңгейін көрсететін белгілер жүйесі берілген.

#### **Кесте 1- Студенттердің ғылыми-зерттеу мәдениетінің қалыптасуының көрсеткіштері мен белгілері**

<b>Көрсеткіштер</b>	<b>Сипаттайтын белгілер</b>	<b>Диагностикалау әдістері</b>
Зерттеу қызметіне	- кәсіби құнды, әлеуметтік маңызды, жеке	Бақылау, анкеталау,

мотивациялық– құндылықты қатынас	мотивтердің болуы; - Студенттің жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесіне қанағаттану деңгейі; - Зерттеу жұмысын магистратурада жалғастыру талабы	тестілеу, әңгімелесу
Зерттеушілік білім мен біліктердің жиынтығы	- Әдіснамалық білім және оның беріктігі мен ұтымды қолдану мүмкіндігі. -Зерттеу дағдыларын құратын әрекеттерді орындаудың сапасы, саналылығы, толықтығы, сатылылығы	Бақылау, әңгімелесу, оқу сабақтарындағы жауаптарына сапалық және сандық, орындаған зерттеу тапсырмаларына талдау
Жеке тұлғалық қасиеттер	-өзін өзі ұйымдастыру, өзін өзі басқару; - Өз беттілік деңгейі; - Студенттердің зерттеу қызметіндегі өзіндік зерттеу әрекеттері мен кәсіби маңызды тұлғалық сапалардың рефлексиясы	Бақылау, анкеттеу, тестлеу, өзін өзі бағалау, орындаған ғылыми–зерттеу жұмысына талдау

Біздің анықтаған көрсеткіштер мен белгілер негізінде студенттердің ғылыми– зерттеу мәдениетінің қалыптасуының үш деңгейі белгіленді: жоғары, орташа және төмен. Кәсіби қызметке дайындық деңгейі мәселесі З.М. Большакова, Н.А.Завалко, Ю.А. Конаржевский, Н.П. Рябинина, В.А. Сластенин, Н.Н.Тулькибаева, Н.Д. Хмель, Н.М. Яковлева және тағы басқа зерттеушілердің назарында болды. Белгілі бір объекті мен үрдістің дамуының «жоғарғы» және «төменгі» сатыларының қатынасын деңгей деп атайды. Студенттердің ғылыми– зерттеу қызметіне дайындығын күрделі, көп деңгейлі құрылым ретінде қарастыруда біз, Н.Д. Хмельдің мұғалімнің кәсіби дайындығын анықтауға ұсынған деңгейлік бағытын ұстанамыз. [2, 196-200 б.]. Осы бағытта біз ұсынған деңгейлердің мазмұны мынадай:

Төмен деңгей: зерттеу қызметіне қызығушылығының тұрақсыздығы, зерттеу қызметінің әлеуметтік маңызын түсінбеуі, зерттеу қызметі туралы түсініктерінің болмауы. Зерттеу міндеттері мен тапсырмаларын нақты үлгі бойынша орындайды, өз бетімен шешім қабылдай алмайды.

Студент өзін өзі ұйымдастырудың, өзін өзі басқарудың, ынтасының төмендігімен ерекшеленеді. Талдаушылық-синтетикалық қызмет дағдыларының төмендігімен, өз бетімен білім алуға талабының болмауымен сипатталады. Зерттеу қызметінің сапасы төмен, зерттеу қызметі ситуациялық сипатта өтеді. Рефлексивті бағыт нашар қалыптасқан. Олар өз қызметінің нәтижесін талдап, оларды мақсатпен салыстыра алмайды.

Орташа деңгей: зерттеу қызметіне қызығушылығы саналы түрде қалыптасқан, оның маңызын түсінеді, сонымен қатар қызмет туралы білімнің таяздығымен сипатталады. Басты зерттеушілік дағдыларды меңгергенімен, қызметті сатылы, әрі толық орындай алмайды.

Зерттеу тапсырмаларын орындау барысында зерттелетін объектінің мәнін түсінуге, байланыстарды орнатуға, өзгерген жағдайда зерттеушілік білімдерін қолдануға талпыныс жасайды. Дегенмен студент қажетті деңгейде өзін өзі ұйымдастырып, басқарып, белсенділік танытпайды. Рефлексивті бағыты қажет деп санағанмен, дағдылары толық қалыптаспаған. Аналитико-синтетикалық өңдеу әдістерін толық меңгермеген, өз бетімен білім алу ішінара ғылыми психолого-педагогикалық әдебиеттерді оқумен шектеледі.

Жоғары деңгей: зерттеу қызметінің мәнін түсінумен сипатталады, танымдық қызығушылық танытады, кәсіби –мәнді қасиеттері қалыптасқан, зерттеу қызметіне ынтасы жоғары және оны жүзеге асыру әдістерін меңгерген, оларды зерттеу қызметінде қолдана алады. Зерттеу тапсырмаларын орындауда жаңашылдық, өзіне тән ерекшелік, шаблондар деңгейінен өту т.б. байқалады. Студенттер өзін өзі ұйымдастыру мен басқарудың, белсенділіктің жоғары деңгейімен сипатталады. Әр уақытта өз бетімен білім алып отырады. Рефлексивті бағыты айқын байқалады.

Барлық үш деңгей өз ара тығыз байланысты, олардың әр қайсысы өзінен кейінгі және өзіне дейінгісімен қатынасқа түседі. Сондықтан бірі екіншісінің алғы шарты немесе жағдайы болып табылады.

### ***Студенттердің ғылыми –зерттеу мәдениетінің қалыптасу деңгейінің сипаттамасы***

<b><i>Студенттердің ғылыми</i></b>	<b><i>Зерттеу қызметіне мотивациялық –</i></b>	<b><i>Зерттеушілік білім мен дағдыларының</i></b>	<b><i>Тұлғалық сапалардың сипаттамасы</i></b>
------------------------------------	--	---	---



–зерттеу мәдениетінің қалыптасу деңгейі	құндылықты қатынастың сипаттамасы	сипаттамалары	
Төмен деңгей	Сыртқы мотивтер басым болады. Студенттер зерттеу қызметінің маңыздылығын түсінбейді, қызығушылығы төмен.	Әдіснамалық білімнің фрагменталдылығы тән, зерттеу қызметіне қызығушылығы төмен. Зерттеу қызметінің логикасын өз бетімен құра алмайды. Зерттеушілік білік, дағдылары қалыптаспаған. Зерттеу тапсырмаларын орындауда қиындықтарға тап болады.	Студенттер төмен белсенділік танытады.Өздерін ұйымдастыра алмайды. Өзін-өзі бағалауы төмен дәрежеде. Студенттер өз бетімен білім игеруге ынтасы жоқ. Өзін өзі түзетуге ынтасы төмен.
Орташа деңгей	Студенттер зерттеу қызметінің маңыздылығын түсінеді, дегенмен бұл қызметті қажетсінуі тұқсыз. Жетістікке жету мотиві басым болады.	Студенттер базалық әдіснамалық білімдерді меңгерген, зерттеушілік білімдерін толықтыру керектігін түсінеді. Студенттердің зерттеушілік біліктері болғанымен, зерттеу қызметін толық қанды орындай алмайды.Зерттеу қызметін белгілі бір алгоритм бойынша ғана жүргізе алады.	Студенттердің белсенділігі орташа,өзін өзі ұйымдастыру, түзетуде орташа деңгейде. Өз бетімен білім алуға ынтасы бар болғанымен, ол тұрақты емес. Рефлексивті дағдыларының қажеттілігін түсінгенімен, ұстанымы толық дамымаған.
Жоғары деңгей	Студенттер зерттеу қызметінің маңыздылығын түсінеді. Зерттеу қызметімен тұрақты айналысады. Ішкі мотивтері басым.	Студенттердің әдіснамалық, зерттеушілік білімдері терең, оларды практикада белсенді түрде қолданады. Зерттеушілік дағдылары қалыптасқан: зеріттеу әрекеттерінің саналылығы, толықтығы, тізбектілігі. Зерттеу міндеттерін шешу терең теориялық білімдерге негізделеді. Мәселенің шешімі жаңашылдығымен ерекшеленеді.	Студенттердің белсенділігі, өзін өзі ұйымдастыруы, өзін өзі басқаруы жоғары, зерттеу қызметін орындаудың, өз бетімен білім алудың нақты бағдарламасы бар. Және сол бағдарлама бойынша үнемі жұмыс істеп отырады. Рефлексивті ұстанымы айқын көрінеді.

Сөйтіп, тәжірибелік-эксперименталды жұмыстың айқындаушы бөлігінің нәтижесі төмендегідей:

1) Экспериментті жүргізуге таңдалған топтар ғылыми-зерттеу мәдениетінің қалыптасу деңгейі бойынша бірдей, яғни статистикалық мардымсыз айырмашылықтары бар, сәйкесінше, дайындық нәтижелерінің өзгерісі зерттеушілік қызметке дайындықты құру моделінің түрлі жүзеге асыру шарттарымен түсіндіріледі;

2) студенттердің зерттеушілік мәдениетінің деңгейі жеткіліксіз ұйымдастырылған, бұл көбінесе дәстүрлі оқытудың тиімсіздігінің салдары, сондықтан студенттерді кәсіби дайындау процесінде белгілі жағдайлар кезінде ғылыми–зерттеу мәдениетін қалыптастырудың құрылымды-функционалды моделін қолдану керек деп есептейміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бабанский Ю.К. Проблема повышения эффективности педагогических исследований. -М.: Педагогика,1982,188с.
2. Носаева И.В. Педагогические условия формирования исследовательской культуры учащихся на начальном этапе образования. //Дисс. на соиск. уч. степ. к.п.н. - Санкт- Петербург, 2001.

**Аубакирова А.А.**

*Магистрант МОПиЭ-12 ПГПУ, г. Павлодар*

**Фаткуллина А.Б.**

*магистрант МОПиЭ-12 ПГПУ, г. Павлодар*

**Саденова А.Ж.**

*магистрант МОПиЭ-12 ПГПУ, г. Павлодар*

**Жамулдинов В.Н.**

*доцент, кафедры социально-гуманитарных дисциплин ПГПУ, г. Павлодар*

## **ОБ ОБЩЕСТВЕННОМ КОНТРОЛЕ ЗА СИСТЕМОЙ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ**

*Мақалада Қазақстандағы білім беру жүйесінің қоғамдағы бақылау мәселелері қарастырылған. Азаматтық қоғамның ата-аналар комитеті мен поэтикалық кеңестері бойынша шынайы субъектілері еске алынды.*

*Жеке мақала ұсынылды, сонымен қоса, талқыланған заңнамалық жобада мұғалімнің дәрежесі бөлім атауларында қалыптасқан*

***Түйін сөздер:** қоғам, поэтикалық кеңес, ата-аналар комитеті, бақылау.*

*В статье затронута проблема общественного контроля за системой образования в Казахстане. Упомянуты реальные субъекты гражданского общества, как родительский комитет/попечительский совет. Предложена отдельная статья и сформулировано название раздела в обсуждаемый проект концепции Закона о статусе педагога.*

***Ключевые слова:** общество, попечительский совет, родительский комитет, контроль.*

*The article shows the problem of public control over the education system in Kazakhstan. Real subjects of civil society are mentioned as the parent Committee / trustee Council. A separate article is proposed and the title of the section in the discussed draft concept of the law on the status of the teacher is formulated.*

***Key words:** society, trustee Council, parents' Committee, control.*

Как известно, в рамках Послания Главы государства народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение дохода и качества жизни» от 5 октября 2018 года: **необходимо «разработать и принять в следующем году Закон «О статусе педагога».** Он должен предусмотреть все стимулы для учителей и работников дошкольных организаций, сократить нагрузку, оградить от непредвиденных проверок и несвойственных функций».[1]

Следует отметить, что закон необходим для кардинального исправления положения педагогов, которое, несмотря на ежегодные улучшения, все еще не способствует притоку и удержанию квалифицированных кадров.

Так заработная плата, молодого специалиста с высшим образованием составляет: в дошкольном образовании 54 тыс. тенге, в среднем – 60 тыс. тенге.[2]

Высока степень феминизации педагогической профессии. К примеру, в среднем образовании Казахстана доля женщин на 10% выше среднего международного значения (80,3% против 69%).[3]

Удовлетворению профессией и удержанию в ней препятствуют сохраняющийся значительный объем несвойственных функций и непредвиденных проверок, недостаточная педагогическая автономия, отсутствие специального режима правовой защиты педагога, вынужденная высокая педагогическая нагрузка для достижения адекватного уровня оплаты ежемесячного труда и связанная с этим чрезмерная психоэмоциональная нагрузка, декларативный характер многих гарантий и льгот.[3]

Заметим, что статус педагога, оказывается, регламентируется: одним Законом, одним Постановлением Правительства и пятью Приказами Министра Образования и Науки. Согласитесь, что ориентироваться в такой обширной нормативно-правовой базе весьма сложно. Мы считаем, что деятельность педагога, который учит всех: и детишек, и будущих министров должна регламентироваться всё-таки Законами страны.

Как и любой субъект образовательной деятельности, школа не может оставаться вне поля зрения гражданского общества. Вкратце мы бы хотели упомянуть о некоторых формах общественности, которые взаимодействуют со средними образовательными учреждениями.

Так Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 27 июля 2017 года № 355 объявлено «Об утверждении Типовых правил организации работы Попечительского совета и порядок его избрания в организациях образования».[4]

Уполномоченный орган соответствующей отрасли или местный исполнительный орган в области образования размещает объявление о формировании Попечительского совета и приеме предложений по его составу на собственном Интернет-ресурсе и/или в периодическом печатном издании, распространяемом на территории соответствующей административно-территориальной единицы на государственном и русском языках.

Состав Попечительского совета формируется на основе полученных предложений с письменного согласия кандидатов в члены Попечительского совета и утверждается уполномоченным органом соответствующей отрасли или местным исполнительным органом в области образования в течение трех рабочих дней после окончания приема предложений.[4]

Коротко отметим цели и задачи, указанного субъекта общественности:

- осуществляет общественный контроль за соблюдением прав обучающихся и воспитанников организации образования, а также за расходованием благотворительной помощи, поступающих на счет образовательных учреждений;

- вырабатывает предложения о внесении изменений и/или дополнений в устав организации образования;

- вырабатывает рекомендации по приоритетным направлениям развития организации образования;

- вырабатывает предложения по совершенствованию мер по вопросам устройства детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей в семьи казахстанских граждан;

- участвует в распределении финансовых средств, поступивших в организацию образования в виде благотворительной помощи и принимает решение о его целевом расходовании;

- вырабатывает предложения при формировании бюджета организации образования;

- вносит предложения уполномоченному органу соответствующей отрасли или местному исполнительному органу в области образования об устранении выявленных Попечительским советом недостатков в работе организации образования;

- заслушивает отчеты руководителя организации образования о деятельности организации образования, в том числе о качественном предоставлении образовательных услуг, об использовании благотворительной помощи и принимаемых мерах по устройству детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей в семьи казахстанских граждан;

- согласовывает кандидатуру на должность руководителя организации среднего образования;

- участвует в конференциях, совещаниях, семинарах по вопросам деятельности организаций образования;

- знакомится с деятельностью организации образования, условиями предоставленными обучающимся и воспитанникам организации образования, проводят с ними беседу в присутствии психолога организации образования.[4] Мы считаем, что попечительский совет это на сегодняшний день полноправный субъект общественного контроля. Продолжая свою мысль и для более полного понимания затронутой проблемы – общественного контроля за системой образования - обратимся к Закону Республики Казахстан «Об образовании» [5], в котором предусмотрено «участие родителей» в работе образовательных учреждений через родительские комитеты (тоже субъекты общественности), однако отметим, что правовой статус упомянутых родительских комитетов/попечительских советов, порядок их деятельности, к сожалению, в вышеуказанном законе не регламентирован. Как мы понимаем, о данном субъекте родительской общественности есть лишь только косвенное упоминание.

На сегодняшний день в Казахстане уделяется огромное внимание антикоррупционному воспитанию. Проблемы поборов со стороны родительского комитета затрагивались и в ходе дискуссии на научно-практической конференции на тему: «Антикоррупционные инструменты в сфере образования: имплементация и особенности национального законодательства», прошедшей 10 октября, 2018 года на базе Павлодарского Государственного Университета имени С. Торайгырова.

Анализируя различные мнения, а также зарубежный опыт, можно сделать выводы о том, что родительские комитеты/попечительские советы за рубежом используют денежные средства только на

нужды обучающихся, но никак не на ремонт школы, канцелярские предметы, на подарки в честь дней рождений учителей, руководства школы и прочих праздников, накрытие столов проверяющих и т.п. [7, с. 432]

Поэтому в целях искоренения негативных моментов деятельности родительского комитета/попечительского совета предлагаем строго регламентировать только вопросами учебно-воспитательного процесса. Сформулировать и внести в разрабатываемый Закон о статусе педагога отдельный раздел: **Общественный контроль в сфере образования и науки** [6] родительский комитет/попечительский совет в учебных заведениях, его права и обязанности, цели и задачи, а также предусмотреть уголовную и административную ответственность за коррупционное правонарушение (поборы, подарки и т.п.).

#### Список использованной литературы:

1. [http://www.edu.gov.kz/ru/deyatelnost/detail.php?ELEMENT\\_ID=3195&sphrase\\_id=980472](http://www.edu.gov.kz/ru/deyatelnost/detail.php?ELEMENT_ID=3195&sphrase_id=980472). Закон Республики Казахстан «Об образовании»
2. Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года № 1193 «О системе оплаты труда гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий»
3. Концепция проекта Закона Республики Казахстан «О статусе педагога» (Дата обращения 29.11.2018 г.)
4. [http://www.edu.gov.kz/ru/dokumenti/detail.php?ELEMENT\\_ID=2512&sphrase\\_id=98061](http://www.edu.gov.kz/ru/dokumenti/detail.php?ELEMENT_ID=2512&sphrase_id=98061)
5. Закон Республики Казахстан «Об образовании»
6. Концепция проекта Закона Республики Казахстан «О статусе педагога» (Дата обращения 29.11.2018 г.)
7. Родительский комитет, как субъект учебно-воспитательного процесса в школе/ Жамудинов В.Н., Аубакирова А.А., Фаткуллина А.Б., Саденова А.Ж./ Материалы международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы естественнонаучного знания» посвященной 90-летию открытия памятника природы «Гусиный перелёт». Конференции – ПГПУ, 2018. – 534с. – казакша, орысша, ағылшынша.

**Ахметова Д.М.**

*5M011400 тарих мамандығының магистранты 1 курс, Қазақ гуманитарлық заң университеті*

### **ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ҮРДІСТЕР**

*Мақалада тәуелсіздік алғаннан кейінгі 10 жылдық кезеңіндегі елдің мәдени жағынан дамуы түсіндіріледі, мәдени үрдістер-бұқаралық сананы өзгерту, ұлттық дәстүрді қайта жаңғырту міндеттері қарастырылады. Нақты шараларға, бағдарламаларға шолу ұсынылған. ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілген Абайдың туғанына 150 жылдығына арналған мерейтой, Ж.Жабаевтың туғанына 150 жылдық мерейтойы, Қ.Сәтбаевтың 100 жылдығын өткізуге байланысты мерейтой, Ұлттық Қазақ Құрылтайы, Білім реформасы толығымен баяндалған. Сонымен қатар Қ.Р Президенті Н.Назарбаевтың нақты қызметтері қарастырылған.*

**Түйін сөздер:** *тәуелсіздік, мәдениет, тарихи сана, бағдарлама, шешім, мерейтой, ЮНЕСКО*

*В статье рассказывается о культурном развитии страны в течение десяти лет после обретения независимости, рассматриваются вопросы культурных тенденций - массового исторического сознания, возрождения национальных традиций. Представлены обзор конкретных мероприятий, программы, в рамках ЮНЕСКО отмечают юбилей посвященный 150-летию со дня рождения Абая, 150-летию со дня рождения великого казахского поэта Жамбыла Жабаева, 100-летний юбилей Сатпаева, а также изложено реформа Образования. Предусмотрены все усилия и работы Н. Назарбаева.*

**Ключевые слова:** *независимость, культура, историческое сознания, программа, решение, юбилей, ЮНЕСКО*

*The article tells about the cultural development of the country for ten years after independence, are options to considered the issue of cultural trends, mass historical consciousness, the revival of national traditions. Presents an overview of specific event programme in the framework of the UNESCO celebrate the anniversary of the 150th anniversary of the birth of Abai, the 150th anniversary of the birthday of the great Kazakh poet Zhambyl Zhabayev, the 100-year anniversary of Satpayev and Education reform stated. All work stress Predusmotreny I. N. Nazarbayev.*

**Keywords:** *independence, culture, historical consciousness, program, solution, anniversary, UNESCO*

Әрбір халықтың өз мәдени даналығы бары белгілі. Сол мәдени құндылықтарды бүкіл халық болып құрметтеу рухани норма. Қазақ халқының мәдениеті – ежелгі заманнан бері байырғы жерінде өмір сүрген қазақ халқынан құралған ұлыстар мен тайпалардың материалдық мәдениеті мен рухани мәдениетінің заңды жалғасы және жаңа заманға сай дамып қалыптасқан түрі болды.

Сонау патша үкіметінен бастап жоғалтып алған тарихи құндылықтарымызды қайта жаңғырту барысында 1991-2000 жылдар ерекше өзгерістер әкелген жылдар. Саяси тұрғыда жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу жылы болса, мәдени тұрғыда халқымыздың ата-салты, ежелгі дәстүрінің, ұлы тұлғаларының еңбектерінің жаңғыру жылы десек артық емес.

Тәуелсізлік-халқымыздың ұлттық дүниетаным ерекшелігін, рухани мәдениетімізді әлемге танытуға қайта мүмкіндік берді. 1991 жылдан бастап тәуелсіздігімізді алғаннан бері ел есенгіреді, дегенмен аяққа тік тұру мақсат болды. Мемлекетті саяси-әлеуметтік бағытта дамыту басталды. Тек осы бағытта ғана емес әлеуметтік-мәдени тұрғыдан дамыту. Иә, ол үшін бұқаралық сананы өзгерту, ұлттық дәстүрлерді қайта жаңғырту, тарихи сананы егенмендік жағдайында жаңаша қалыптастыру анық шаруа еді. Тәуелсіздік алғаннан кейін бәрін бірдей істеу мүмкін емес.

Мәдениетті дамытпай, әлеуметтік міндеттерді шешу мүмкін емес. Осыған орай ҚР Президенті Н.Назарбаевтың жоспары айқын, қадамы нық болды. Әрбір алғашқы онжылдықтарды сатылап дамытуды көздеді. Әр жылдарға атау берілді. 1992 жылғы «Қазақстан тарихын оқыту тұжырымдамасы» мен 1995 жылғы «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасынан» басталады, одан кейінгі жыл атаулары, мысалы тәуелсіздік жылнамасындағы 1997 жыл – «Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы», 1998 жыл – «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999 жыл- Н.Назарбаевтың « Тарих толқынында» кітабы шыққан жыл, 2000 жыл «Мәдениет жылы» болып белгіленді.

«Бүгінгі күн – ерекше күн. Орта толды деген осы. Дәл осынау сәтте өзін қазақпын деп сезінетін әрбір адам жүрегі лүпілдеп, атамекеніне, тәуелсіз Қазақстанның астанасы Алматыға көз тігуде. Өйткені мұнда дүниежүзінің түкпір-түкпіріндегі ісі қазақ атаулының өкілдері тұңғыш рет бастарын қосып, алқалы жиын, салтанатты мәжіліс – Құрылтайға жиналып отыр. Күні кеше ғана мұндай болады деген ой көбіміздің қиялымызға кірмеген шығар. Енді, міне, аңсаған арманның тағы біріне

қол жеткіздік. Сан ғасырға созылған отаршылдықтың бұғауынан босанып, таяуда ғана тәуелсіздік алса да, қысқа мерзім ішінде бүкіл айдай әлем түгел мойындап, абыройы асып үлгірген Қазақстан жұртшылығы сіздерді, ардақты ағайын, туған жерде құшақ жая қарсы алып жатқанын өздеріңіз көріп отырсыздар. Мен Республика Президенті ретінде бәріңізді Дүниежүзі қазақтары Құрылтайының салтанатты ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға: «Туған жерге қош келдіңіздер!» - деймін», – деп ыстық ықыласын білдірген болатын Н.Назарбаев. [1.114 б] Қазақ Елінің Тәуелсіздік алғаннан бергі тарихында жаңа бет ашқан бұл құрылтайда және одан кейін де шетелде тұратын қазақтар үшін қабылданған арнайы заңдар өз күшіне енді. Сол арқылы әлемнің 40-қа жуық елінде өмір сүріп жатқан диаспоралар Қазақстанға ағылды. Қауымдастықтың негізгі мақсаты әуелден-ақ, республикадан тысқары, шетелдерде жүрген қазақ диаспорасымен жан-жақты байланыс орнату, мәдени және білім беру мәселелері жөнінен жәрдемдесу болды. Сондай-ақ, қауымдастық тарихи отанына көшіп келген оралмандарға әлеуметтік қамқорлық жасап, қайырымдылық шараларын ұйымдастырды. Қазақтардың Дүниежүзілік құрылтайы — Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының ең жоғарғы органы. Дүние Жүзі Қазақтарының Құрылтайы — Алматы қаласында 1992 жылы 28 қыркүйек пен 4 қазан аралығында дүние жүзі қазақтары өкілдерінің қатысуымен өткен құрылтай. Құрылтай қарсаңында қазақ ұлтының саны 10 млн. 537 мыңға жеткен. Дүние Жүзі Қазақтарының Құрылтайына ТМД елдерінен 350 адам және көптеген шет елдерден делегаттар қатынасты. Түркиядан Дәлелхан Жаналтай, Қазақстаннан Мырзатай Жолдасбек қатарлы қайраткерлер Төралқа мүшелері ретінде бекітіліп, суретші Бейсен Серікбай Құрылтай таңбасының авторы болды. Құрылтай жұмысын 200-ден астам журналистер, 50-ден аса телерадиокомпаниялар насихаттауға ат салысты. Дүние Жүзі Қазақтарының Құрылтайына қатысушылар Қазақстан халқына және дүние жүзінің басқа да халықтарына, мемлекеттеріне, олардың үкіметтеріне Үндеу қабылдады. [3.1996. – 25 қазан] Құрылтай күндері “Қазақтар: кеше, бүгін және ертең” деген тақырыпта ғылыми конференция болып өтті. Қазақ халқының тағдыры, ата-баба мұрасы, тілі, бүкіл дүние жүзіндегі қазақтарды біртұтас ұлттық мемлекетіне біріктірудің құқықтық негіздері, т.б. мәселелер жөнінде баяндамалар тыңдалды. Бұл орталыққа ұлт өмірін жан-жақты зерттеп, қазақтардың әлеуметтік-экономика, мәдени, рухани тыныс-тіршілігіндегі мәселелерді шешу міндеттері жүктелді. Құрылтай шет елде жүрген қазақтарға олардың артында арқа сүйер іргелі елі барын танытты.[2.189б]

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында іске асқан осы жылдардың атауларының өзі еліміздің тарихи санасын қалыптастыруға үлкен септігін тигізді. Оған әртүрлі жанрда шыққан деректі фильмдер мен тарихи киноларды, сахналанған көрсетілімдер мен тарихи-танымдық телерадио бағдарламаларын қосыңыз. Өз нәтижесін берген осындай іс-шаралар, әрине, еліміздің мәдени бейнесін қалыптастырды.[5.125б]

Кең ауқымды және жүйелі жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстардың нәтижесінде тоталитарлық жүйе кезеңінде халықтың санасынан күштеп өшірілген жүздеген тарихи тұлғалардың – мемлекет пен қоғам қайраткерлерінің, елі мен жерін шетелдік басқыншылардан қорғағн батырлардың есімдері халқына қайтарылды. Олардың өнегелі өмір жолдары жас ұрпаққа ұсынылды.

Тәуелсіз Қазақстанның ғылыми тарихын негізі қалана бастады. 1995 жылы Республика Үкіметі Қазақстан Республикасында «Тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасын» мақұлдады. Онда отандық тарих ғылымын дамыту басымдылықтары айқындалды. Ұлттық Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының, Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының ғалымдары жоғары оқу орындарындағы әріптестерімен бірлесе отырып, Қазақстан тарихының көптоптық академиялық тарихын жазуды қолға алды. Қазақстан тарихының ағылшын тіліндегі біртөмдігі жарық көрді. 1998 жылдан бастап ұлттық ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты «Отан тарихы» атты жаңа журнал шығара бастады. Тарихқа жаңа көзқарас қалыптастыруға «Қазақ тарихы»,әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Хабаршы»(тарих сериясы) журналдары айтарлықтай үлес қосты. Ұлттық Ғылым академиясының толық мүшесі Н.Назарбаевтың 1998 жылы жарық көрген «Тарих толқынында» атты кітабы ұлт пен мемлекеттің өткені мен келешегіне жалпы азаматтық құндылықтар негізінде жаңа көзқарастар қалыптастыру ісіне қосылған қомақты үлес деп бағаланды.

Елімізде рухани өмір өзгерістері басталды. XX ғасырдың соңындағы еліміздің рухани және мәдени өмірінде Абай мен Жамбылдың 150 жылдық, М.Әуезовпен Қ.Сәтпаевтың 100 жылдық

мерейтойлары ЮНЕСКО-ның қолдауымен дүниежүзілік ауқымда аталып өтуі айтарлықтай оқиғалар еді.

1995 жылы өткізілген қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, гуманист Абайдың мерейтойы бүкілхалықтық мерекеге айналды. Осы мерекенің қарсаңында барлық іс-шаралар Абай шыңы деген лозунгпен шахмат турнирларына ұласып, 7-12 тамыз аралығында Алматы және Семей қалаларында жалғасын тапты. Тәуелсіздік алғаннан бергі ең көлемді іс-шара. 25 елден делегация өкілдері келді, олардың басым көпшілігі ел басшылары мен премьер-министрлері. Абайдың туған жері Семей қаласы Жидебайда «Абай-Шәкәрім» Мемлекеттік тарихи мәдени мемориалдық комплекс бой көтерді. Өзге елдерде Қырғыстанда, Ресейде; Түркияда, Қытай, Франция және Украина мемлекеттерінде мерекелік іс-шаралар өтті. Мемориалдық комплекстің архитекторы Бек Ибраев.(6.176) Мемориалдық комплекстің негізгі салыну концепциясы ғарыштық таным кеңістігінің шексіз еркіндігін сипаттайды. Мемориалды комплексінде құран оқу залынан бастап конферен-зал, кинозалдар бәрі қарастырылған ерекше ескерткіш. [6.336]

Алматы қаласында 1-9 тамыз аралығында салтанатты мәжіліс өтті. Мәжілісте атақты жазушы Шыңғыс Айтматов, Түркия мемлекетінің ғалымы Намик Кемаль Зайбек, Қытай Халық Республикасының қоғамдық ғылым орталығының президенті Х.Чинь мырза, Француз Абайтанушы профессор А.Фишлер және т.б атақты адамдар қатысты. 10 тамыз күні салтанатты іс-шара Абайдың туған жерінде жалғасын тапты. Облыстық музыка драма театрында мерекелік кеш өтті. Оған ЮНЕСКО бас хатшысы Федерико Майор және ҚР президенті Н.Назарбаев қатысты. 11 тамызда «Абай-Шәкәрім» мемориалдық комплексінің ашылу салтанатымен жабылды.[6.71 б]

**Жүз жыл жырлаған жүрек!** 1996 жыл Жамбыл жылы болып белгіленді. Жамбыл жылында Жамбыл бабамыздың 150 жылдық мерейтойы кең көлемде атап өтілді. Жамбыл ауданында өткен бұл той ЮНЕСКО деңгейінде атап өтілді. Жамбыл шығармашылығына жаңаша баға беріліп, Ұлы жыраудың абыройы бұрынғыдан да асқақтай түсті.

Оған арналған мемлекеттік іс-шаралар Алматыда және басқа қалаларда, ақынның туған ауылы Ұзынағашта өтті. Мерейтойға арналған республикалық ақындар айтысы болды. Алматы қаласында ақынға ескерткіш орнатылды, деректі және көркем фильмдер түсірілді. «Жамбыл жырлары – отаншылдыққа, бірлікке үндеудің асқақ үлгісі. Ол бүгін Елбасымыз айтқан Мәңгілік ел идеясымен жалғасып жатыр. Мәңгілік ел – қазақ елі барда Жамбыл жасай береді, асқақтай береді», - дейді жазушы Нағышыбек Қапалбекұлы. Ақын жырлары әлемнің 40-тан астам шетел тіліне аударылды. Жамбылдың ұлылығын ұран етіп, құндылықтарын дәріптеу – ұрпақ парызы.

1997 жылы қазақ әдебиетінің классигі, қоғам қайраткері, Қазақстан ғылым академиясының ірге тасын қалаушылардың бірі академик, филология ғылымының докторы, профессор, аудармашы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың туғанына 100 жылдық мерейтойы дүниежүзілік деңгейде атап өтілді. Алматы, Париж, Мәскеу, Санкт-Петербург, Семей қалаларында зиялы қауым М.Әуезовтың дүниежүзілік әдебиет пен мәдениеттің дамуына қосқан үлесіне жоғары баға берілді. Сол кездегі еліміздің астанасы Алматыда, Орта Азия республикалары мен Ресейдің білім, ғылым ордаларында М.Әуезовтың шығармашылық және ғылыми мұраларына арналған ғылыми теориялық конференциялар, симпозиумдар, оқулар өтті. [7.3256]

М.Әуезовтың 50 томдық шығармалар жинағы шыға бастады. «Әуезов үйі» ғылыми мәдени орталығының ғимаратына жаңа залдар қосылды. «Мұхтар Әуезов әлемі» атты жинақпен жазушы туралы естелік кітап жарық көрді. Мұхтар әуезовтың аса бай мұрасын әр қырынан саралаған ғалымдардың зерттеу еңбектері оқырмандар қолына тиді.

Жазушының туғанына әр онжылдық сайын мемлекеттік деңгейде іс-шаралар өткізіліп тұрады.

1999 жылы республикамыздың рухани өмірін байыта түскен оқиға – ЮНЕСКО-ның шешімімен дүниежүзі бойынша атап өтілген Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және оның бірінші президенті, әлемдік деңгейдегі ғұлама ғалым «Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімін мәңгі сақтау туралы» арнайы қаулы қабылданды. Бұл қаулыда Қ.Сәтбаевтың 100 жылдығын өткізуге байланысты кең көлемді, терең мағыналы шаралар белгіленді. 1998 жылдың 25 қарашасында Павлодар қаласында Қ.Сәтбаевтың 100 жылдығына дайындықтық барысы жөнінде мәжіліс өтті. Онда Н.Назарбаев Қ.Сәтбаевтың Абай, Шоқан, Мұхтар тәрізді халқымыздың рухани өміріндегі ұлы құбылыс екендігін айтып, оның мерейтойын жоғары танымдық деңгейде өткізу қажеттігін ескертті.

«Сәтбаев сабақтары», «Қ.И.Сәтбаев және қазіргі заман» атты ғылыми бас қосулар, студенттер мен жоғарғы сынып оқушылары арасында ғылыми пікірталастар ұйымдастырылды. Алматыда,

Жезқазғанда, Павлодарда, Астанада, Семейде ғылыми танымдық маңызы үлкен теориялық және практикалық конференциялар өтті. 1999 жылғы сәуірдік 13 мен 23 аралығында ЮНЕСКО-ның Париждегі Штаб-пәтерінде Қ.И.Сәтбаевқа арналған «Қазақстан ғылымы-кешегіден бүгінге» деген тақырыпта көрме ұйымдастырылды.

Осы жылы Қ.Сәтбаевтың шығармалар жинағы жиналды. Медеу Сәрсекенің «Қазақтық Қанышы» романы, «Сәтбаев әлемі» атты жинақ жарияланды. Алматы, Жезқазған қалаларында Қ.И.Сәтбаевқа еңселі ескерткіштер қойылды. Ғалымдың Баянауылдағы, Жезқазған мен Қарсақбайдағы мұражайлары қайта жөндеуден өтті. (8.2656)

Еліміздің ұлы перзенттерінің осындай мерейтойлары бүкіл дүниежүзілік деңгейде және шын мәнісінде интернационалдық мерекелер болды. Қоғамның мәдени дамуына зор әсер етті.

1991 жылдары егемендік алғаннан бастап елдегі экономикалық дағдарыстан Қазақстанның ғылымы мен мәдениеті, білім беру жүйесі ақсады. Республикалық Ғылым академиясы ұлттық мәртебесінен айырылды. Институттар жабылып, жұмыссыздық белең алды. Оған қоса ғылыми-зерттеу жұмыстары тоқтатылды. 1997 жылдан бастап елді мекендерде, қалаларда, мектептер, медициналық мекемелер, мәдениет үйлері, клубтар жабылды. Ақыры, Президент Н.Назарбаевтың 2003 жылғы 24 қазандағы жарлығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылыми академиясы қоғамдық бірлестік болып құрылды. Елде мәдени дағдарыспен бірге халықтың әлеуметтік жағдайы құлдырап, бой көтермеді. 2000 жылға дейін Қазақстан мәдени дағдарысты басынан өткерді.

1991-2000 жылдар аралығы Қазақстан үшін сынамалы кезең болды. Қазақстан мәдениеті мен білім саласындағы даму жолында Қазақстан мен мықты әлемдік держава АҚШ-тың өзара және екіжақты теңдік негізде көрсетіп отырған көмегі зор. Қазіргі таңда Білім жүйесіндегі «Болашақ» бағдарламасы студенттердің шетелде білім алуына үлкен мүмкіндік тудырды. 1992 жылы Н.Назарбаев Германия мемлекетінің канцлері Г.Кольмен екіжақты келісім жасасты. [9.1]

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Құшағымыз бауырларға айқара ашық // Дүниежүзі қазақтар құрылтайы. – Алматы, 1993. – 114 б.
2. Сапаралы Т. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. – Алматы, 1993. – 189 б.
3. Найманбай К. Қазақ диаспорасы және қауымдастық // Егемен Қазақстан. – 1996. – 25 қазан.
4. <https://mybiblioteka.su/10-59921.html> автор: белгісіз
5. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында // Алматы: «Жібек Жолы» баспа үйі, 2010 ж 125б
6. Медеу Сәрсек. Абай тойы // Атамұра: Алматы 1996 ж 176, 336, 716
7. Қазақстан тарихы. Очерктер. Алматы: «Дәуір», 1994. – 325 б.
8. Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы. Алматы: «Алматыкітап», 2007. – 264 б.
9. [http://uskz.org/publ/otkrytye\\_uroki/istorija/kulturnoe\\_stroitelstvo\\_v\\_gody\\_nezavisimosti/14-1-0-412](http://uskz.org/publ/otkrytye_uroki/istorija/kulturnoe_stroitelstvo_v_gody_nezavisimosti/14-1-0-412)

#### ОӘЖ (574)

##### Бекболатқызы Ж.

*магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.*

#### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН КҮШТЕП ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАР

*Мақалада Голощекиннің Қазақстанда ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру саясатындағы зорлық-зомбылықтар мен оның зардаптары жайлы қарастырылады.*

*Түйін сөздер:* ұжымдастыру, шаруашылық, ашаршылық, отырықшыландыру саясаты.

*В статье рассматривается политика Голощечкина в Казахстане по насильственной коллективизации сельского хозяйства и ее последствия.*

*Ключевые слова:* коллективизация, экономика, голод, политика переселения.

*The article discusses the policy of Goloshchekin in Kazakhstan on forced collectivization of agriculture and its consequences.*

*Keywords:* collectivization, economic, famine, resettlement policy.

1928 жылдың қаңтар және ақпан айларында И. Сталиннің Сібірге астық дайындауды жеделдету үшін сапарға шыққаны белгілі. Өзінің осы сапарларында ол сот және прокуратура органдарына РСФСР Қылмысты істер кодексінің 107-бабын пайдаланып, астық жоспарын орындамаған шаруаларды жаппай соттауды ұсынды. Ал, ет дайындау науқандарында ет тапсыруды орындай



алмаған шаруалар "малды қаскүнемдікпен сойып алғаны және алан таражға салғаны үшін" РСФСР ҚК-нің 79-бабының 1-ші тармағымен сотталуға тиіс болды. Егін егу науқанын бүлдіргені үшін, контрреволюциялық үгіт-насихат жүргізгені үшін адамдар Қылмыстық істер кодексінің 58-бабының 7,8,10-тармақтарымен, ал жауапты қызметкерлер қызмет бабын теріс пайдаланғаны үшін 111-тармағымен сотталды.[1,7]

Жаппай ұжымдастыру да жоғарыдан берілетін бұйрықтар мен нұсқаулар арқылы жүргізілді. Қазақстанда жаппай ұжымдастыруды негізінен 1931 жылдың күзінде немесе 1932 жылдың көктемінде аяқтау міндетін қойды. Осылайша тағы да жергілікті ерекшеліктерді ескерместен, жоғарыдан қысым жасау басталды. Шаш ал десе бас алуға дайын тұрған Голощекин ұжымдастыру ісін барынша тездетуге тырысты. Жаппай ұжымдастыру айлықтарын ұйымдастырды. 1932 ж. 1 қаңтарында отырықшы аудандардың көпшілігіндегі ұжымдастыру 60—80 пайызға дейін жеткізілді. Ал көшпелі қазақ ауылдарын ұжымдастыру қарқыны бұдан да тез жүргізілді. Ол көп жағдайда күштеу, қорқыту, жазықсыз жазалау әрекеттері арқылы іске асырылып отырды. Адамдарды қырудың өзі жоспарлы сипат алғаны, оларға тіпті мал есебінде қарағаны байқалып тұр. Бұл Голощекиндік озбырлық пен зорлықтың салдары еді. Ұжымдастыру қарсаңында Қазақстанда 1218 мың шаруа қожалықтары болған еді. Ұжымдастыру аяқталған соң 1933 ж. ортасында оның жартысы ғана, дәлірек айтқанда 628 мыңы ғана қалды, 500-дей шаруашылыққа кеміді. Оның бір бөлігі байлар мен кулактар шаруашылығы ретінде жойылса, көпшілігі күйзеліп, құрыды.[2,2]

Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыруға бағыттау, 1929 жылдың соңында қолданғанда, жаппай ұжымдастырудың біртіндеп күштеп ұжым-дастыруға ұласып кететіні оң кезде ешқандай да саясаткерлер алдын ала болжай алған жоқ. Сондықтан да Тұрардың 1930 жылы қаңтардағы көзқарасын дұрыс түсінуге болады. Осы мәселеге байланысты Орталық Комитеттің берік бағыт ұстанғанын, қарсыласудың нәтиже бермейтіні оң жақсы білді. Сонымен қатар тұрар ұсынысында Қазақстан туралы бәр сөз де айтылған жоқ. "Мал шаруашылығы аудандары" оң көрсетіп отырған аймақтарға Калмыкия, Ойратия, Якутия, Буратия, Киргизия тәрізді көптеген, әлі отырықшыланбаған РСФСР құрамындағы өлкелер жататынын да ұмытпаған жөн.

